

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ



**5-11-СЫНЫПТАРДА ТІЛДІК ЕМЕС ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА
КОГНИТИВТІ-КОММУНИКАТИВТІ ТӘСІЛ НЕГІЗІНДЕ
БИЛИНГВАЛЬДЫ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана, 2025

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2025 жылғы 4 қыркүйектегі №4 хаттама).

5-11-сыныптарда тілдік емес пәндерді оқытуда когнитивті-коммуникативті тәсіл негізінде билингвальды тұлғаны қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – 160 б.

Осы әдістемелік ұсынымдарда негізгі және жоғары сыныптарда тілдік емес пәндерді екітілді оқытудың когнитивті-коммуникативтік тәсілін іске асыру тетіктері ашып көрсетілген. Екітілді оқытуды ұйымдастырудың педагогикалық шарттары Қазақстан Республикасының МЖМБС аясында ескерілді: тілдік емес пәнді оқытуға бөлінген сағат саны, тілдік емес пәнді және екінші тілді бір мезгілде оқыту әдістемелерінің интеграциясы негізінде орта мерзімді жоспарды арнайы жоспарлау, белгілі бір пән үшін екінші тілді оңтайлы таңдау. Тілдік емес пәндерді екітілді оқытудың когнитивті-коммуникативтік тәсілін іске асыру лексика мен грамматика деңгейінде оқу мәтіндерінен алынған, кейін білім алушылардың диалогтік және монологтік сөйлеуінде қолданылатын функционалды-семантикалық оқу бірліктерін пайдалану арқылы тиімді жүзеге асырылады.

Бұл әдістемелік ұсынымдар тілдік емес пән мұғалімдеріне, әдіскерлерге, полилингвизмді дамыту мәселесімен айналысатын зерттеуші-ғалымдарға арналған.

КІРІСПЕ

Қазақстандық мектептер мен жоғары оқу орындарында педагогтер шетел тілінде (B1 деңгейіне мектеп түлкітерін, B2 деңгейіне студенттерді) емін-еркін сөйлеуге барлығын жеткізе алмайтынын бірінші курс студенттерінен алынатын алғашқы мониторинг нәтижелері дәлелдейді және 2-курс студенттерінің ағылшын тілінен тапсырған нәтижелері көрсетеді. 100% білім алушыларға ағылшын тілін игертетін отандық ЖОО арасынан Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар мен әлемдік тілдер университеті, Назарбаев университеті, КИМЭП, ҚБТУ сияқты санаулы университеттерді атап өтуге болады.

Осыған қатысты орта білім саласында шетел тілдерін оқыту жағдайына талдау жасалып, қазақстандық жалпы орта мектептер үшін ең қажетті тиімді технологиялық жол керектігі анықталды. Кірме технологиялар отандық жағдайды толыққанды ескермейтіні сөзсіз. Қазақстандық мектептерде ағылшын тілі мұғалімінің іс-әрекетімен шектелмеуіміз керек. Басқа пәндер мұғалімдері де екі тілде бейіналды және бейіндік пәндерді оқытуға болатынын эксперименттік зерттеулер көрсетті. Нәтижесінде мемлекеттік стандарт мазмұны тілдік емес пәннің толыққанды игеруге бағыттайды (коммуникативтік тәсілмен берілген соң, оқушылар қызу талқылауға түсіп отырады; сонымен қатар, ана тілінде талқыланған материал ағылшын тілінде тағы талқыланады; технология тілдік емес пән мұғалімін негізгі материалды тиімді етіп іріктеуді және сабақта уақытты да тиімді пайдалануды үйретеді; нәтижесінде ағылшын тілінде сөйлеу аясы да кеңейеді).

2005-2008 жылдары Павлодар мектептерінің базасында мұғалімдердің сұрауы бойынша екі тілді емес пәндерді оқытудың когнитивті-коммуникативті технологиясы пайда болды, атап айтқанда, физика бойынша орыс және ағылшын тілдерінде оқытатын 7-сынып үшін (№14 мектеп әкімшілігінің өтініші бойынша), Қазақстан тарихы бойынша орыс және қазақ тілдерінде оқытатын 7-9-сыныптар үшін, қазақ әдебиеті бойынша орыс және қазақ тілінде оқытатын 7-9-сыныптар үшін күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар әзірленді (М. Әуезов атындағы №42 ОМ).

Бұл технология 2012-2014 жылдары Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының базасында орындалған «Орта және жоғары мектеп жүйесіндегі көптілді білім беруді ғылыми-әдістемелік негіздері» гранттық ғылыми жобасы аясында одан әрі дамыды және ғылыми тұрғыдан жүйеленді.

Аталған технологияны көп жылдық апробациялау, сондай-ақ мектеп пен ЖОО оқу процесіне енгізу нәтижелерінің ғылыми сипаттамасы [1,2] ҚР ӘМ авторлық куәлігін алуға мүмкіндік берді (К.Н. Булатбаеваның «Тілдік емес пәндерді екі тілде оқытудың когнитивті-коммуникативтік технологиясы» атты ғылыми шығармасына берген авторлық куәлігі (17.08.2016 ж. №1798 ҚР ӘМ)).

Екітілді оқытудың когнитивті-коммуникативтік технологиясы әдістеменің, лингвистика, психология мен педагогиканың заманауи жетістіктеріне сүйенеді. Оқу материалын іріктеу және оқыту құралдарын іске асыру тетігі мен жүйесі бар. Бұл технологияның қажеттілігі педагогтер мен

білім алушылардың шет тілін нашар білумен қатар, оқу мазмұнын іріктеу, оқыту процесін жоспарлау және жүргізу тиімді әдістемесінің қолданбауынан туындады.

Ең бастысы, пән стандартын игеру мақсатында оқыту тілінде – қазақ немесе орыс тілінде жүргізіледі. Технология мемлекеттік тілді дамыту саясатына қайшы келмейді, керісінше, мемлекеттік және шет тілдерін қатар меңгеруге жәрдемдеседі. Экономикалық жағынан технологияның тағы бір артықшылығы: қосымша сағат қажет емес, өйткені технология оқу сағаттарының белгіленген санына сәйкес болуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқытушы мен білім алушылар оқытудың іс-әрекеттік тәсілі негізінде пәнді оқу барысында шет тілін меңгереді.

Мектептен басталып қолданылған технология болашақта колледж және ЖОО-да когнитивті-коммуникативтік оқыту тұжырымдамасы бойынша тілдік емес мамандарды екі тілде кәсіби даярлауға арналған оқулықтар әзірлеу орта және кәсіби оқытудың бірізділік ұстанымын іске асыруға жол ашады.

Технологияның практикалық маңыздылығы:

1) мектеп, колледж мен жоғары білім беру жүйесіне арналған бейіндік , кейіннен кәсіптік білім беру мазмұнын екі тілде қатар меңгеру бойынша жоспарлы жүйелі жұмыс жүзеге асырылады;

2) екі тілді оқу процесін жоспарлау үшін мектеп педагогтері мен оқытушылардың уақытын едәуір үнемдеу қамтамасыз етіледі;

3) мектеп педагогтері мен оқытушылардың кәсіби шет тілін меңгеру деңгейі артады;

4) білім алушылар (мектеп және колледж оқушылары және ЖОО студенттері) кәсіби қарым-қатынас саласы шеңберінде тілдік мәтіндерді рецептивті деңгейде қабылдайды, кәсіби терминологияны және қалыптасқан лексика-грамматикалық клишелерді игереді, мамандық бойынша шет тілдік ақпараттың мазмұнын толықтырады (репродуктивтік деңгей), қарым-қатынас тақырыбы бойынша өз идеяларын білдіреді және талқыланатын мәселелер шеңберінде шет тілдік кәсіби қарым-қатынасты қолдайды (продуктивтік деңгей); әзірленген екі тілді оқу құралдарында тілдік емес пәндерді функционалдық меңгеру және оқу материалының көлемі шеңберінде шет тілін қатар меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін қадағалау көзделеді [3,4,5].

Ұлттық маңыздылығы: орта білім жүйесінде қалыптасқан көптілділік (әр мектептің қалауы бойынша ана тілімен қатар, бір-екі пән бойынша ағылшын тілінде, тағы бір-екі пән бойынша - орыс тілінде (қазақ тілде оқыту сыныптары үшін) / ал оқыту орыс тілде жүретін сыныптарда – бір-екі-үш пән орыс және қазақ тілінде жүруі мүмкін) әрі қарай кәсіби даярлау кезеңінде жалғасын міндетті түрде табу керектігі, жас мамандар үшін тілдік шектеулік болмайды, әрі қарай кәсіби даму траекториясын шетелдік білім алумен ұштастыра алады.

Қазіргі кезде отандық жағдайға арналып және елдегі жалпыорта білім беретін мектептерде сынақтан өткен технологияны масштабтау жұмыстары жүргізілуі тиіс. Қазақстандық білім жүйесіне толық тарату үшін мектеп педагогтерімен шығармашылық топтар құрылып, нақты пәндер бойынша оқулықтар мен әдістемелік ұсынымдар әзірлеу қажеттігі туындап отыр.

Осы әдістемелік ұсынымдарда қазақстандық қоғамдағы қалыптасқан тілдік жағдайда когнитивті-коммуникативті тәсіл негізінде билингвальды тұлғаны қалыптастыру мүмкіндігі бар екені дәлелденеді және сол мүмкіндік толыққанды қолданылмай жүргені айтылып отыр.

Тілдік емес пәндерді оқытуда мемлекеттік стандарт бойынша бағдарлама сапалы игерілетіні де дәлелденген.

Сонымен қатар, білім алушылар пәндік оқулықтар мәтіндерін екінші тілде жаттанды түрде меңгермейді, сол мәтін негізінде негізгі ойды анықтау, сол идеяны талқылау, әр түрлі дереккөздерден алынған қосымша материалды кесте, диаграмма, сурет түрінде беріп, сипаттау, салыстыру, пікірмен келісу немесе келіспеу, берілген ақпаратты қолдану тетіктерін анықтау, көрсету немесе түсіндіру сияқты қарым-қатынастағы табиғи іс-әрекеттер негізінде өз тілінде, сонан соң екінші тілде қайталайды. Бұл интерактивті әдістер технологиядағы ғылыми негіздемеге сүйеніп отырады. Әр оқыту сатысының өз мазмұны, өз әдіс-тәсілдері, өз тапсырмалар жүйесі және бағалау критерийлері бар екенін ескертеміз.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен өз пәні бойынша нақты педагог немесе жалпы жүйелі түрде қолданамыз деген мектеп ұжымы осы технологияны іске асыра алады.

1 ТІЛДІК ЕМЕС ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІЛІКТІ ДАМУ: ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАТИВТІК ІС-ӘРЕКЕТТІ КІРІКТІРУ

Қазір әлемде жеті мыңнан астам түрлі тіл бар. Халықаралық деңгейде бизнесте, ғылымда және қызметтің басқа салаларында адамдар ағылшын тілін негізгі қарым-қатынас тілі ретінде пайдаланады. Жаһандану дәуірінде Қазақстан білім беру жүйесін жаңғырту бағдарламасын белсенді түрде жүзеге асыруда, оның мақсаты жалпы білім беретін мектептерде үш тілде білім беру жүйесіне көшу стратегиясы қолға алынды.

2015 жылы ҚР БҒМ үштілділікті дамытуға көшу жобасын іске асыру бойынша «2015-2020 жылдарға арналған Үштілділік білім берудің жол картасын» әзірледі [6]

Қазақстан мектептерінде 2014-2015 жылдардан бастап белсенді түрде үштілділікті дамытуға реформалар жүргізіле бастады. Соның бір бағыты – тілдік емес пәндерді екі тілде оқыту мәселесі де қолға алынды. Алдымен мектеп мұғалімдері «Өрлеу» курстарынан өтті. Бірінші кезеңде тілдік емес пәндер мұғалімдері бірнеше мәрте ағылшын тілін оқи бастады. Соның негізінде ағылшын тілінде тілдік емес пәндерді технологиялар арқылы оқыту процесі басталды.

Тілдік емес пәндерді екі тілде оқыту, әсіресе CLIL (Content and Language Integrated Learning) технологиясы контекстінде пән мазмұнын зерттеуді шетел тілін оқытумен біріктіретін кешенді тәсіл ретінде қабылданды. Бұл әдіс әртүрлі елдердің, соның ішінде үш тілде білім беру стратегиясының бір бөлігіне айналып отырған Қазақстанның білім беру жүйесіне белсенді түрде енгізілді.

• «Content and Language Integrated Learning» дегеніміз: пән мазмұны мен тілдік дамыту кіріктіріп оқыту. Content – пән бойынша қажетті мазмұн ды игерту.

• Communication – оқыту үдерісінде екінші тілді ауқымды қолдану.

• Cognition – тақырып аясында ойлау, пікір қалыптастыру, соның негізінде даму қабілетін іске асыру.

• Culture – пәнаралық байланысты түсіну, тақырып аясында мәдениет аспектісін қамту.

Қазақстандағы үштілді білім беру контекстіне ерекше назар аудара отырып, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білім беру жүйесіне кіріктіруге байланысты артықшылықтар мен қиындықтарға назар аударайық.

2015 жылы Білім және ғылым министрлігі ЖОО-да тіл курстарында кредиттік сағаттардың санын көбейту және мұғалімдерді ағылшын тілінде пәндерді оқытуға үйрету бағдарламаларын қолға алды.

Осыған байланысты тілдік білім беруді жетілдіру саясаты жүзеге асырылды. Бұл шаралар мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруға және оқушылардың тілді меңгеру деңгейін көтеруге бағытталды. Сонымен қатар, қостілділік пен көптілділіктің ми құрылымын жақсарту, танымдық қабілеттерін

жақсарту және оқу үлгерімін жақсарту сияқты когнитивтік, тілдік және әлеуметтік артықшылықтарына назар аударылды.

Сонымен қатар, тілдік және мәдени әртүрлілікті, мәдениетаралық құзыреттілік пен тиімді коммуникация стратегияларын ілгерілетуге бағытталған үштілді білім берудің теориялық моделі ұсынылды. Алынған нәтижелер адамдарға кәсіби қызметпен айналысуға, тиімді қарым-қатынас жасауға және әртүрлі мәдениеттерді бағалауға мүмкіндік беретін көптілді білім берудің жаһандық қоғамдастықта маңыздылығы бар екенін айтуға болады.

Зерттеу Қазақстанның үштілділік бағдарламасы елімізде лингвистикалық қолайлы орта қалыптастыру арқылы қоғамның заманауи талаптарына жауап беретін келешекке бағытталған көзқарас деген қорытындыға әкелді.

Әлемдік тәжірибе және CLIL теориялық негіздерінің сипаттамасы. CLIL пәндік материал мен шет тілін қатар меңгеруге бағытталған, бұл студенттердің танымдық және лингвистикалық дағдыларын дамытуға ықпал етеді. CLIL-тің негізгі құрамдас бөліктері мазмұн, коммуникация, таным және мәдениет болып табылады, бұл жан-жақты шет тілінің құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік береді.

Қазақстандық білім беру тәжірибесіне CLIL енгізудің нәтижелеріне тоқталайық. Жалпы білім беретін мектептерді алатын болсақ, CLIL әртүрлі оқу орындарында белсенді түрде қолданылады.

Жаратылыстану ғылымдарын оқытуда CLIL қолдану оқу ортасын жақсартып, оқу уақытын қысқартатынын көрсетті.

Қазіргі кездегі CLIL технологиясы бүкіл әлемде қосымша тілді үйренуге арналған оқу жоспарының жаңа түрі ретінде танымал болуда.

Сабақтардағы CLIL технологиялары сыныптың білім беру ортасын жақсартады, оқу уақытын қысқартады, сонымен қатар оқыту ұғымын кеңірек және тереңдетеді. Барлық артықшылықтарына қарамастан, CLIL кейбір аспектілерде күрделі болуы мүмкін: бұл тақырыптың күрделілігіне, тілді меңгеретін ортаның деңгейіне тиімді әдістемені таңдауға байланысты болады. Қазақстан шындығында CLIL оқыту технологиясын енгізу қаншалықты тиімді жүзеге асырылып жатқаны туралы талдаулар жасалды, сонымен қатар, олқылықтар да көрінді. Соның бірі, тілдік емес пәндер мұғалімдерінің видеосабақтарына экспертиза жасау барысында мұғалімдердің өз пәнін толыққанды оқушыларға жеткізе алмағаны да көрінді (оған кедергі болған – ағылшын тілде сабақ жүргізе алмауы).

Қазақстанның жалпы білім беретін мектептеріне CLIL технологиясын енгізу тәжірибесі туралы 127 мұғалімнің сауалнамасының нәтижелері берілген. Сауалнама Google Forms платформасы негізіндегі Whatsapp және Telegram қосымшалары арқылы мұғалімдерге әлеуметтік желілерде жүргізілді [7]

Бұл жұмыста кейбір респонденттер сабақта CLIL технологиясын қолданудың қиындықтарына сабақта әдісті меңгеруге уақыттың жетіспеушілігін, курстар кезінде тілді дұрыс меңгермегендіктен ағылшын тілінде оқытудың қиындығын, қосымша тілде пәнді меңгеру үшін оқушылардың деңгейінің сәйкессіздігін қосты. CLIL технологиясын қолданудың пайдасы туралы соңғы сұрақ респонденттердің 81,1%-ы CLIL

технологиясын игеру барысында туындайтын осындай қиындықтарға қарамастан оң нәтиже берді.

Сондай-ақ, респонденттердің бестен бір бөлігі (18,9%) сіз бұл технологияны білім беру процесінде қолдану туралы теріс әсер еткеніңізді ескермеңіз. Пән мен тілді интеграцияланған оқыту жағдайында елде CLIL технологиясын енгізуге қатысты жалпы қорытынды ретінде мынаны айтуға болады: мұғалімдерге пән мен тілдің мазмұнын шебер үйлестіруде көрінуі керек интеграцияланған оқытудың негізгі сипаттамаларын іске асыруды қамтамасыз ету өте қиын, яғни, көпжақты фокусты сақтауда, қауіпсіз және байытатын оқу ортасын құруда. CLIL технологиясын табысты енгізу үшін педагогтарды мақсатты түрде даярлау және Қазақстанның жоғары оқу орындарында оқу бағдарламаларын әзірлеу қажет [7].

Жоғары оқу орындарында үздіксіз білім беру жағдайында пәндік-тілді кіріктірілген оқытудың ерекшеліктері зерттеліп, CLIL-ді енгізудің артықшылықтары мен мәселелері көптеген зерттеулерде айқындалуда[3-10]

Бұл CLIL тәсілі көптеген елдердің, соның ішінде Қазақстан Республикасының білім беру саясатында зерттеліп, белсенді түрде енгізілуде, сондықтан Қазақстан Республикасындағы үздіксіз білім беру контекстінде CLIL саясатын тарату ерекшеліктерін (жағымды және жағымсыз жақтарын) айқындауды да көздемеңіз. Аталған еңбектерде шет тілінде пәнді оқытудың шетелдік және отандық лингводидактикасында CLIL анықтамасының қолданылуы, әртүрлі сала мамандарының шет тілінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыратын әртүрлі теориялық және болжамдық модельдер мен CLIL сабақ жоспарларын қолдануы, ҚР үздіксіз білім беру жағдайында CLIL енгізудің негізгі артықшылықтары мен мәселелері, жоғары оқу орындарында және білім беру ұйымдарында пәндік-тілді кіріктірілген оқытуды (CLIL) қолдану нәтижелеріне қысқаша шолу жасалады, соның негізінде отандық технологияның да педагогикалық және әдістемелік шарттары қарастырылады.

Үштілділік пен жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында шет тілінде белсенді сөйлейтін және CLIL әдістемесін қолданатын CLIL маманының кәсіби даярлығын да ескеруіміз қажет. CLIL мұғалімдерінің оқу тілі мен кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда тілдік және әдістемелік дайындығын біріктірудің маңыздылығы айқындалды. Жоғарыда келтірілген қазақстандық жұмыстардың тізімі осы тәсілді біздің елімізде енгізудің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Бұл еңбекте көптілді білім беру жүйесінде пәндік-тілді кіріктірілген оқыту (CLIL) белсенді қолданылатын жаңа парадигма туралы идеяларды қорытып, қазақстандық лингводидактикада туындаған, эксперименттен өтіп, республикалық және шетелдік басылымдарда нәтижелері жарияланған «Тілдік емес пәндерді екі тілде оқытудың когнитивті-коммуникативті технологиясы» (тәжірибеден өтуі 2008 жылдан басталып, ҚР ЗМ-нен алынған авторлық куәлік -2016). CLIL тәсілін енгізудің тұтас көрінісін анықтағанмен, қазақстандық жағдайдың егжей-тегжейін ескеріп және қазіргі лингвистиканың жетістіктерін қолданып жасалған қазақстандық

технология сол CLIL –технологиясын енгізу барысындағы кемшіліктердің алдын ала алатынына көзіміз жетті.

CLIL енгізудің негізгі проблемалары қазақстандық басылымдарда жарияланған. Кемшіліктер нақты зерттеулерге негізделіп шығарылған. Мысалы, көбі CLIL технологияларымен танысып, курстар мен семинарларына қатысса да, толыққанды нәтижеге жете алмағанымызды цифрлар анықтайды. Әлеуметтік сауалнама өткізген ғалымдар 90-пайыздан астам ЖОО және орта білім педагогтері бұл техрологиялармен таныс, бірақ тек қана 1,1 % сауалнамаға қатысқан педагогтер өзінің тәжірибесінде қолданады. Сонымен қатар, ЖОО нақты мақсатталған білім беру бағдарламаларының жоқтығын немесе аз ескерілгенін айта кету керек. Демек, қалыптасқан жағдайды түзету үшін үш тілді білім беруді ресурстық қамтамасыз етудің жалпы стратегиясын анықтап қана қоймай, сонымен қатар жоғары оқу орындары мен колледждердің педагогикалық мамандықтарының білім беру бағдарламаларына Үш тілді оқытудың инновациялық немесе арнайы әдістемелерін, атап айтқанда, CLIL технологияларын оқытуды мақсатты түрде енгізу қажет деп жазады ғалымдар [8]

Бұл мәселе қазіргі қазақстандық білім беру үшін өте өзекті. Қазіргі кездегі мәселелердің бірі – көптілді білім берудің инновациялық технологияларының жоқтығы болса, инновациялық технологиялардың бірі – пәнаралық үйлестіру мен интеграция негізінде тілдерді кіріктіріп оқыту.

Қазіргі білім берудің негізгі бағыттарының бірі көптілді білім беруді ұйымдастырудың тұжырымдамалық-теориялық және ұйымдастыру-әдістемелік аспектілерін дамыту болып табылады. Қазіргі білім беруді жаңғырту жағдайында көптілділікті қалыптастыру басым мақсаттардың бірі болып табылады. Қазақстан Республикасындағы көптілділік – жаһандану дәуірінде азаматтардың кәсіби ұтқырлығы мен бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға ықпал ететін міндетті норма. Екі немесе одан да көп тілді қатар оқу төмендегі даму процестеріне ықпал етеді:

- оқу, жазу, сөйлеу және тыңдау бойынша функционалдық сауаттылықтың жоғары деңгейін дамыту;

- ана тілін меңгеру деңгейін арттыру;

- мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту;

- академиялық табыс – көп тілді меңгеру студенттердің тілдік емес пәндердегі жетістіктерін жақсартады;

- когнитивтік және метакогнитивтік ойлау қабілеттерін дамыту: талдау және синтез, интеграция, салыстыру, түсіндіру.

Жалпы білім беру ұйымдарында көптілділікті енгізу көпұлтты және көпмәдениетті ортада белсенді өмір сүруге қабілетті, басқа мәдениеттерді түсіну және құрметтеу сезімі дамыған, әртүрлі ұлттар өкілдерімен бейбітшілік пен келісімде өмір сүруге қабілетті, көпмәдениетті тұлғаны қалыптастырудың негізі болып табылады. Тілдерді білу арқылы адам дүниежүзілік тарихқа тікелей қатысы бар екенін сезініп, сонымен бірге өзінің ұлттық мәдени-тарихи ерекшелігін терең түсіне алады.

Көптілді білім беру – оқушыны оқыту, тәрбиелеу және дамытудың өзіндік ерекшеліктері бар мақсатты, ұйымдасқан және үштұтас процесі. Көптілді білім берудің негізгі мақсаты – мәдениетаралық көптілді қарым-қатынасқа дайын және қабілетті тілдік тұлғаны қалыптастыру, ол жай ғана басқа (шетел) тілдерді оқытуды емес, шынайы мәдениетаралық ортаға енуді, өзара түсіністікке, келісімге, қызығушылық пен әртүрлі мәдениеттерге деген достық қарым-қатынасқа негізделген диалогты, мәдениеттер диалогын жүргізуді көздейді.

Қазіргі көпмәдениетті әлемде қарым-қатынас философиясы ретінде түсінілетін мәдениетаралық диалог ұғымы дәстүрлі «шет тілдерін оқытудан» түбегейлі ерекшеленеді. Мәдениетаралық диалогты жүргізуге қабілетті адам тек тілдік сауатты ғана емес, сонымен бірге, ең алдымен, мәдени, адамгершілік, рухани болуы керек. Осыған сүйене отырып, әртүрлі тілдерде оқу мен оқытуға деген мотивация айтарлықтай жоғары. Бұл аспектіде лингвистикалық емес, көптілді тұлғаны – үш тілді меңгерген, қызметтің әртүрлі саласында табысты диалог жүргізе алатын, өз халқының мәдениетін бағалайтын, басқа халықтардың мәдениетін түсінетін және құрметтейтін Қазақстан азаматын қалыптастыру туралы айтуға болады. Ең алдымен, CLIL-технологиялардың жағымды жақтарына тоқталатын болсақ, олар – студенттер мен мектеп оқушылары үшін бұл тілдік құзыреттіліктер мен халықаралық коммуникациялар; болашақ академиялық ұтқырлық және қос дипломдық білім беру бағдарламаларының мүмкіндіктері; аккредиттелген жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту; еңбек нарығында тануды қамтамасыз ететін халықаралық белгілерді алу; трансұлттық және ұлттық компанияларда жұмысқа орналасу және мансаптық өсу үшін кең мүмкіндіктер. Сонымен, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін халықаралық қатынас құралы ретінде, ағылшын тілін халықаралық ақпараттық-білім беру ортасына интеграциялау құралы ретінде білу қазіргі уақытта объективті қажеттілік болып табылады.

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі де көптілді білім беруді енгізу бойынша жүйелі жұмыс жүргізді: бастауыш сыныптан бастап ағылшын тілін оқытуды енгізуді нормативтік және әдістемелік қамтамасыз ету бойынша кезеңдік жоспар әзірленді, ағылшын тілі мұғалімдеріне бастауыш және негізгі орта мектеп оқушыларымен жұмыс істеу әдістерін үйрету мақсатында семинарлар мен тренингтер ұйымдастырылды, ағылшын тілін оқытудың мемлекеттік стандартына өзгерістер енгізілді және т.б. Аталған шараларды жүзеге асыру үшін көптілді білім берудің теориялық-концептуалды және практикалық деңгейде әдістемесін әзірлеу қажет. Алайда әдістемелік ғылымда көптілді білім беруді дамыту бойынша елеулі еңбектер жоқ, әдістемелік әзірлемелер, ұсыныстар, оқу-әдістемелік құралдар және т.б өте аз. Бұл мәселеге тағы да бірқатарын қосуға болады:

1. Шетел тілін үйренуге қызығушылық пен мотивацияның болмауы. Көбінесе көптілділік тілдерді салыстыру немесе оқыту тілін шет тілімен ауыстыру, оқу материалын шет тіліне аудару дегенді білдіреді, бұл материалды түсінбеуге, оқуға деген қызығушылықтың болмауына, оқушылардың жалығуына, оқу материалын меңгеруде қиындықтардың туындауына әкеледі. Қазақстанда тілдерді үйрену дегеніміз, тілді қарым-қатынас құралы ретінде

меңгеру, сұхбаттасушыны тыңдай білу, қарым-қатынасқа түсу және оны сақтай білуді көздейтін коммуникативтік құзыреттілігін дамыту екенін түсіну қажет.

2. Көптілді білім беру үшін қажетті жағдайлардың болмауы. Шектеулі академиялық сағаттар ішінде көптілді білім беруді жүзеге асыру қиын. Университеттің бірінші курсына тіл үйрену қатар жүруі керек, ана тіліне сүйену принципі басты ұстаным болуы керек. Бұл ретте оқу процесінде тілдік пәндер бойынша үйлестірілген немесе біріктірілген жұмыс бағдарламаларын қолданған жөн.

3. Шет тілін үйрену көптілді сананың дамуына және көпмәдениетті тұлғаның қалыптасуына жетелейтін ойды және оқытылатын тіл әлемін жаңаша жеткізу құралдарын меңгеру екенін түсіну қажет.

4. Көптілді білім берудің білім беру бағдарламалары мен стандарттарының, инновациялық технологияларының болмауы. Көптілді білім беру жағдайындағы инновациялық технологиялар құзыреттілік, коммуникативті-белсенділік, тұлғалық-бағдарлық, әлеуметтік-мәдени және басқа да тәсілдерге негізделуі керек сияқты. Бұл диалогтік оқыту технологиялары, сыни тұрғыдан ойлау, ынтымақтастық, жобалық оқыту және т.б. Дегенмен, біздің ойымызша, бұл технологиялардың барлығының жалпы негізі - пәнаралық интеграция мен үйлестіруге негізделген тілдерді кіріктіріп оқыту технологиясы болуы керек.

Қазіргі уақытта пәнаралық байланыс мәселесі жеткілікті түрде дамыды; күрделі психологиялық-педагогикалық мәселе ретінде зерттеудің әртүрлі аспектілерінде: педагогикада, психологияда және жеке әдістерде қарастырылады. Зерттеушілер пәнаралық байланысты орнатудың артықшылығын атап көрсетеді: білімді өзара пайдалану, қайталауды жою, көзқарастардың тұтас жүйесін қалыптастыру, студенттердің тұрақты танымдық қызығушылықтарын тәрбиелеу және, сайып келгенде, оқу процесінің бүкіл барысын үйлестірілген басқару кезеңінде пәнаралық байланысты орнату ерекше маңызды, өйткені бастауыш білім беру білім берудің кейінгі кезеңдерінде негізгі білімдерді одан әрі дамытудың негізі ретінде пәнаралық интеграция мен үйлестіруді қамтамасыз ететін бірінші кезең болып табылады. Әлеуметтік тапсырысқа сәйкес әртүрлі типтегі оқу орындарындағы тілдік пәндердің өзара байланысы көптілді білім беруді дамыту жүйесіндегі пәнаралық байланыстың негізгі бағыттарының бірі болып табылады, өйткені: тілдік сабақтарда пәнаралық байланысты пайдалану оқушылардың басқа пәндер бойынша сабақтарда алған білім, білік, дағдыларын берудің маңызды шарты және ынталандыруы болып табылады; пәнаралық байланысты дұрыс жүзеге асыру үйренгенді бекітуге және оқылатын материалды жақсы меңгеруге көмектеседі; оқушының пәнаралық байланыстар негізінде алатын білімі қандай да бір пәндік материалды оқып-үйренуден алған білімінен кеңірек және тереңірек; тілдік пәндер циклінде пәнаралық байланысты шебер ұйымдастыру оқушылардың ойлауын, зейінін, есте сақтауын, ауызша және жазбаша сөйлеуін дамытуға ықпал етеді.

XX ғасырдың аяғынан бастап әдістемелік ғылымда оқыту үдерісін интенсификациялаудың ең маңызды шарты ретінде тілді оқытудағы өзара

байланыстардың жан-жақты тұжырымдамасы жасалып, оның теориялық негіздері айқындалып, ұйымдастырушылық-педагогикалық нысандары, принциптері мен бағыттары айқындалып, сипатталған. Алайда мұндай тұжырымдаманы Ресей білім академиясының (РБА) Екітілдік оқыту ғылыми-зерттеу институты ғалымдары қос тілді білімге қатысты жасаған.

Қазіргі уақытта үш тілде білім беруді дамыту мақсатында бұл мәселені пайдалану және одан әрі дамыту қажеттілігі артып отыр.

Алайда, қолда бар мүмкіндіктер мен қолда бар зерттеулерге қарамастан, көптілді білім беру аясында тілдерді өзара байланыстыра оқыту проблемасы бүгінгі күнге дейін педагогикалық баспасөз беттерінде де, тіл мұғалімдерінің тәжірибесінде де тиісті ғылыми тұрғыдан қамтылған жоқ, дегенмен көптілділікті қалыптастырудың негізгі тетігі ретінде тілді кіріктіріп оқытуды оқу үдерісіне енгізу үлкен рөл атқарады. Мұндай бытыраңқы көзқарас тілдік субъектілердің интеграция мен үйлестіру тұрғысынан алатын елеулі мүмкіндіктерін жүзеге асыруға жағдай жасамайды.

Бұдан шығатыны, әртүрлі типтегі оқу орындарында мемлекеттік, орыс тілі және шет тілдері арасындағы пәнаралық байланыс мәселесі арнайы әдістемелік өңдеуді қажет етеді, өйткені бұл пәнаралық байланыс бір-бірімен тығыз байланысты әлеуметтік және дидактикалық пәндер арасындағы белгілі бір байланысты пайдалануға негізделген. Бұл осы пәнаралық байланысты оның әртүрлі аспектілерін: әлеуметтік лингвистикалық, психолингвистикалық, лингводидактикалық аспектілерін анықтауды талап ететін күрделі психологиялық-педагогикалық мәселе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. «Орыс тілі – мемлекеттік тіл – шет тілі» байланысын жан-жақты қамту көптілді білім беруді қалыптастыру үдерісінің тиімді құралы ретінде осы пәндер арасындағы пәнаралық байланысты қарастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, қазіргі қазақстандық білім беру жүйесінің негізгі бағыттарының бірі көптілді білім беруді ұйымдастырудың тұжырымдамалық-теориялық және ұйымдастыру-әдістемелік аспектілерін дамыту болып табылады. Мұндай зерттеулер әлемдік оң тәжірибені талдау, тілді кіріктіріп оқытудың инновациялық технологияларын енгізу, көптілді білім беру мазмұнын дамыту негізінде мүмкін болып отыр.

2016 жылы Content and Language Integrated Learning (CLIL) халықаралық тәжірибесіне сәйкес коммуникативті әдістерді қолдана отырып, ағылшын және ағылшын тіліндегі пәндерді тереңдетіп оқыту бойынша 1500 мұғалім оқытылды. Үш тілде білім беруге кезең-кезеңімен көшу мақсатында Білім және ғылым министрлігі 2017 жылы қазіргі пән мұғалімдерін ағылшын тілін және осы тілде пәнді оқыту әдістемесін оқыту бойынша оқытуды күшейтті. Жалпы, 2017 жылы тілдерді меңгеру деңгейі нөлдік және одан да жоғары жалпы білім беретін жалпы білім беретін мектептердің «Химия», «Физика», «Биология», «Информатика» пәндері бойынша барлығы 12 604 мұғалім тілдік курстар мен біліктілікті арттыру курстарында оқытылды. Олардың 95% «NISH» АҚ, «Өрлеу» БАҰО» АҚ, «USTAZ Professional Learning Centre» ЖШС, Назарбаев Университетінде үздіксіз оқыды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтарымен педагогикалық кадрлардың

біліктілігін арттыруға арналған тілдік және пәндік курстардың 12 білім беру бағдарламасы бекітілді.

2016/2017 оқу жылында 20 жоғары оқу орны ағылшын тілінде толық циклді білім беру бағдарламаларын жүзеге асыра бастады, бұл университеттердің жалпы санының 17,8% құрады.

Екітілді оқытудың маңыздылығы күмән туғызбайды: ЖОО-да жаратылыстану бағытындағы курстармен бірге ағылшын тілін меңгереді, бұл оларға халықаралық емтихандарға жақсы дайындалуға және академиялық ұтқырлықты арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар, жаһандық еңбек нарығына дайындық қамтамасыз етіледі: ғылыми және техникалық салаларда ағылшын тілін меңгеру түлектер үшін мансаптық өсу үшін кең мүмкіндіктер ашады.

CLIL технологиялары, ең алдымен, жаратылыстану цикл пәндері (математика, физика, биология, химия) үшін ұтымды, өйткені оларда таңбалар жүйесі (математика, физика, химия) және арнайы аудармасы (биология) жоқ латын тіліндегі көптеген терминдер қолданылады. Соңғысы мұғалімге қысқа мерзімде тілді меңгеруге және осындай қиын, жауапты, бірақ қазіргі жағдайда қажет тапсырмаға тиісті деңгейде дайындалуға мүмкіндік береді.

Сабақты жоспарлау кезінде SMART мақсаттарының критерийлерін сақтай отырып, пәндік және тілдік мақсаттарды тұжырымдау қажет. Мақсаттар нақты, өлшенетін, қол жеткізуге болатын, өзекті және уақытпен шектелген болуы керек. Бұл технологияның негізгі әдістерінің бірі мәтінмен жұмыс болса да, сөйлеу әрекетінің барлық түрлері сабақта болуы керек. Мәтіндерде мәтінге дейінгі және мәтіннен кейінгі тапсырмалар болуы керек. Мәтіндегі тірек сөздер белгіленеді, оқу стратегиялары қолданылады.

1-кезеңде шешілмеген мәселелер де белгілі қиындықтарды туындырды:

- пәнді де, шет тілін де жетік меңгерген мұғалімдерді даярлау қажеттілігі;

- пәнаралық сәйкестендірілген оқу материалдарын әзірлеу;
- білім беру ортасын қостілді білім беруге бейімдеу.

Жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша қазақстандық мектептерде екітілдік оқыту процесі қажетті деңгейде жүріп кетті деп айтуға болмайды. Белгілі қиындықтардың негізгі типтері:

1) Білікті ұстаздардың қажеттігі, CLIL-ді сәтті енгізу мұғалімдерден шетел тілін жоғары деңгейде меңгеруі және екі тілді оқыту әдістерін білуді талап етеді; мұғалімдердің кәсіби дайындығын мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, оның ішінде CLIL әдістеріне оқыту және тілдік құзыреттілігін арттыру.

2) Арнайы оқу материалдарының жетіспеушілігі: ағылшын тіліндегі оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің жетіспеушілігі оқу процесін қиындатады; қостілді оқу материалдарын әзірлеу: пәндер бағдарламасына бейімделген ағылшын тілінде оқулықтар, жұмыс дәптерлері және интернет ресурстарын жасау.

3) CLIL пәнін оқу бағдарламасына енгізу: CLIL элементтерін болашақ мамандарда қажетті дағдыларды дамыту үшін, әсіресе педагогикалық жоғары оқу орындарында мұғалімдерді даярлау бағдарламаларына енгізу.

2-кезеңде мектеп деңгейінде ағылшын тілін және тілдік емес (информатика, физика, химия, биология, жаратылыстану) пәндерді кіріктіріп оқытуға арналған оқу-әдістемелік құралдар әзірленді. Үш тілді оқытудың Бірыңғай тіл стандартының жобасы әзірленді, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жанындағы Үш тілде білім беру орталығы құрылды, жазғы тілдік мектептер жыл сайын ұйымдастырылып, өткізілуде, 2016 жылдың жаз мезгілінде барлық облыстардағы жазғы тіл мектептерінде 104 601 бала оқытылды, педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру стандартының жобасы әзірленді.

Үш тілде оқыту – бұл жоғары сыныптарда ағылшын тіліне көшу ғана емес. Мемлекеттік тілге басымдық бере отырып, орыс тілін білу деңгейін төмендетпейміз, осыған байланысты Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Қазақстан тарихы» пәнін қазақ тілінде, «Дүниежүзі тарихы» пәнін оқыту тіліне қарамастан барлық мектептер мен колледждерде орыс тілінде оқыту мәселесін бүгінгі күні әлі де пысықтауда.

«NISH» АҚ ағылшын тілінде жаратылыстану циклі бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік жинақтарды әзірледі. Қазіргі таңда «Білім-Инновация» лицейлерінде оқыту үшін «Астана-кітап» баспасынан шыққан оқулықтар пайдаланылуда. Британдық Cambridge University Press, Пирсон Лонгман баспаларынан жаратылыстану пәндері бойынша «Биология», «Физика», «Химия» пәндері бойынша, ағылшын тілінде қосымша құралдар ретінде және оқу-әдістемелік жинақтары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік білім беру стандартына сәйкестендіріліп, сараптамадан өтті.

Зерттеулер және эксперименттер: Халықаралық қазақ-түрік университетінде CLIL әдісін химияны оқытуда қолдану студенттердің тіл және пәндік дағдыларын жетілдіруге көмектесетінін көрсететін педагогикалық зерттеу жүргізілді. Мультимедиялық ресурстар мен терминологиялық жұмыстарды қолдану оқытудың тиімділігін арттырады.

CLIL технологиясына негізделген мультимедиялық ресурстар (аудио жазбалар) білім алушыларға ағылшын тілінде ақпаратты естуге, көруге және қабылдауға, ағылшын тілінде мәтінмен жұмыс істеуге - мәтінді түсінуге және білім алуға көмектесетіні көрсетілді. Бұл пәндік біліммен қатар, оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін арттыруға, оқушылармен дұрыс қарым-қатынас орнатуға, өз ойын ашық айтуға ықпал етті.

Қазақстанда CLIL әдістемесін меңгеруге бағытталған химия мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламалары әзірленді. Бұл курстар 80 академиялық сағатты қамтиды және ағылшын тілін B1-B2 деңгейінде меңгерген мұғалімдерге арналған.

Әдебиетті екі тілде оқыту (билингвалдық оқыту) оқушылардың екі тілде әдеби шығармаларды меңгеруіне мүмкіндік беретін, олардың тілдік және мәдени құзыреттіліктерін дамытуға ықпал ететін тәсіл. Бұл әдіс ана тілінде және шет тілінде әдебиетті оқитындар үшін де, аударма дағдылары мен мәдениетаралық қарым-қатынасты жақсарту үшін де пайдалы болуы мүмкін. Бұл тәсілдің негізгі ерекшеліктері мен артықшылықтарын қарастырайық.

1. Тілдерді таңдау. Ең алдымен, әдебиет оқытылатын екі тілді таңдау керек. Мысалы:

- Білім алушыларға ана тілі мен халықаралық тілдері, мысалы, ағылшын, француз, неміс, т.б.
- Әртүрлі тіл топтарына жататын екі тіл, мысалы, орыс және ағылшын, француз және испан тілдері.

Таңдау оқу мақсаттары мен контекстке байланысты, мысалы, халықаралық мектептерде қос тілді білім беру көбінесе екінші тіл ретінде ағылшын тілін, ал көптілді аймақтарда жергілікті тіл мен шет тілін қамтиды.

2. Оқыту әдістері

Әдебиетті екі тілде оқыту әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануда икемділікті талап етеді. Міне, кейбір стратегиялар:

- Шығармаларды оқу, талдау екі тілде де: бірдей шығармаларды түпнұсқада және аудармада оқуға болады, бұл білім алушыларға аударма мен аударманың нюанстарын түсінуге көмектеседі.
- Салыстырмалы талдау мәтіндер құрастырылған мәдени контексттерді талдай отырып, әртүрлі тілдердегі әдеби шығармалар қарастырылады. Бұл білім алушыларға стильдегі, тілдегі және оқиғаларды қабылдаудағы айырмашылықтарды көруге мүмкіндік береді.
- Аударма және шығармашылық. Әдеби фрагменттерді аударуға арналған тапсырмалар білім алушыларға тілдік және стильдік ерекшеліктермен жұмыс істеуге, аударма дағдыларын жетілдіруге көмектеседі.
- Көптілді талқылаулар. Екі тілдегі шығармаларды талқылау білім алушыларға тілді мәдени контексте қолдануға дағдыландыруға көмектеседі, бұл әдебиетті жақсы түсінуге әкеледі.

3. Екі тілді әдебиетті оқытудың артықшылықтары

- Тіл байлықтарын дамыту. Білім алушылар екі тілде оқу, жазу, тыңдау және сөйлеу дағдыларын дамытады, бұл олардың жалпы тілдік дағдыларын жақсартуға көмектеседі.
- Мәтінді терең түсіну. Шығармаларды екі тілде оқу оларды әртүрлі интерпретацияда көруге және мәтін арқылы мәдениетті қабылдауды жақсартуға мүмкіндік береді.
- Аударма күзиреттілігі. Екі тілде әдебиетті оқитын білім алушылар аударма жұмысымен жиі айналысады, бұл мәдениетаралық қарым-қатынас пен аударма дағдыларын дамытуға көмектеседі.
- Мәдени хабардарлық. Қос тілді білім беру әртүрлі мәдениеттерді терең түсінуге көмектеседі және білім алушыларға әдебиеттің бірегей тарихи және әлеуметтік контексттерді қалай көрсететінін көруге мүмкіндік береді.

4. Әр тілдегі әдеби шығармаларды қамту

Екі тілді сабақта екі тілде жазылған шығармаларды немесе аударылған шығармаларды пайдалануға болады. Мысалы:

- Басқа тілде жазылған шығармаларды параллель аудармамен оқу.
- Мысалы: Шекспир, Гете, Достоевский сияқты ұлы авторлардың шығармаларын түпнұсқада да, аудармада да зерттеу.

Әдебиетті екі тілде оқыту тек әдебиеттен ғана емес, тіл білімі мен мәдениеттен де білімдерін тереңдете отырып, оқушылардың дүниені тануына жаңа көкжиек ашады. Бұл әдіс мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын дамытуға, тілдік дағдыларды жақсартуға және әртүрлі елдердің әдеби дәстүрлерін тереңірек білуге көмектеседі.

Осы аталған екі тілде оқыту артықшылары қазақстандық білім жүйесінде қазақ әдебиетін қазақ тілінде, мағынасын терең түсінуге мектептегі оқу тілін қосумен қатар жүргізу болып отыр.

Әдебиеттік шығарманың терең идеясын толыққанды түсіну үшін мектептегі оқу тілін – орыс/ ұйғыр/ өзбек/ тәжік тілін (орыс тілді мектептердің көбі солтүстік өңірде, ал ұйғыр/ өзбек/ тәжік тілде оқытатын мектептер оңтүстік өңірде) міндетті түрде енгізу мәселесі туындап отыр.

Когнитивті-коммуникативті технологиямен оқытқанда, білім алушылар өздерінің ой-өрісін дамытып, шығарманың үзіндісін дұрыс түсініп қана қазақ тілінде коммуникацияға түсе алатынын эксперимент көрсетті.

Тарих пәнін екі тілде оқыту (қос тілді білім беру) білім алушылардың ой-өрісін кеңейтудің, екі тілде сөйлеу дағдыларын жетілдірудің және әртүрлі мәдени және лингвистикалық көзқарастар арқылы тарихи процестерді терең түсінудің тиімді әдісі болып табылады. Бұл тәсіл әсіресе көптілді және көп мәдениетті аймақтарда, сондай-ақ халықаралық мектептер мен оқу орындарында пайдалы. Тарихты екі тілде оқыту кезінде ескеретін маңызды аспектілер.

1. Оқу үшін тілдерді таңдау

Ең алдымен, оқыту жүргізілетін екі тілді таңдау маңызды. Көп жағдайда бұлар:

- Оқушылардың ана тілі және шет тілі, көбінесе - ағылшын тілі;
- Көптілді аймақтар үшін екі жергілікті тілді немесе ұлттық және халықаралық тілдің тіркесімін таңдауға болады.
- Қазақстан жағдайында мектептің оқыту тілі алынады да, оған мемлекеттік тіл немесе орыс/ағылшын тілі қосылады.

2. Оқыту әдістері

Тарихты екі тілде оқыту әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдануды талап етеді:

- Дереккөздерді оқу және талдау екі тілде де. Бұл білім алушының түпнұсқада да, аудармада да оқуы тиіс тарихи құжаттар, кітаптар, мақалалар мен хроникалар болуы мүмкін.
- Тарихи терминдер мен ұғымдардың аудармасы. Мұғалім екі тілде де негізгі терминдерді енгізіп, олардың мағыналарын талқылай алады, бұл тіл мен мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерін тереңірек түсінуге көмектеседі.
- Салыстырмалы талдау екі тілде. Бұл әртүрлі мәдениеттер мен елдердің бір тарихи оқиғаларды қалай қабылдайтынын көруге көмектеседі.
- Көптілді дискуссиялар мен дебаттар. Тарихи оқиғаларды екі тілде талқылау оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыта отырып, өз ойларын айтып, өз көзқарастарын дәлелдеуге үйренеді.

3. Тарихты екі тілде оқытудың артықшылықтары

- Тіл байлықтарын дамыту: білім алушылар тарихи салада ғана емес, сонымен қатар жаһандану әлемінде ерекше маңызды болып табылатын тілдік қарым-қатынас дағдыларын дамытады.

- Тарихи контекстті терең түсіну: Екі тілдегі дереккөздермен жұмыс істеу білім алушыларға тарихтың әртүрлі елдер мен мәдениеттерде қалай қабылданатынын түсінуге мүмкіндік береді.

- Мәдениетаралық хабардарлық: Мұндай әрекеттер мәдени айырмашылықтарды жақсы түсінуге көмектеседі, өйткені олар тарихты қабылдауда көрінеді.

- Аударма дағдыларын жетілдіру: Екі тілдегі тарихи мәтінмен жұмыс істеу білім алушылардың халықаралық аренада құнды дағды болып табылатын аударма дағдыларын дамытуға көмектеседі.

4. *Тарихи дереккөздерді екі тілде пайдалану*

Тарихты екі тілде оқыту процесінде мыналарды қолдануға болады:

- Тарихи құжаттар (мысалы, келісім-шарттар, хаттар, күнделіктер, актілер) бірнеше тілде бар.

- Кітаптар мен мақалалар оқиғаларды түсіндірудің әртүрлі тәсілдерін салыстыру үшін түпнұсқа тілінде және аудармада.

- Мультимедиялық ресурстар: оқиғаларды түсіндірудегі айырмашылықтарды талқылау үшін екі тілде көруге болатын бейнелер, фильмдер, деректі фильмдер.

Бұл білім алушыларға тек фактілермен ғана емес, сонымен қатар бұл фактілерді әртүрлі тілдер мен мәдениеттер объективтері арқылы қалай қабылдауға болатынын білуге мүмкіндік береді. Тарихты екі тілде оқыту білім алушыларға фактілер мен оқиғаларды біліп қана қоймай, олардың тілдік және мәдениетаралық құзыреттіліктерін дамытуға көмектеседі. Бұл біздің жаһанданған әлемімізде маңызды болып табылатын тарихи процестерді де, мәдени айырмашылықтарды да терең түсінуге ықпал ететін көзқарас.

Тілдік емес пәндерді екі тілде оқыту когнитивті-коммуникативті технология бойынша оқу процесінде танымдық және коммуникативтік іс-әрекетті кіріктіру. Қазақстандық мектептерде тілдік жағдайды ескеру негізінде мемлекеттік стратегияны орындау барысында тілдік емес пәнді оқыту әдістемесін және екінші тілді оқыту әдістемесін интеграциялау негізінде белгілі тақырыпқа бағдарланған мемлекеттік немесе шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған технологияны 2008-2009 оқу жылында пед.ғ.д. Булатбаева К.Н. ұсынған. Технология атауы – тілдік емес пәндерді екі тілде оқытудың когнитивті-коммуникативті технологиясы. Алғашқы эксперименталдық алаң – Павлодар қаласының № 14 ЖББМ-ндегі 7-сыныпта «Физика» пәнін оқыту болды. Кейіннен «Қазақ әдебиетін», «Қазақстан тарихын» орыс тілде оқытатын сыныптарда осы технологиямен оқыта бастады. Бұл технология екі кезеңдік жұмысты талап етеді. Алдымен оқу мақсатындағы оқу материалын когнитивті өңдеу жұмыстары жүргізіледі. Сонан соң лексикалық, грамматикалық, сөйлеу және коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруды кезең-кезеңімен ұйымдастыру жүйесі жасалады.

Аталған технологияға қатысты ұғымдардың мағынасын ашып, сосын технология кезеңдерін сипаттайық.

Лингводидактиканы кәсіби және арнайы деп бөлуге болады. Ғалымдар тілдік емес пәндерді оқыту барысында тілді дамыту мәселелерін қарастыратын саланы кәсіби лингводидактика деп атай бастағасын, оның коррелятивтік ұғымы ретінде арнайы лингводидактика деп тілдік пәндерді оқытатын саланы атауға тура келді.

Сонымен қатар, жүйелілік ұстанымы деген дәстүрлі әдістемелік теорияда тілдік жүйені – фонетика, лексика, сөзжасам, морфология, синтаксис бөлімдерін – туралап концентрмен сыныптарға бөліп беру болып табылатын. Бұл әлі де бағдарламада толық болмаса да, екінші тілді оқытқанда іске асырылуда деп айтуға болады. Сөйлеу тақырыбына жасанды түрде қоса беріліп отырған тіл жүйесінің әрдеңгейлік құралдары дәстүрлі жүйелілік ұстанымының көрінісі деп айтамыз. Ал қазіргі кездегі жүйелілік ұстанымға басқаша сипаттама беріп құзыреттіліктерді қалыптастыру мен дамыту бойынша тілдік, сөйлесу және қарым-қатынастық құзыреттілікті жүйелі түрде қалыптастыру мен дамыту деп екінші мағынасын ұсынып отырмыз.

Функционалдық ұстанымының дәстүрлі түсініктен айырмашылығы бар, мағынасы қазіргі кезде кеңейтілген: тілдік және сөйлеу материалының интеграциясын білдіретін негізгі әдістемелік принцип болып саналады. Семантикалық тұрғыдан алғанда, тақырыптық өрістегі лексикалық, грамматикалық байланыстар ескеріліп, тілдік құралдар мағыналық өріске қызмет етеді.

Тілдік емес пәндер мұғалімдері үшін *лексикалық құзыреттілік* мағынасын толыққанды түсіну мақсатында төмендегі негізгі шарттарды түсіну қажет: тілді оқытудан күтілетін нәтижелердің бірі; сөйлеу тақырыбы шеңберінде сөздік қордың жеткіліктілік дәрежесін анықтау параметрі де ескерілуі тиіс (сабақта қорытынды тексеру кезінде); сонымен қатар сөз бен сөз тіркестерінің дәлдігі және стилистикалық сәйкестігін ескеру; мәтінде синонимдік ауыстырулармен еркін операция жасау; лексикалық үйлесімділік нормаларын сақтау; сөздегі негізгі сөздердің туындыларын қолдану қабілеті; корреляциялық жұпқа/топқа (синонимдік, антонимдік, паронимдік және омонимдық қарым-қатынастар негізінде) түсе алатын лексиканы қолдана білу. Лексиканы қажетті деңгейде қолдану үдерісін ескермегенде, оқушылардың сөз қоры сол оқу мәтінінің шеңберінде қала береді, мәтін оқушының өз сөйлеу туындысына айналмайды. Сондықтан мұғалім әрқашан осы кезеңде бір ойды айту үшін семантикалық қатынастағы әртүрлі тірек сөздерді беруге тырысу керек, оқыту тілінде меңгерілген сөздер екінші тілдік кодқа айналатын болады. Бір ойды білдіруде семантикалық топтамалар қолданғанда, екі тілде де оқушылардың құзыреттілігі арта түседі.

Оқушылар екінші тілде сөйлеу барысында өз тіліндегі лексикалық дағдыларды тасымалдайды. Бірақ екі тілде бірыңғай заңдылықтар болған орайда, белгілі дағдылар оң нәтижесін береді: оқушылар лексикалық транспозиция жасап, тілдерін ұштайды. Бірақ кейбір кезде екінші тілде сөйлеу барысында қателіктер жіберіліп жатады (ана тілінің дағдысының екінші тілдік

дағдыға теріс әсері болуы мүмкін), осындай қателерді лексикалық интерференция деп атайды. Тілдік емес пәндерге бұл құбылыс аса маңызды болмаса да, мұғалім аса мән бермей, сөйлеу барысында назарсыз қалдырмай, дұрыс нұсқасын жағдаятқа қатысты айтып отыру қажет (мысалы, өсімдік өлді (дұрысы - солды); қартайды – ескірді және т.с.с. кездесіп жатады).

Лексика-семантикалық өріс деген ұғым да тілдік емес пән мұғалімінің әдістемелік қолданысына қажет. Ол лексикалық құзыреттілікті қалыптастыру бірлігі болып саналады. Тақырып аясындағы кілтті сөздердің айналасында біріктірілген сөздер мен тұрақты айналымдардың жиынтығы негізінде жаңа материалды талдау жұмысын белсенділендіруге арналады. Парадигматикалық қатынастар, әсіресе, синонимдік пен антонимдік – және синтагматикалық қатынастар (сөздердің бір бірімен тіркесу бірліктері) тақырыптық материалды интерпретациялау жұмыстарына қызмет етеді, соның негізінде нәтижелі диалог пен монолог мәтіндерінің туындауына әсер етеді. Сондықтан, лексика-семантикалық өрісті құрастыру – білім алушылардың ұғымдық аппаратын қалыптастыру және сөздік қорды байыту кезеңіндегі тиімді әдіс.

Әлеуетті сөздік қоры деген ұғымды да ескеру қажет. Ол мағынасы белгілі сөз түбірінің және/немесе мағынасы белгілі суффикстер, сондай-ақ контекст негізінде мағыналарын шығаратын сөздердің жиынтығы; потенциалды лексикамен жұмыс сөздік қорын және сөйлеудің грамматикалық құрылымын байыту сатысында тиімді болып саналады. Білім алушыларға түбір белгілі болғанда, оған қосылған суффикстер және тағы басқа морфемалар (екінші түбір, екінші/үшінші суффикстер) арқылы жаңа сөздерді меңгереді.

Тақырыптық өріс ұғымына да тоқталу қажет: білім алушылардың сөздік қорын байыту бірлігі, сөздер мен сөз тіркестерінің жиынтығы, бір тақырыпқа қатысты және бұл тақырып шеңберінде белсенді болып саналады. Тақырыптық өрісті құру негізгі микротемалар бойынша жүзеге асырылады, оның көлемі тақырыпты ашу үшін қажетті және жеткілікті микротемалар санымен анықталады. Әр микротема (тақырыпша) бойынша сөздік қоры және грамматикалық құрылымдар жиынтығы іріктеледі, мәтін төңірегінде болса да, қосымша синонимдік және мағыналас басқа сөздер тартылуы тиіс. Тақырыптық өрісті құру негізгі микротемалар бойынша жүзеге асырылады, оның көлем тақырыпты ашу үшін қажетті және жеткілікті микротемалар санымен анықталады.

Сөздің парадигматикалық қатынастары білім алушылардың сөздік қорын және сөйлеуінің грамматикалық құрылымын байыту бірлігі деп санауға болады. Сөз парадигмасын құрастыру әдісі - синонимдерді, антонимдерді, паронимдерді таңдауды қамтиды, оқу процесінде аталған бірлікке тұрақты комбинациялар да жатады (тілдік емес пәндер аясында терминдермен қатар, терминдік сөз тіркестері болуы мүмкін).

Сөздердің синтагматикалық қатынастары сөйлеуде сөздік қорын және грамматикалық құрылымын байыту бойынша тағы бір бірлік ретінде қолданылады, ол сөздің тіркесу әлеуетін қамтиды; тіркесу мүмкіндіктердің іске асыру оларды горизонталь бойынша жайылту болып саналады да, жаңа тақырыптық лексикамен жұмыстарды ұйымдастыруға ыңғайлы.

Сөздердің стилистикалық дифференциациясы дегеніміз ресми/бейресми қарым-қатынас жағдайында қолданылатын лексиканы ескеру. Оқу мәтінін интерпретациялау кезінде оқушыларға түсінікті болу үшін қарапайым ауызекі стильде де талқылау қажетті. Бірақ технологияны іске асыру барысында диалогтық қарым-қатынас орнатуды үйрету жұмыстары міндетті түрде жүргізіледі. Сол кезде жағдаятты ресми және биресми форматта беріп отырса және соған қатысты параллельді түрде әдеби және ауызекі стильдегі сөз бен сөз тіркестерін, синтаксистік құрылымдарды ұсынса (тәжірибеде жақсы нәтиже беріп отыр), оқушылардың стилистикалық тілдік талғамы қалыптасатыны күмән туғызбайды.

Сөздердің тақырыптың топтамасы деген ұғымды да оқыту құралы ретінде пайдалану керек. Ол сөйлеуде лексикалық дағдыларды қалыптастыру бірлігі ретінде қабылдану қажет; сөздердің семантикалық топтары бола келе, олар бір тақырыпты ашуға бағытталған. Сөздердің тақырыптың топтамасы бастапқы тақырыпта енгізіледі де, барлық осы тақырыпты оқыту кезеңдерінде тапсырмалар арқылы бекітіледі.

Белсенді тақырыптық лексика - басқа тілде сөйлеуді үйрету бірлігі деп анықтама береміз. Бұл лексика жиілік ұстанымы негізінде оқу мақсаттарын іске асыру үшін іріктелген сөздер жиынтығы. Бұл сөздер көптеген тақырып бойынша алынған мәтіндерден кездесетін лексикалық құралдар болып табылады. Оны бүгінгі күні әр түрлі цифрлық бағдарламамен, әсіресе жасанды интеллект арқылы тез іріктеп алуға болады.

Тілдік емес пәндерді оқытуда мұғалімге пассивті тақырыптық лексиканы тани алуы қажет. Белсенді және пассивті лексиканы ажыратуда сабақ уақытын үнемдеу, осы пассивтегі сөздердің фондық әсерін біліп және тақырып ашуда ең қажетті сөздер болмағандықтан, оларды оқу мен тыңдауда жалпы мәтіннің идеясын ашудағы рөлін біліп, олармен жұмысты үй тапсырмаларына қалтыруға болады.

Антонимдік жұп дегеніміз сөздік қорын байыту және сөйлеуді дамыту бірлігі, антоним сөздер қарама-қарсы семантикамен пайымдау жағдайларында бас тарту мен келіспеушілікті білдіру үшін оқу диалогтарында белсенді қолданылады.

Синонимдік қатар ұғымы да сөздік қорын байыту және сөйлеуді дамыту бірлігі; синоним сөздер сөйлеу тапсырмасымен оқу диалогтарында белсенді қолданылады, мысалы: келісім білдіру, растау және т. б. (білім алушы келісімін басқа сөздермен әңгімелесушіге қайталамай білдіреді).

Тағы бір қажетті оқыту бірлігі – лексикадағы гиперо-гипонимикалық қатынастар («бүтін мен бөліктер»/ жалпы мен жалқы байланыстары) - лексикалық қорды және сөйлеу грамматикалық құрылымын байыту бірлігі; бір жалпы ұғым және оның құрамдас бөліктері бар сөздер тобы; лексикалық-семантикалық типтік қатынастарды құрастыру әдісі сөздер тобы сөздердің номинативті тізімін де, әмбебап лексикаландырылған грамматикалық құрылымдардың бірнеше рет белсендірілуін және де есте сақтауды қамтамасыз етеді (Гүлдер мына түрлерге бөлінеді; Гүлдердің бірнеше түрлері бар; Гүлдер төмендегідей топтасады; *amay1*, *amay2*, *amay3* және т.с.с. гүлдер болып

саналады/ гүлдері өсімдік түріне жатады). Осылай лексика жүйесінің ұйымдастырылуын арнайы емес, сабақтағы жаңа материалды түсіндіре отырып, ескеретін болса, әр түрлі жаттығу арқылы тілдік қорды де байыту, екінші тілдік кодқа да көшу тетігін ашу, ең алдымен тақырыпты егжей-тегжейлеп түсінудің дидактикалық шарттары екенін мойындауымыз қажет.

Сөйлеудегі тілдік құралдардың дұрыс қолданылуы да екінші тілді үйретуде оқыту бірлігі болып саналады. Өйткені, тілдік емес пәнді оқыту барысында мұғалім табиғи сөйлеушілерімен тілдік өзара әрекеттесуге бейімдеуі қажет. Бірақ бұл аспектіні бағалап, қате үшін бағаны түсіріп қажеті жоқ. Мысалы: *Жабдықтың жасы (дұрыс емес)/ қолданылған мерзімі - жабдық өндірілген жылдан өткен жылдар саны. Егер жабдықтың өндірілген жылы белгісіз болса, онда оның жасы(дұрыс емес) қолданылған мерзімі жеткізушіден алынған күннен бастап есептеледі.*

Лексика-синонимдік қатар деген ұғымды екітілдік оқыту процесінде назарға алу керек. Бұл да оқыту материалы бойынша сөйлем ішінде қолданылатын болуы тиіс: бір тапсырма ретінде бергенде нәтижесі оқушының тақырыптық лексикасын толықтыратын әдіс. Тілдің синонимдік құралдары (терминдер мен терминологиялық тіркестер; сөз бен сөз тіркестері) - бір-бірінің семантикалық жақындығына байланысты коммуникацияда алмастыру процесін қамтамасыз етеді. Сөйлеушіге сөз монотондылығының алдын алу мақсатында бір ойды білдіруде әр түрлі лексиканы мағынасына қарай қолдануды үйретуге жарайтын жолдардың бірі.

Тілдік емес пән мұғалімдеріне тағы бір ұғымды негізге алуды ұсынуға болады. Ол алдыңғы берілген лексика-синонимдік қатарға ұқсас, бірақ грамматика-синонимдік қатар деп атап отырмыз. Екінші тілді меңгеруде негіз болатын қажетті грамматикалық дағдылардың бірі болып саналады. Бұл грамматикалық синонимдерді қолдануды оқушылардың әдетіне айналдыру - функционалдық сауаттылықтың бір аспектісін қамтитын тетікті іске асыру. Оқушылардың ойын толыққанды жеткізе алмай тұратын жағдайдың алдын алу – тілдік пәндер мұғалімдерінің ғана ісі болып қалмау керек. Кез келген педагог осы бойынша әр түрлі сөйлемдермен ойды жеткізуге баулу қажет. Тілдік емес пәндердің өрісі – тақырыпқа қатысты мәтіндердің аясында оқушыларды синонимдік конструкциялармен жұмыс істеу тапсырмаларын көбейту керек (бұл бойынша жүйелі түрде әлі әдістемелік басылымдарда қажетті ұсыныстар жоқ деп айтуға болады). Сөйлемдерді жағдаяттармен байланыстыра қолданғанда, оқушыларда стильдік талғам қалыптасады. Оқыту тілінде меңгергеннен кейін, дәл сол синонимдік топтамаларды екінші тілге аударып, екі тілдегі айырмашылықтарды да байқайтын болады. Төмендегі сұрақтар арқылы біз тақырып бойынша кілтті идеяларды әр түрлі тәсілмен жеткізуге үйретеміз: « ... « бойынша не айта аламыз? Оның қандай қасиеттері бар? Оның қызметі неде? Оның маңыздығы неде?». Бұл сұрақтар лексиканы белсендіреді, синонимдік лексикалық және грамматикалық құралдарды меңгеруге жағдай жасайды. Мысалдар:

1) Механика – материалдық денелердің механикалық қозғалысын және өзара әсерлесуін зерттейтін ғылым (Википедиядан алынады).

2) Механика материалдық денелерді қарастырады.

3) Қозғалатын материалдық денелерді механика зерттейді.

4) Механика қозғалатын материалдық денелердің бір-біріне әсерін анықтайды.

5) Материалдық денелер бір-біріне әсер етеді, сол әсерді механика зерттейді. Осы мысал негізінде мәтіндегі қажетті ақпаратты әртүрлі тәсілмен айта біліп, сонымен қатар ана тілде, сонан соң екінші тілде осы ақпаратты басқа тыңдаушыларға жеткізу жолдарын ашып отырмыз.

Келесі тіл дамыту құралы - грамматикалық парадигма. Осы парадигманы есепке ала отыра, негізгі шақтық мағынаны беруге үйрету: Ғылым/ғалым (нені?) қарастырды/зерттеді/сипаттады/салыстырды/белгіледі/анықтады/ашты/ойлап тапты.... Осы сөйлемнің негізін алып (сонымен қатар, оқушылардың сөздік қорын толтыруға етістіктердің лексика-семантикалық тобын береміз), «НЕ ІСТЕДІ — НЕ ІСТЕУДЕ - НЕ ІСТЕЙДІ» парадигмасымен сыныпта әртүрлі интерактивті тапсырмалар арқылы бүкіл мәтіндегі қажетті сөйлем негіздерін іріктеу жұмыстары жүргізіледі. Өз тілінде анықтап алғаннан кейін, екінші тілде сол сөйлем негіздерін жылдам айтуға үйренеді. Сөздер де жадыда бекиді, сонымен қатар, өткен/ осы/ келер шақтардың формаларын дұрыс қолдана бастайды. Бұл жұмыс бір тақырып емес, әр тақырыпта жүргізіліп отыру керек. Сонда оқушылар уақытты үнемдеп, грамматикалық парадигманы көп күш-қуатты кетірмей-ақ меңгереді. Дәл солай тілдік емес пәндердің мұғалімі 1-2-3 жақтағы «мен-сен/сіз-ол/біз-сендер/сіздер-олар» парадигмасын қосып, оқытылып жатқан тақырып шеңберінде мәтіндерден маңызды сөйлемдерді іріктеуге беріп, ойын түрінде осы есімдіктерді етістіктермен байланыстыру қажет. Мәселе есімдікті үйрету емес, оқушылар ең доминантты мақсатқа бағытталады: тақырып бойынша қажетті ақпаратты айтып беруге үйрену. Келесі - модальдік парадигма «не жасады – не жасамақшы /не жасаса ғой – не жаса+ңдар/жасаңыз+дар» (Мысалы: Ғалымдар жасанды интеллект бағдарламаларын ұсынды /ұсынбақшы/ұсынса ғой. Ғалымдар, жасанды интеллект бағдарламасын жасаңыздар). Осы парадигманың бір түрі - «не жасалды – не жасалмақшы /не жасалса ғой – не жасалсын». Бұл парадигманы да тілдік емес мұғалім өзінің әдістемелік қоржынына алып, қажетті сабақ уақытында қолданып отыруға болады. Парадигма дегеніміз түрлендіру. Тілдік пәннен ерекшелігі – ешқандай терминді қолданбай грамматикалық мағынаны ұстанып, тақырып бойынша тапсырмалар ұйымдастыру. Бірақ технология бойынша пәннің мазмұнын игерумен қатар, сол семантикалық негізге сүйеніп, сабақ уақытын екінші тілді үйретуге тиімді пайдалану.

Оқу мәтініндегі тілдік құралдар жиілік принциппен семантикалық негізде топтастырылады. Тілдік емес пән мұғалімі бұл тілдік құралдарды атамайды, өз оқыту құралдары ретінде қолданады.

Қазіргі кезде ойды білдіруге қажетті функционалдық тұрғыдан қарастырылған жаңа лингвистикалық ұғымдар пайда болды. Олар семантикалық бірліктер болып саналады.

Солардың бірі – синтаксема. Ол әрбір сөйлемдегі бір типтік мағына аясында жинақталған сөздердің формалары. Жаңа оқу материалын іріктегенде

осы бірліктерге де назар аударылуы керек. Мысалы, география пәні мәтіндерінде жиі кездесетін «мекенжай» мағынасын білдіретін топтама: *суда, өзенде, көлде, ойда, қырда, орманда, сулы жерлерде, жер астында, жер үстінде, тауда, сайда, далада*. Осы сияқты топтамалар алғашқы рет лексика негізінде лингвистика ғылымында шығарылып отыр. Осы жаңа оқыту бірлігін іріктеу тетігін мұғалім дұрыс қолданса, оқушылар жаңа тақырыпты аңғармай ойын түрде меңгеріп алады. Тақырыптың әр керекті сыр-қырын осындай мағыналық топтама бойынша ағымдағы бағалауда тапсырмалар арқылы оқушылар түсініп игеруі қажет. Биологиядан келтіретін болсақ «неден құралады» топтамасын көрсетейік: *«Адам ағзасы шамамен 99% тек алты элементтен тұрады: оттегі, сутегі, азот, көміртегі, кальций және фосфор. Тағы бес элемент қалған массаның шамамен 0,85% құрайды: күкірт, калий, натрий, хлор және магний. Адам ағзасының қалған 0,15% - ы микроэлементтерден тұрады»*. Тапсырма: Берілген үш сөйлемді бір сөйлем етіп қысқартып, адам ағзасы неден құралады деген сұраққа жауап беріңдер. Осы тапсырманы орындаған соң, оқушыларға осы ойды ағылшын тілінде айтып беру ұсынылады. Мысалдарда көрсеткендей, екінші тілге көшпей тұрып, алдымен оқу материалын қысқартып, ең қажетті ақпаратты қарапайым түсінікті тілге ауыстырып, сонан соң ғана екінші тілде осы ақпаратты қайталайтын болады. Синтаксемалар әр тілде өзінің ерекшеліктерін сақтайды. Тілдік емес пән мұғалімі өз сабағындағы мақсат пен міндеттерді орындай отырып, сол беретін білім аясында қосымша мәтіндерді екінші тілді меңгеруге бейімдей білуі тиіс. Лексикалық және грамматикалық дағдылар қажетті деңгейде қалыптасу үшін жоғарыдағы мысал көрнекті түрде бір тапсырмамен тақырып бойынша көп сөздер топтамасын (семантикалық байланыстағы) қамтуды көрсетіп отыр.

Тілдік емес пән мұғалімінің жұмысына ыңғайлы болу үшін біз синтаксемала топтамасын кесте түрінде беруді жүн көріп отырмыз (1-кесте).

1-кесте – Сөздік қорды байытуға арналған семантикалық топтамалар

№	Пән аясында екінші тілді дамыту үшін тапсырмалар жасауға мәтіннен іріктелетін бір типті мағынасы бар сөздердің формалары (синтаксема)	Тақырыптық өріс шеңберінде лексемалардың семантикалық тобын іріктеу құралы ретінде қызмет ету мысалдары
1	«мекенжай/орын» мағынасы бар сөз формаларының (лексемалардың) семантикалық жиынтығы	Құбырға орналастыру, ой мен қырда кездеседі, екі өзен аралығында, жер астында/үстінде
2	«ақпаратты немесе бір затты қабылдаушы/адресат» мағынасы бар сөз формаларының (лексемалардың) семантикалық жиынтығы	ұжымға, биологтарға, мамандарға, халыққа, жоғары оқу орындарына, бейінді сыныптарға

3	«арнап жасалған/алынған/берілетін затты қолданушы (жанды/жансыз)» мағынасы бар сөз формаларының (лексемалардың) семантикалық жиынтығы	биологтарға ұсыным, жаратылыстану ғылымына ұсынылатын тың ойлар, қазақ әдебиетіне арналған зерттеу
4	«әрекет үшін (көру/байқау/таңдау) таңдалған объект» мағынасы бар сөз формаларының (лексемалардың) семантикалық жиынтығы	карта жасау үшін қағаз таңдау, ауаны таза ұстау үшін қажетті фильтрді алу, сапа үшін үдерісті байқау
5	«заттың/құбылыстың/үдерістің арналуы» мағынасы бар сөз формаларының (лексемалардың) семантикалық жиынтығы	мал үшін, қыс+қа қамдану, көктем+ге дайындау, экономиканың дамуына, қоғамның жағдайына
6	«өлшем, мөлшер, шама» мағынасы бар сөз формаларының (лексемалардың) семантикалық жиынтығы	Мындаған километр, 50 килограмм, 25 литр, 5 миллилитр, жарты литр, бір шымшым тұз
7	«қозғалыс бағыты, бастапқы нүкте және жету/шектеу нүктесі» мағынасы бар сөз формаларының (лексемалардың) семантикалық жиынтығы	шекараға дейін, орталық өңірден, жер астынан (су шықты), (нысанға) қарсы жүру, (нысан) бойымен, көпір астымен тура (нысанға), тау жаққа қарай, солтүстіктен (соққан жел)
8	«әрекет құралы» мағынасы бар сөз формаларының (лексемалардың) семантикалық жиынтығы	еріткішпен, бояумен, пинцетпен, шанышқымен, агрегатпен, робот арқылы, цифрлық құралдармен
9	«әрекет салдары», «әсер етуші фактор» мағынасы бар сөз формаларының (лексемалардың) семантикалық жиынтығы	соның салдарынан, заттың салмағынан, судың әсерінен, зауыттың шығарындыларынан, ыстықтан/суықтан, жаңбыр жауғаннан, шулағаннан, еріткеннен, бояғаннан
10	«заттың сапасы, қасиеті» мағынасы бар сөз формаларының (лексемалардың) семантикалық жиынтығы	заттар бір және көп атомды болады (қандай болады; неден құралады + «бүтін/бөлшек» мағынасымен)
11	«заттың өзгеруі/басқа сипатқа ие болуы»	ашық көгілдір түске боялады, қара көк түске айналады, сары болып өзгереді
12	«бүтіннің бөліктері/түрлері» мағынасы бар сөз формаларының (лексемалардың)	заттар қоспасы екі немесе одан да көп таза заттардан тұрады/құралады/жинақталады/;

	семантикалық жиынтығы	реагенттердің агрегаттық жай-күйі: ерітіндідегі, қатты фазалы, әртүрлі агрегаттық жағдайлардағы заттар арасында; әрекет ететін бөлшектердің түрі: молекулярлық, иондық, радикалдық реакциялар
13	«сандық сипаттама» мағынасы бар сөз формаларының (лексемалардың) семантикалық жиынтығы	Көптеген жасушалардан тұрады, 200-дей түрі бар, 10/20 шақты, 2000-нан астам, 5 000 000 жуық, аздаған бөлшектері бар
14	«тарату/бөліп беру объектісі» мағынасы бар сөз формаларының (лексемалардың) семантикалық жиынтығы	бір-бір бөлшектен тарату, бес-бестен, он-оннан, жүз-жүзден бөлу
15	«ілеспе объект немесе қосымша әрекет/ілесетін субъект» мағынасы бар сөз формаларының (лексемалардың) семантикалық жиынтығы	химиялық бөлшектердің (иондардың, молекулалардың) тасымалдануымен (бірге жүреді); химикалық реакциямен бірге; шөптің өсуіне қарай; су ағымының жылдамдығымен, дүрсілмен бірге, аяздың қатаюмен бірге, экспериментті жүргізуге қоса
16	«нысанның басқа нысанға сәйкестігі/сәйкессіздігі» мағынасы бар сөз формаларының (лексемалардың) семантикалық жиынтығы	Не/кім неге/кімге сәйкес(емес) /сай(емес) /тең(емес) / жарамды/жарамсыз келеді
17	«салыстыру, бағалау критерийі» мағынасы бар сөз формаларының (лексемалардың) семантикалық жиынтығы	НЕ+НЕ сияқты/секілді/тәрізді/ұқсас; (Ненің?) нормасына /стандартына/ ережесіне/талабына/ сәйкес /сәйкес емес/сәйкес келмейді
18	«әрекет тәсілі/құралы» мағынасы бар сөз формаларының (лексемалардың) семантикалық жиынтығы	(Не?) арқылы/ (Немен? Қандай құралмен?); (Қай тәсілмен? Қандай жолмен?)
19	«тиістілік/иелену нысаны» мағынасы бар сөз формаларының (лексемалардың) семантикалық жиынтығы	(Кімге? Неге?) тиесілі, тиісті; (Кімнің? Ненің?) иелігіне жатады/ иелігінде; (Кімнің? Ненің?) кімі/несі
20	«ықтимал әрекет, құбылыс, оқиға, ықтимал жағдай» мағынасы бар сөз формаларының (лексемалардың) семантикалық жиынтығы	(Ненің?) алдын алу (дағдарыстың, аурудың, су тасқынының, тәуекелдің); не жағдайда? жаңбыр боларда; күн күркіреген уақытта

21	«ақпарат көзі немесе сенсорлық қабылдау» мағынасы бар сөз формаларының (лексемалардың) семантикалық жиынтығы	Сөздіктен, халық ауызынан, теледидардан, бағдарламалардан, «Жаңалықтар» бағдарламасынан, интернет желісі арқылы, ата-бабамыздың мұрасынан
22	«жағдай тақырыбы» мағынасы бар сөз формаларының (лексемалардың) семантикалық жиынтығы	Ауа-райының құрғақтығы, қаражаттың тапшылығы, жердің сілкінуі, өзен тасқыны, шөптің аздығы, халықтың жағдайы
23	«уақыт» мағынасы ар сөз формаларының (лексемалардың) семантикалық жиынтығы	Неден + кейін? Неге +дейін? сағат нешеде; қосқаннан кейін (не берді); тәуліктің атауларымен/жылдың/айдың атауымен, «Қашан?» деген сұраққа жауап беретін сөздің формаларымен және уақыт мағынасы бар сөздермен бірге қолданылатын «аралығында, кейін, дейін» көмекші сөздер
24	«қозғалыс жолы» мағынасы бар сөз формаларының (лексемалардың) семантикалық жиынтығы	тамырлармен (жүру), қанға (тарап кету), ауруға қарсы әдіс/жол, өкпеден (өту), бұлшық еттер арасымен (өту), тіл астымен қанға (бару); жүрекке тию
25	«іс-әрекеттің мақсаты» мағынасы бар сөз формаларының (лексемалардың) семантикалық жиынтығы	экспедицияға бару, эксперимент жүргізу, білуге құлшыну, тәжірибе жасауға арналған құралдар, ысыту үшін отты қолдану, зарарсыздандыруға арналған құрал

Осы семантика негізінде топталған кесте не үшін беріледі? Тілдік емес пәндер мұғалімдері әрбір тақырыпқа арналған мәтіндердің сөздерін осы кесте негізінде топтастырады. Сөздік қорын байыту оқу міндеті болса да, мұғалімге осы 30-шақты топтаманы толық қамту міндет емес. Мағына жағынан оқу материалына маңызды тақырыпшаларға қатысты семантикалық топтар анықталады. Тақырып бойынша жиілік ұстанымға сәйкес 4-5 топтама шығады. Сол топтамалардың негізінде пәннің маңызды ақпаратына керек сөздерді жинақтап, синоним, антоним мәтіннен тыс болса да, арнайы қосып (оқушылар екінші тілде сөйлескенде сөздерді негізсіз қайталамас үшін) тапсырмалар әзірленуі тиіс. Тапсырмалар типтерін мұғалімдердің сабақ жоспарлауы үшін көмекші ұсыным ретінде берейік.

Пед.ғ.д. Булатбаева К.Н. тақырып бойынша төмендегі типтік лексикалық тапсырмалар ұсынып отыр:

- Нысан арқылы (мысалы, қан тамырлары арқылы) жүретін процестерді сипаттау үшін төмендегі кілтті сөздер мен сөз тіркестерін қолдан;

- Мына заттар не үшін қажет? Сөздерді қолданып, 10 сөйлеммен жауап бер;

- Нені қай жерге орналыстырамыз: суретті толықтыр. Ол үшін төмендегі сөздерді қолдан;
- Мына заттар кімдерге арналады, тірек сөздерді қолданып, сипатта;
- Не үшін мына әрекеттерді жасау қажет? Тірек сөздерді қолданып, көп сөйлемдермен жауап бер;
- Алдында сипатталған әрекеттер кім үшін, қандай нәтижеге жету үшін жасалады? Әр түрлі тәсілдермен жауап дайында;
- «Өлшем, мөлшер, шама» мағынасы бар сөйлемдерді мәтіннен іріктеп ал да, әр түрлі тәсілдермен жауап жаз (мәтіндегі сөйлемдерді түрлендір);
- Мәтіннен әр түрлі қозғалыс әрекеттері бар сөйлемдерді тап: не қайдан қалай қайда жүреді/қозғалады/ағады/жүзеді/сырғиды/жүгіреді және т.б. (оқу мәтіні аясында ғана қажетті етістіктер қолданады);
- Кім немен не жасайды: мәтіннен ақпаратты тауып ал да, сөйлемдерді түрлендіріп жауап бер;
- Мәтінде әр түрлі әрекеттер туралы айтылған: соларды сипатта, басқа синоним мен антоним арқылы мағыналарын ашып бер;
- Әрекет құралдары туралы не айта аласың: қандай құрал не үшін қолданылады? Кесте жасап, ауызша сол кесте бойынша айтып бер;
- Тақырып бойынша әрекет салдары туралы не білесің? Қандай әсер етуші факторларды мәтіннен іздеп таба білесің? Мағынаны өз сөзіңмен айтуға тырыс. Қиын болса, үлгіге сүйен.
- Мәтіннен нысандарды іріктеп ал да, оларға толыққанды сипаттама бер (интернет арқылы қосымша мәлімет қос);
- Осы тақырып бойынша қандай құбылыстар сипатталған: қандай нысандар қалай өзгереді. Тірек сөздер: боялады, қысқарады, ериді/ жібиді, қатаяды, басқа форматқа ауысады, сыртқы пішіні өзгереді, қасиеттерге ие болады және т.с.с. (тақырып аясына қажетті етістіктер беріледі));
- (Нысан атауы) неден тұрады/құралады/жинақталады? (Нысан атауы) түрлерін айтып бер. 3-4 тәсілмен бүтін-бөлшектер ара-қатынасын айтып беруді үйрен. (кішігірім жарыс ұйымдастыруға болады – кім көп тәсіл біледі);
- Мәтінде қандай сандар қолданған? Сандық сипаттамасы бар сөйлемдерді тап, оларды түрлендір.
- Нені қалай бөліп беруге болады/ қалай таратуды ұсынып отырған сөйлемдерді тап. Оған басқа мысалдар келтір.
- Қоса/бірге жасалатын әрекеттерді анықта/ Қосымша не әрекеттесіп отыр? Мәтіннен осындай сөйлемдерді тауып, түрлендір.
- Нысанның басқа нысанға сәйкестігі/сәйкессіздігі туралы айтып бер. Ол үшін екі бағандағы нысандардың сәйкестігін стрелкамен белгіле де, алдымен параллельді жолда тұрған сәйкессіздікті айт та, сосын өзің келістірген сәйкестікті айтып отыр. Мысалы: Зат 1 – Зат 2 бір біріне сәйкес емес/сәйкес келмейді, Зат 1 және Зат 5 бір біріне сәйкес.
- НЕ+НЕ сияқты/секілді/тәрізді/ұқсас? (Ненің?) нормасына /стандартына/ ережесіне/талабына/ сәйкес //сәйкес емес/сәйкес келмейді? Мәтіннен осы бойынша ақпарат ізде де, берілген үлгі бойынша айтып бер.

- Не?) арқылы/ (Немен? Қандай құралмен?); (Қай тәсілмен? Қандай жолмен?) әрекеттер жасалады: мәтіннен жауабын іздеп тап.

- Кімге? Неге?) тиесілі, тиісті; (Кімнің? Ненің?) иелігіне жатады/ иелігінде; (Кімнің? Ненің?) кімі/несі? Осы мағына бойынша мәтіннен ақпарат тауып, айтып бер.

- Қандай жағдайда (ненің?) алдын алу қажет? Осы бойынша тақырып аясында әртүрлі жағдайларды ескеріп, интернет желісінен ұсынымдарды тап. Оны слайд түрінде үйден жасап әкел.

- Тақырып бойынша әртүрлі қосымша мәліметтер ізде. Дереккөздерін көрсетіп, айтып бер.

- Тақырып аясында тәуекел жағдайдарлы анықта. Мысалы: Ауа-райының құрғақтығы, қаражаттың тапшылығы, жердің сілкінуі, өзен тасқыны, шөптің аздығы, халықтың жағдайы ескеріліп, төмендегідей шаралар жүргізу керек:

- Мәтіннен уақыт мағынасын білдіретін сөз бен сөз тіркестерін тауып, осы мағынаны білдіретін синоним арқылы басқаша айтып бер. Уақытты бір сөйлеммен, сөйлем бөлшегімен, бір сөзбен беруге болады. Осыны дәлелде.

- Бүкіл мәтіннен, қосымша ақпарат мәтіндерінен «қозғалыс жолы» мағынасы бар сөз формаларының (лексемалардың) семантикалық жиынтығын құрастыр. Мысалдар: *тамырлармен (жүру), қанға (тарап кету), ауруға қарсы әдіс/жол, өкпеден (өту), бұлшық еттер арасымен (өту), тіл астымен қанға (бару); жүрекке тию.*

- «Іс-әрекеттің мақсаты» мағынасы бар сөз формаларының (лексемалардың) семантикалық жиынтығын мәтіннен іріктеп ал. Тақырып аясында өзің де осындай мағынада сөйлемдер құрастырып, айтып бер. Мысалдар: *экспедицияға бару, эксперимент жүргізу, білуге құлшыну, тәжірибе жасауға арналған құралдар, ысыту үшін отты қолдану, зарарсыздандыруға арналған құрал.*

Бұл тапсырмалар типологиясы жалпы лингвистикадағы семантикалық топтама негізінде шығып отыр. Осы тапсырмалардың бәрін нақты бір мәтінге қолдануға болмайды. Әр мәтін когнитивтік жағынан талданады. Сол жұмыстың негізінде осы тапсырмалардың 2-4 ғана қолданылуы мүмкін. Мағынаның ерекшелігі осы тапсырмалардың қажеттісін ғана таңдауға көмектеседі.

Лингводидактикада «потенциалды сөздік қоры» деген ұғым бар. Оның мағынасы: сөздің түбірі негізінде және қосымша аффикстердің типтік мағынасын қосып, жаңа сөзді түсіну: *учить - уч+и+тель.*

«Сөзжасам ұясы» дегеніміз аффикстері немесе екінші түбірі бар бір түбірлі сөздер. Оқушылар осы сөздерді түбір арқылы түсінеді. Сондықтан, оларға осы ұяны құрастыруға тапсырма беруге болады. Оқу материалы бойынша жиі кездесетін сөздердің сөзжасам ұясын оқушыларға құрастыру тапсырмасы танымдық функцияны күшейтеді. Оқушылар

«Сөзжасам моделі» де тілідік емес пән мұғалімдері түсініп, қолдансын деген ойда бермекпіз. Кейбір тақырыптарда бір сөз табына қатысты бірдей аффикстер қосылатын сөздер, мысалы: *сызғыш, қыстырғыш, өшіргіш, еріткіш; қосынды, ерітінді.*

Екі тілде тілдік емес пән материалын когнитивтік-коммуникативтік технологиясымен игеру кезеңдері. Кәсіби қызметтің кез келген саласындағы болашақ маман – тілдік кеңістікте шектеусіз белгілі бір сөйлеу әрекеттерін жүзеге асыруы талап етілетін тұлға болып табылады. Қазақстандағы табиғи қазақ-орыс тілдік ортасы оған посткеңестік кеңістік аясында мұндай әрекеттерді орындауға мүмкіндік береді. Жоғары оқу орны түлегінің еңбек нарығында сұранысқа ие болуына ана тілі мен шет тілін параллель меңгеруді ұйымдастыру ықпал етеді. Бұл оның халықаралық ынтымақтастыққа дайын болуын, яғни өз мамандығы аясында шетел тілінде түсіне білуін, оқуын, сөйлей алуын және жаза алуын білдіреді. Осыған байланысты жас адамның шет тілін меңгеруде барынша дербестігін қамтамасыз ететін оңтайлы жолды іздеу қажеттілігі туындайды. Әсіресе, оқу процесін екі тілде кезең-кезеңімен жоспарлау арқылы өзге бейтілдік пәндердің шетел тілін үйрету мүмкіндіктерін кеңейту маңызды.

Тілдік емес пән тақырыбын когнитивтік-коммуникативтік тұрғыдан екі тілде меңгерудің кезеңдері төмендегідей:

1. Оқу материалының (белгілі бір тақырыптық өрістің) когнитивтік құрылымын санада құру.

Меңгерілетін ақпаратты білім алушылардың ұзақ мерзімді жадында белгілі бір құрылымдар түрінде сақтау үшін материалды өзара байланысқан элементтер жүйесі түрінде ұсыну маңызды. Білім алушылардың жадында жалпы фрагменттер («семантикалық бөліктер») саны сақталып, әрбір фрагмент бойынша негізгі лексикалық құралдар есте қалады.

Тақырыптық блоктың когнитивтік құрылымы – оқытудың бірлігі болып саналады.

Белгілі бір тақырыптық өрістің лексикалық жүйесі – бір мағыналық фрагментті қамтамасыз ететін семантикалық тұрғыда біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің тобынан тұрады. Екінші тілдегі сөздерді есте сақтаудың беріктігі тек осы үдеріс иерархиялық ұйымдастырылған когнитивтік құрылымға негізделген жағдайда қамтамасыз етіледі. Мұндай құрылымға оқытылатын материалдың микротақырыптары – бөлімдері, тармақтары жатады.

Көп жағдайда білім алушы микроблоктарды өздігінен бөліп көрсете алмайды да, мәтінді тұтас оқып, бірінен кейін бірі ауысып келетін микротақырыптарды жадында сақтай алмайды, олардың ішкі байланыстарын «ұғына» алмайды, соның салдарынан материалға деген қызығушылығын жоғалтады. Оқылатын мәтіннің құрылымын сызбалар, кестелер арқылы айқындау функционалдық-семантикалық негізде материалдың «қаңқасын» анық көруге мүмкіндік береді.

2. Тақырыптық өрістің әрбір «фрагментін» бірінші тілдің қызмет атқаратын белсенді лексикалық бірліктері арқылы біртіндеп, мөлшерлеп меңгеру.

Оқытылатын теориялық материалдың когнитивтік құрылымы өзара байланысқан бөліктерден тұратын «қаңқа» ретінде қабылданатын мазмұнның тұтастығын және жүйелілігін қамтамасыз етеді. Бұл меңгерілгеннің ұзақ мерзімді жадта сақталуы үшін аса маңызды.

Әрбір семантикалық ұяшық белгілі бір семантикалық фрагментті ашуда негізгі болып саналатын функционалды маңызды лексемалар жиынтығы түрінде ұсынылады. Оқытудағы әдістемелік ниет – алдымен бірінші тілдегі семантикалық топтарға бөлінген лексикалық құралдарды ұсыну, оларды жетекші сұрақтар арқылы сөйлеуде белсендіру және білім алушыларға оқытылып жатқан фрагменттерді жеке-жеке берік меңгерту. Білім алушылар бағандарға бөлініп кестеге енгізілген сөздерге, сөз тіркестеріне және сөз үйлесімдеріне сүйенеді, олар үлкен тақырыптық блоктың микротақырыптарын ашады. Мұғаліммен бірге немесе топ ішінде әрбір микротақырыпты талқылап, нақты сұрақтарға жауап береді. Осылайша жаңа білімді тану үдерісі мен оны тілдік түрде білдіру үдерісі қатар жүзеге асады. Мұндай тәсіл білім алушыларға мәтінді қабылдау процесін жеңілдетеді, сондай-ақ психологиялық қолайлылықты қамтамасыз етеді, себебі:

- а) оларда тақырыпты білмегені үшін кінәлі болып көрінуден қорқу сезімі болмайды;
- ә) тақырып жаңа болғандықтан, барлығы бірдей жағдайда болады;
- б) бұл материалмен алғаш рет танысып отырғандықтан, әркімнің қателесу құқығы бар.

Тақырыптық блок шеңберінде жеті микротақырып ең тиімді мөлшер болып табылады. Егер материал көлемді болса, бір тақырыптық блок екі ретте беріледі, мұнда әрбір функционалды-семантикалық кесте жеті микротақырып жиынтығын қамтиды. Ұсынылып отырған жаңа материалды меңгертудің әдістемелік тәсілі барлық білім алушылардың белсенді танымдық қызметін дамытуға ықпал етеді. Психологиялық атмосфера дұрыс қалыптасқан жағдайда мұғалім/оқытушы көбінесе орта және әлсіз деңгейдегі білім алушылармен жұмыс істей отырып, сонымен бірге мықты оқушыларды да қолдаусыз қалдырмайды. Мұндай жағдайда топтың/сыныптың 100% үлгерімі қамтамасыз етіледі.

Тілдік емес пән бойынша білім қалыптастыру – сырттан келетін тәжірибені қайта өңдеудің өте күрделі әрі көпсатылы процесі. Білім алушылардың санасында «талқыланып отырған нысанға» қатысты белгілі бір сызбаның құрылуынсыз, ол туралы байланысқан пікір айту мүмкін емес. Тақырып бойынша осы когнитивтік құрылымдарды бейнелеу және осы негізде әлеуетті сөйлеу ниеттерінің тізімін анықтау оқу материалы мен оқу әрекеттерін коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру стратегиясымен тығыз байланыстыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар бірнеше тілде (біздің жағдайда екі шет тілінде) кәсіби тезаурусты меңгеру қажеттілігі мен болашақ кәсіби қызметтің талаптарына сай ғылыми тұрғыдан қысқартылған, толыққанды лексика-фразеологиялық негіздің жоқтығы арасында белгілі бір қайшылық бар. Мәселен, ЖОО –нда «Құрылыс» немесе «Энергетика» мамандығының студенті өз болашақ кәсібіне қажетті лексика-грамматикалық минимумды функционалды тұрғыдан меңгеруге мүмкіндік алуы тиіс. Осыған орай, біз әзірлеп отырған көптілді тұлға моделінің өзегіне кез келген мамандықтағы студентті тілдік тұлға ретінде қоямыз (лингвистика мен лингводидактикадағы антропоцентристік ұстаным). Ал

мектеп деңгейінде бейінді пәндер тақырыптары бойынша лексика-грамматикалық минимум анықталады.

Тілдік тұлғаның екінші шеңбері оның коммуникативтік қызметіндегі белгілі бір тілдің қолданылу аясын білдіреді (Қазақстан жағдайында бұл үш сала):

- биресми қарым-қатынас аясы, мұнда қазақ немесе орыс тілі қолданылады (қосымша басқа да ұлттық тілдер – ұйғыр, өзбек, неміс, тәжік, украин, беларус және т.б.);

- қоғамдық орындардағы жартылай ресми қарым-қатынас аясы (қазақ тілі – мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілі – ресми тіл ретінде);

- кәсіби қарым-қатынас аясы (мемлекеттік тіл ретіндегі кәсіби қазақ тілі, ресми тіл ретіндегі кәсіби орыс тілі, халықаралық ынтымақтастық құралы ретіндегі шетел тілі).

Үшінші шеңберде мектептегі таңдалған пән бойынша немесе ЖОО саласы бойынша қарым-қатынас қажеттіліктеріне сәйкес білім мазмұнын анықтау қажет. Сала немесе бейіндік бағыт негізінде тілдік білімнің мазмұны (тақырыптық минимум, лексикалық минимум, грамматикалық минимум) жеткілікті түрде айқындалған, ол қазіргі қолданыстағы жалпы орта, орта кәсіптік және жоғары кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған оқулықтарда көрініс тапқан. Дегенмен, ана тілі емес тілдерді меңгерудің тиімділігін арттыру мақсатында екінші және үшінші тілдердің мазмұнын сұрыптауда және бірыңғай мазмұнды параллель оқытуда біртұтас көзқарастың болмауы мәселе болып отыр.

3. Тақырыптық өрістің әрбір «фрагментін» екінші тілдің қызмет атқаратын белсенді лексикалық бірліктері арқылы біртіндеп, мөлшерлеп меңгеру.

Бұл кезең алдыңғы кезеңді қайталайды, айырмашылығы – оқу процесі екінші тілде жүргізіледі. Студенттердің ойлау әрекетіне қатысты айтар болсақ, олардың сөзі екінші тілдегі ойды қайта жаңғырту ретінде қарастырылады. Оқушылар үшін сөйлеу міндеттерін екінші тілдің құралдары арқылы жеткізу тәсілдерін меңгеру маңызды. Осы уақытқа дейін олардың санасында жаңа материалдың когнитивтік құрылымы қалыптасады және олар микротақырыптар бойынша сөйлеу міндеттерінің жиынтығына ие болады.

Екінші тілді меңгерудің тірек материалы – сол функционалды-семантикалық кесте (ФСК), бірақ бұл жолы - екінші тілде. Бұл ретте білім алушылардың екінші тілді меңгеру деңгейін ескеру қажет. Егер олардың бұл тілді меңгеру деңгейі нөлдік болса, ФСК екітілді лексикалық бірліктер жиынтығы түрінде ұсынылады (мұнда. бірінші тіл екінші позицияға «ығысады», яғни екінші тілдегі лексикадан кейін жақша ішінде сол бірліктің бірінші тілдегі аудармасы көмескі шрифтпен беріледі, ол көру арқылы сүйеніш қызметін атқарады).

Екінші шетел тілінде лексикалық құзыреттілікті қалыптастыру жүйелі жұмысты қажет етеді:

1-деңгей: бір тақырыптық өрістің фрагменттерін (мағыналық блоктарын) анықтау және оларды когнитивтік жүйе түрінде (тілдік тұлғаның санасындағы

сызба) ана тілінде көрсету; осы когнитивтік сызбаны бірінші және екінші шетел тілдері арқылы қайталау;

2-деңгей: құрастырылған сызбаға сәйкес бөлінген лексика-фразеологиялық материалды бірінші шетел тілінде ұсыну (қажет жағдайда ана тілінің сүйемелдеуімен); құрастырылған сызбаға сәйкес бөлінген лексика-фразеологиялық материалды екінші шетел тілінде ұсыну (қажет жағдайда бірінші шетел тілінің сүйемелдеуімен);

3-деңгей: ұсынылған лексиканы шартты-сөйлеу және сөйлеу жаттығулары жүйесі арқылы параллель түрде белсендіру.

Когнитивтік тәсілді іске асыру үшін өнімді және рецептивті лексиканы оқыту саласында лексикалық бірліктердің арақатынасы мен байланыстары, олардың мағыналары мен осы бірліктер білдіретін концептілер арасындағы байланыстар маңызды. Бұл жағдайда белгілі бір тақырыптық өрістің лексикасын оқыту бірліктері ретінде лексика-семантикалық сөз топтары, антонимдік жұптар, синонимдік қатарлар, сөзжасамдық ұялар (түбірлес сөздер тобы) қызмет атқарады.

Жаңа материалды ұсынуда бұл бірліктерді функционалды-семантикалық кестелерге енгізу тәсілдері алдын ала қарастырылуы тиіс. Мұндай бірліктерді қолдануда бейтілдік пән мұғалімінің/оқытушысының арнайы дайындық деңгейі қажет, өйткені дәл осы бірліктер әрбір оқу пәнінің тақырыбы бойынша сөздік қорды толықтырудың тиісті деңгейін қамтамасыз етеді.

4. Грамматикалық материалды тақырыптық өріс шеңберінде сөйлеушінің коммуникативтік сұраныстарына «бағындыру»

Көптілділікті тілдік емес пәндер бойынша сабақтарда дамытудағы мәселе – мамандардың шетел тілін де, жалпы тілдік әдістемені де білмеуінде. Сондықтан ғалым-әдіскерлердің, біліктілікті арттыру курстарының лекторларының міндеті – тілдік емес мамандарды оқу мәтіндерін өңдеуде қажет болатын құралдармен қамтамасыз ету.

Осы тұрғыда тілдер мамандарына да ескертетін жай, бейіндік сабақтар бойынша элективтік курстар жүргізу барысында грамматикалық дағдыларды жаңа тұрғыдан қарастыру қажет. Тілдік жүйенің дәстүрлі бірліктері қажетті коммуникативтік деңгейге жеткізбейді және сабақтың уақытын үнемдеуге кедергі болады.

Тілдік емес пәндерді оқыту барысында оқушының сөйлеу әрекетінің тізімін жасап алып, соған қажетті лексика мен грамматика құралдарын бағындыру керек.

Оқыту мақсаты тек қана сөйлету емес, пәндік білім мен дағдыларды қалыптастыру болғандықтан, дістүрлі лингвистикалық жол жоспарлап отырған мақсатқа жеткізбейді.

Қазіргі заманауи лингводидактика ғылымында функционалдылықты арттыру мақсатында оқыту бірліктерін қайта қарау үрдісі жүріп жатыр: абстрактылы, сипаттамалық лингвистика біртіндеп функционалды-семантикалық және коммуникативтік бағытқа орын беруде. Мәселені пәндік тұрғыдан талқылау үшін біз үшін ең алдымен оқыту бірліктері ретінде маңызды

болып табылатын абстрактылы және функционалды-семантикалық грамматиканың құралдарын салыстырайық (2-кесте).

2-кесте – Кәсіби бағдарланған грамматиканы оқытудың абстрактылы және функционалды бірліктері

Абстрактылы грамматиканы оқытудың бірліктері (сипаттамалық тәсіл)	Грамматикалық құзыреттілікті қалыптастыру бірліктері (функционалдық тәсіл)
Синтаксистің минималды бірлігі ретінде сөз тіркесі: құрылымы және компоненттер арасындағы қатынастар	Синтаксемалар функционалды-семантикалық өрістің компоненттері ретінде (Г.А. Золотова бойынша)
Жай сөйлем: жай сөйлемдегі сөздердің орналасу тәртібі	Жиі қолданылатын синтаксемалар (Г.А. Золотова бойынша)
Құрмалас сөйлем: бөліктер арасындағы қатынастар және бөліктерді байланыстыру құралдары	Элементарлық сөйлемдердің семантикалық түрлері (К.Н. Булатбаева бойынша)
Құрмалас сөйлем: құрамдас бөліктердің модальдық-уақыттық жоспарларының арақатынасы	Қарым-қатынастың тұрақты формулалары (Н.И. Формановская бойынша)
-	Сөйлеу актілері (Дж. Серл бойынша)
-	Авторлық ұстанымды білдірудің құралы ретіндегі коммуникативтік регистрлер (Г.А. Золотова бойынша)
-	Диалогтардың құрылымдық-мазмұндық типтері (Д.И. Изаренков, К.Н. Булатбаева бойынша)
-	Монологтардың құрылымдық-мазмұндық типтері (К.Н. Булатбаева бойынша)

Бұл кесте тіл мұғалімдері мен тілдік емес пәндер мұғалімдерінің тығыз байланыста жұмыс жасауына және тілдік және тілдік емес пәндер бойынша тілдік оқыту құралдарын дұрыс қолдану үшін беріліп отыр.

Лингводидактика ғылымында типтік элементарлы пайымдаулардың жіктелуі Г.А. Золотова академиктің «Синтаксистік сөздігінде» [9] берілген синтаксемалардың (синтаксистің ең кіші бірліктерінің) барлық репертуарының мағыналарын талдау негізінде алынды. Тәуелсіз немесе предикативтік тұрғыдан байланысқан синтаксемалардан тұратын элементарлы пайымдаулардың семантикалық типтері айқындалды. [10,11]

Лингводидактика үшін маңызды қыры – семантикалық типтер кез келген тақырыпты қамти алатындығында: адам қандай тақырыпта сөйлесе де, ол жоғарыда көрсетілген элементарлы пайымдаулардың семантикалық типтерімен

әрекет етеді. Семантикалық типтерді іріктеудің негізін олардың белгілі бір тақырып аясында жиі қолданылу принципі құрайды.

Айқындалған элементарлы сөйлемдерінің семантикалық типтеріне сүйену шетел тілін оқыту маманына осы типтерді оқытудың бірлігі ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл грамматикалық құрылымды байытуға бағытталған: бір ойды (мысалы, субъект және оның белгісі) түрлі конструкциялар арқылы беруге болады, мұнда предикат сын есіммен, зат есіммен, үстеумен, сөз тіркесімен беріледі.

Технологияның нәтижесі – барлық жинап-терген екінші тілдік құралдар жинақталып, бір монолог құрастыруға оқушылардың құзыреті жеткілікті болады. Ол үшін сабақтар циклы әзірленеді. 5 сабақтың материалын 5 сағатқа, бірақ жаңа жолмен ұйымдастыру ұсынылады: сабақтың бірінші түрі – *пәннің бөлімі бойынша негізгі ұғымдық аппаратты меңгеру және қажетті лексикамен қамтамасыз ету*. Ол үшін оқу мәтіндері 30-50 пайызға қысқартылады, грамматикалық конструкциялар қарапайым қысқа түрде берілетін болады. Сабақтың екінші түрі – *бөлім бойынша негізгі ойларды айтуды үйрету және грамматикалық құралдарды жеткілікті етіп беру*. Екі сабақ өткеннен кейін кіріктірілген лексикалық-грамматикалық дағдыларды оқу материал бойынша пысықтауға үшінші сабақты өткізуге болады. Сабақтың келесі түрі – *диалогтық тілді дамыту*, пән мазмұны аясында ең қажетті мағыналық бөлшектер бойынша жағдаяттар ұсынылады. Рөлдік ойындар тақырыптың мазмұнын тағы да белсендіріле түседі. Сабақтың соңғы түрі – *монологтық тілді тақырып бойынша дамыту*. Оқу материалын ірілету негізінде, технология екі әдістемені кіріктіру жолмен нәтижеге жеткізетін болады: пәнді оқыту әдістемесі мен тілді оқыту әдістемесінің бір-бірімен байланыстырылып қолданылуы. Әр сабақ типінің өз әдістемелік ерекшеліктері бар, соларды ескеру қажет.

1. *Пәннің бөлімі бойынша негізгі ұғымдық аппаратты меңгеру және қажетті лексикамен қамтамасыз ету кезеңінің* әдістемелік ерекшеліктері бар екенін тілдік емес пән педагогы білуі қажет. Мұғалімге беретін ұсыныстар: кілтті сөздермен жұмыс істей білу, оларға синонимдік және антонимдік қатынастары бар лексикалық құралдарды қоса бере білу, негізгі лексиканың тіркесу заңдылықтарын тапсырмаларда қолдану. Интерактивтік әдістерді қолданып, сұрақ-жауап түрінде материалды меңгерту жұмыстары атқарылуы тиіс. Сөзжасам ұясы деген ұғымды есте сақтап, оқушылардың потенциалды сөздік қорын да байыта түсу мұғалімге міндеттеледі.

2. *Бөлім бойынша негізгі ойларды айтуды үйрету және грамматикалық құралдарды жеткілікті етіп беру* сабақ түрі ең алдымен грамматикалық конструкцияларды дұрыс іріктеп алуды қажет етеді. Ол үшін қарапайым айтылымдардың типтеріне сүйену қажет. Солардан белсенді 4-5 конструкциялар типін алып, соны сөйлеуде оқушыларды қолдануға бейімдеу қажет. Мұнда тілдік емес пән бойынша зерттелетін тақырыптар шеңберінде шет тілдік грамматикалық құзыреттілікті қалыптастыруға негіз бола алатын семантикалық құрылымдардың түрлері келтірілді:

1) субъект және оның физикалық әрекеті;

- 2) субъект және оның психикалық әрекеті;
- 3) субъект және оның зияткерлік әрекеті (оның ішінде сөйлеу/ойлау);
- 4) субъект және оның әлеуметтік-этикалық әрекеті;
- 5) субъект және оның қозғалысы;
- 6) субъект және оның белгісі (сипаттамасы): тұрақты/уақытша; орналасқан жері бойынша; уақыт бойынша және т.б.;
- 7) субъект және оның біреуге қатысты мәртебесі (туыстық, Жас, әлеуметтік);
- 8) бір нәрсенің/біреудің/бір нәрсенің болуы;
- 9) бір нәрсенің/біреудің/бір нәрсенің болмауы;
- 10) жағдайы, қасиеті, сипаттамасы;
- 11) субъект және оның бір нәрсені иелену;
- 12) субъект және одан бірдеңені иеліктен шығару;
- 13) субъект және оны бір нәрсеге айырбастау;
- 14) субъект және оның өзгеруі, өзгеруі;
- 15) көптеген субъектілер және олардың өзара қарым-қатынасы;
- 16) бүтін және олардың өзара байланысындағы бөліктер;
- 17) бір нәрсені/біреуді/біреуді салыстыру;
- 18) бір нәрсені шектеу/тыйым салу;
- 19) мүмкін/мүмкін емес, күтілетін, қалаулы/қалаусыз әрекет, күй, қасиет;
- 20) субъект және оның бір нәрсеге/біреуге эмоционалды-бағалау қатынасы.

Осы типтердің әрбір тілдік емес оқу мәтінінде өзінің көрінісін табады. Осы типтердің ішінен оқу мәтінінде жиі қолданылатын 4-5 тип шығарылып, соның негізінде тапсырмалар беріледі. Тапсырмалар тақырыптық материалды қамтуы тиіс. Қазіргі заманауи лингводидактика ғылымында функционалдылықты арттыру мақсатында оқыту бірліктерін қайта қарау үрдісі жүріп жатыр: абстрактілі, сипаттамалық лингвистика біртіндеп функционалды-семантикалық және коммуникативтік бағытқа орын беруде. Мәселені пәндік тұрғыдан талқылау үшін біз үшін ең алдымен оқыту бірліктері ретінде маңызды болып табылатын абстрактылы және функционалды-семантикалық грамматиканың құралдарын салыстырайық: абстрактылы грамматиканы оқытудың бірліктері (сипаттамалық тәсіл) - грамматикалық құзыреттілікті қалыптастыру бірліктері (функционалдық тәсіл) (осы екінші грамматикалық құралдар тиімді болып саналады). Синтаксистің минималды бірлігі ретінде сөз тіркесі: құрылымы және компоненттер арасындағы қатынастар (тиімді емес, уақыт алады). Оның орнына қолдануға ұсынылатын бірліктер: синтаксемалар функционалды-семантикалық өрістің компоненттері ретінде (Г.А. Золотова бойынша); жиі қолданылатын синтаксемалар (Г.А. Золотова бойынша); элементарлық сөйлемдердің семантикалық түрлері (К.Н. Булатбаева бойынша). Сөйлемдермен жұмыс жүргізу барысында абстрактілі бірліктермен шектелмеу керек: олардың негізгі функциясы –білім алушылар алғашқы грамматикалық дағдыларды қалыптастыру кезеңінде төмендегідей бірліктер қолданылады: Жай сөйлем: жай сөйлемдегі сөздердің орналасу тәртібі. Құрмалас сөйлем: бөліктер арасындағы қатынастар және бөліктерді байланыстыру құралдары. Құрмалас

сөйлем: құрамдас бөліктердің модальдық-уақыттық жоспарларының арақатынасы Функционалдық тұрғысынан мына бірліктер белсенді қолданылуы тиіс: Қарым-қатынастың тұрақты формулалары (Н.И. Формановская бойынша); сөйлеу актілері (Дж. Серл бойынша); авторлық ұстанымды білдірудің құралы ретіндегі коммуникативтік регистрлер (Г.А. Золотова бойынша); диалогтардың құрылымдық-мазмұндық типтері (Д.И. Изаренков, К.Н. Булатбаева бойынша); монологтардың құрылымдық-мазмұндық типтері (К.Н. Булатбаева бойынша)

Бұл грамматикалық оқу материалына қойылған талаптар функционалдық сипаттағы грамматикалық бірліктерлі тез қолдануға жағдай жасайды. Тіл мұғалімдері мен тілдік емес пәндер мұғалімдерінің тығыз байланыста жұмыс жасауына және тілдік және тілдік емес пәндер бойынша тілдік оқыту құралдарын дұрыс қолдану үшін беріліп отыр.

3. *Сабақтың үшінші түрі*-зерттелетін материалдың негізгі бөліктері аясында диалогтық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру сабағы. Сабақтың бұл түрінің ерекшеліктері - ағылшын тілінде өткен материалды қайталауды және нақтылауды ұйымдастыру, оқушылардың сөйлеуінде Ағылшын байланыс құралдарын белсендіру. Ол үшін мұғалім диалогтың бірнеше негізгі жағдайлары мен құрылымдық-мазмұнды түрлерін таңдайды. Оқушылар үйренген ақпаратты пайдалана отырып, ұсынылған жағдайларға байланысты диалогтар құрастырады. Пән мазмұнында әр тақырып бойынша қолайлы жағдаяттар қарастырылады.

4.*Сабақтың төртінші түрі* - алынған білімді синтездеу және оларды ағылшын тілінде монологиялық сөйлеу түрінде жобалау сабағы. Сабақтың бұл түрін әртүрлі формада дайындауға болады (дөңгелек үстел, конференция, викторина және т.б. түрінде). Үйде оқушылар берілген тақырыптар бойынша ағылшын тілінде баяндама дайындап, оларды сабақта қорғауы керек. Технология бойынша барлық кезеңде сатылап алынған дағдылар – лексикалық, грамматикалық, диалогтық – осы монологтық тілді дамыту кезеңінде мықты негіз болады. Алдыңғы кезеңдерсіз білім алушыларды екінші тілде емін-еркін сөйлетуге мүмкін емес. Жаттанды мәтіндер ұзақ мерзімге оқушылардың жадында сақталмайтынын жылдар бойғы эксперименттер дәлел болып отыр.

Қарапайым сөйлемдердің семантикалық түрлері белгілі бір тақырып шеңберінде сөйлеу құрылымдарын мақсатты түрде байытуға ықпал ететін тілдік емес тақырыпты шет тілінде игерудегі негізгі грамматикалық материал болып табылады, өйткені бұл бірліктер абстрактілі түрде емес, лексикаландырылған түрде ұсынылған. Мысалы: үй үлкен; аса үлкен; кең; ауқымды; үлкен көлемді; бір гектардай, т.б.

Осыған орай, үлкен бөлмені (субъект және оның белгісі) әртүрлі тәсілдермен сипаттауға болады. Мұнда баяндауыш сын есім арқылы (синонимдер мен салыстыру дәрежелерін қолдану), зат есім арқылы немесе сөз тіркесі арқылы берілуі мүмкін. Мысалдар:

The room is large, big, enormous, spacious, large-size, larger than ours, the biggest, a giant, a big hall; has an area of 100 square meters

(Бөлме үлкен, зор, кең, үлкен көлемді, біздікінен үлкен, ең үлкен, алып, үлкен зал; 100 шаршы метр аумақты қамтиды және т.б.).

Тілдік норма бағытында жұмысты жүргізіп отыру керек.

Етістік шақтары бойынша сөйлемдерде етістіктерді теріп, оларды өткен , нақ осы шақ, келер шақта қояды: сатты/сатып жатыр/сатады; созылды/

созылып жатыр/ созылады; бөлінді/бөлініп жатыр/бөлінеді; болды/ болып жатыр/болады; тарады/тарап жатыр/тарайды; келдікеліп жатыр/ келеді; шығарылды/ шығарылып жатыр/ шығарылады.

Сөздік қорын молайту мақсатында сөз тіркестерін жинақтайды:

қымбат мата, Жібек жолы, алтын бұйым, сауда орны, жақсы жылқылар, ғылым жетістіктері, ұзақ жол, зат сатады/сауда-саттық жасайды, тауар алмасу, экспортқа шығарады, дәлелдей аламын.

Әр жұп тірек сөздер мен синонимдерді қолданып, сұрақтарға жауап іздейді: *қазіргі кезде Ұлы Жібек жолы бар ма? Қазақстан мемлекеті қандай елдермен сауда-саттық жасайды? біздің ел экспортқа қандай тауарлар шығарады? Қазақстанға ең көп тауар қай елден келеді?*

оқушылардың өз пікірлерін дәлелдеуді үйретуде мына көмекші сөздерді қолданысқа енгізу қажет

«Менің ойымша...»; «Себебі, мен оны... деп түсінемін»; «Оны мен ... деген фактілермен дәлелдей аламын»; «Осыған байланысты ...»

Менің ойымша, Қазақстанға ең көп тауар Қытай елінен келеді. Себебі, мен оны біздің елімізге шекаралас мемлекет деп түсінемін.

Оқушыларды жобалық ізденіс жұмыстарына тарту да оқу сапасына жаңа бір жол. Мысалы, біз жобаны былай бастай аламыз: «Балалар, сендер әр отбасы дәстүрлерін сақтайсыңдар. Сол дәстүрлерді зерттеп, бізге әңгімелеп беріңдер. Ол үшін отбасы мүшелерінен сұхбат алып, фото жинақтап, шағын жоба жасаймыз».

Жобаның мақсатын түсіндіру

Қазақ отбасының дәстүрлерін білу арқылы оқушылар ұлттық құндылықты бағалайды.

Өз отбасының дәстүрлерін зерттеу арқылы жеке тәжірибесін байланыстырады.

Тақырып таңдауға оқушыға бағыт беріледі. Әр оқушыға (немесе топқа) дәстүрлердің ішінен бір тақырып таңдауды ұсынып беруге болады: *шілдехана, бесікке салу, тұсаукесер, беташар, қонақ күту дәстүрі, сыйластық, үлкенге құрмет, кішіге ізет.*

Зерттеу кезеңдері (оқушыға арналған қадамдар):

Мәселені анықтау – таңдалған дәстүр туралы сұрақ қояды: *«Бұл дәстүр не үшін маңызды?»*

Ақпарат жинау – үлкендерден сұхбат алу, кітап, интернеттен мәлімет табады.

Салыстыру – қазақ дәстүрін басқа халық дәстүрімен салыстырады (мысалы, қонақ күту).

Шығармашылық бөлімі – сурет, бейнеролик, инсценировка, әңгіме, постер.

Қорытынды жасау – дәстүрдің бүгінгі күндегі маңызы туралы ой айтады.

Ұйымдастыру формалары:

Жеке жоба: «Менің отбасымдағы дәстүр» (эссе, шағын зерттеу).

Жұптық жоба: «Әжемнің әңгімесінен» (сұхбат + сурет).

Топтық жоба: «Қазақ дәстүрлері – халық қазынасы» (презентация, бейнеролик, сахналық көрініс).

Қорғау формалары

Презентация (PowerPoint, Canva, постер).

Видеоролик түсіру.

Сахналық қойылым жасау.

Фото-коллаж жасап түсіндіріп айту.

6. Бағалау критерийлері

Зерттеудің толықтығы (мәлімет жинай алды ма?).

Шығармашылық көзқарас (эссе, сурет, бейне, қойылым).

Тілдік норма (сөздерді дұрыс қолдану, сөйлеу мәдениеті).

Қорғау шеберлігі (өз ойын жеткізе білу).

Оқушылармен дербес шығармашылық жұмыс ұйымдастыру қажет.

Қазақ тілін технология (сурет) сабағымен ұштастыруға болады, сабақта алған білімдерін, ой-қиялдарын әрі қарай дамытуға болады: *«Ұлы Жібек жолымен жүрген керуенді суреттеп көр»*.

Оқушылар көркемдік қиялымен өткен дәуірді бейнелейді:

- карта бойынша тапсырма жасатуға болады: *«Жібек жолының бағытын картада белгілеп, оған өзіңше ат қой»* немесе *«Қай қалаға аялдар едің, не үшін?»* Осы тапсырма бойынша география, тарих, қиял ұштасады.

- рөлдік ойын түрінде ұйымдастыруда оқушылардың сөйлеу дағдысын дамытуға болады, мұнда әр оқушыға рөл беру: *саудагер, қолөнерші, саяхатшы, ғалым, елші*. Әркім өз көзқарасын айтып шығады.

- әдеби шығарма түрінде, алдыңғы сабақтарда алған білімдерін, білген сөздерін қолданып эссе (көлемі 50 сөз) жазуға тақырып беру: *«Егер мен Жібек жолымен саяхаттасам...»*; *«Жібек жолы – халықтар достығы»* тақырыбында 4-жолды өлең шығару; *«Керуендегі бір күн»* тақырыбына әңгіме жазу;

- сабақ үстінде топпен жұмыс ұйымдастырып, шағын презентация жасау, постер қорғау (мини-жоба) тапсырма: топтарға бөліп, әр топқа тақырып беру: *«Жібек жолындағы қала (Тараз, Сайрам, Отырар)»*; *«Саудаға түскен тауарлар»*;

- креативті тапсырмалар: *«Жібек жолы болмаса, тарих қалай болар еді?»* деген сұраққа пікір айту; *«Жібек жолы қазіргі заманда қандай жолға ұқсайды?»* (Интернет арқылы – жаңа Жібек жолын құрады).

Шығармашылық тапсырмалар бойынша басқа сыныпта мысал келтірсек болады:

Тақырып: «Менің отбасымдағы ең қымбат дәстүр» (8–10 сөйлем).

2-тапсырма. Диалог (жұптық жұмыс, 4 мин)

Шарт: «Тұсаукесер» немесе «Бесікке салу» дәстүрі туралы сұрақ-жауап құру (кемінде 6 реплика).

3-тапсырма. Сурет немесе коллаж (жеке жұмыс, 3 мин)

Тақырып: «Дәстүр – халық қазынасы» (дәстүр бейнеленген сурет, оған 2–3 сөйлем түсіндірме).

4-тапсырма. Инсценировка (топтық жұмыс, 5 мин)

Тақырып: «Тұсаукесер дәстүрі» (рөлдік ойын).

5-тапсырма. Мақал-мәтел (жұптық жұмыс, 2 мин)

Тапсырма: *Отбасы мен дәстүр туралы* 2–3 мақал айтып, біреуін түсіндіреді.

Шағын жоба: «*Менің әулетімнің дәстүрлері*» тақырыбы бойынша отбасы мүшелерінен сұхбат алып, постер немесе шағын презентация дайындау.

Қарапайым интерпретацияда когнитивті талдау мәтінді түсіну дәрежесін зерттеуге және анықтауға бағытталған әрекеттер кешенін білдіреді: автор не айтқысы келді, оқырман мәтінді қалай түсінді және т.б. мәтінді когнитивті талдаудың мәні мәтінді когнитивті талдау – бұл танымға бағытталған ақпаратпен жұмыс істеудің қуатты құралдарының бірі. Көбінесе ол белгілі бір алшақтық, қарама-қайшылық бар және автордың идеясын немесе идеясын түсіну үшін қосымша батыру немесе фактілерді мұқият қайта қарау қажет бастапқы дереккөздерге қатысты қолданылады.

Когнитивті талдау когнитивті лингвистика әдістеріне жатады – сөйлеу және тілдік талдау, материалдар өндірісін бағалау арқылы мәтіннің анықтығын, дұрыстығын және қол жетімділігін зерттеуге арналған арнайы лингвистикалық бөлім.

Мәтіннің когнитивті талдауы келесі функцияларды орындайды. Біріншіден, бұл тәсіл ақпаратты сапалы өңдеуге және оның мәнін, негізгі ойлары мен фактілерін анықтауға, яғни қарастырылып отырған мәселе немесе сәт аясында нақты білім мен түсініктер алуға мүмкіндік береді. Бұл рөлде когнитивті талдау пайдаланушының қазіргі дайындық деңгейін бағалауға, олқылықтардың орнын толтыруға, сол арқылы эрудиция деңгейін арттыруға және ой-өрісін кеңейтуге мүмкіндік береді. Мәтінді когнитивті талдау функциялары екіншіден, когнитивті талдау трансформациялық функцияны орындайды. Оның көмегімен мәтін «екінші өмірге» ие болады, мұнда бір пайдаланушы алынған деректерді өз мақсаттары үшін пайдаланады: жаңа жобаларды дайындау кезінде, әңгімеде немесе іс-шараларда сөйлеу кезінде және т.б. Когнитивті талдау бастапқы дереккөздің мәнін сауатты түрде қайталауға, бастапқы контексті немесе идеяны, авторлықты және т.б. сақтай отырып, оған жаңа түсінік беруге мүмкіндік береді. Мәтінді зерделеу барысында пайдаланушы мәселенің немесе позицияның мәнін тереңірек түсіну үшін тақырып бойынша бар көріністерге сүйенеді. Мұндай қиын бизнесте зерттелген материалды белгілі бір жағдай немесе модель түрінде ұсына білу маңызды. Сонымен қатар, бұл функция деректерді қабылдаудың дұрыстығын бағалауға мүмкіндік береді: олардың негізгі ережелер мен ережелерге, авторлық ұстаным мен идеяға сәйкестігі, нақты жағдайға сәйкестігі және т.б. Осылайша, когнитивті талдау – бұл мәтінді қолданушы мен оның жасаушысы ауызша және жазбаша тіл арасында байланыс орнатуға бағытталған ақпаратпен жұмыс істеудің ерекше түрі, бастапқыда сипатталған мәні, фактілер мен деректерді қабылдау және т.б. Яғни, бұл әдіс ұсынылған ақпараттың дұрыстығы мен сауаттылығын және оны түсіну, қабылдау және түсіну дәрежесін бағалау үшін екі жазықтықты бөліп, олардың арасында параллель жүргізуге мүмкіндік береді.

Мәтінді когнитивті талдау қашан және не үшін қажет? Деректерді когнитивті талдауды объективті тәсіл деп атауға болады. Бұл құрал көбінесе зерттелген ақпарат пен фактілерге қатысты жеке қабылдау мен пікірге негізделген. Бірақ айқын субъективтілікке қарамастан, ақпаратты өңдеу әдісі ретінде когнитивті талдауды қолдану әртүрлі өмірлік жағдайлар мен өндірісте сұранысқа ие. Когнитивті талдауды қолданудың ең айқын қажеттілігі – бұл мектеп оқушылары мен ЖОО білім алушыларына да оқуды тиімді ету тетігі. Осы тұрғыдан алғанда, қарастырылып отырған парадигма барлық нюанстарды түсінуге, қабылдауға қиын сәттерді бөліп көрсетуге және оларды жаңадан (қол жетімді) түсіндіруге, білім мәселелерін толтыруға, ұсынылған тақырыпты мұқият қайта қарастыруға және оны жақсы есте сақтауға мүмкіндік береді.

Оқыту тілінде түсінбей, екінші тілге көшу – мұғалімнің кәсіби жұмысындағы қателік болып саналады. Жаттанды мәтінмен баға алып, қазақстандық мектептерде эксперимент нәтиже бермегенін білеміз.

Басқа тілді (мысалы, орыс, ағылшын, қазақ тілі) оқыту барысында ең бастысы – тілді жаттанды ереже емес, қарым-қатынас құралы ретінде үйрету. Сабақтың басты мақсаты – оқушыны сөйлету. Сабақ үстінде келесі әдістерді қолдануға болады:

Диалог, сұхбат, рөлдік ойындар арқылы жаңа сөздер мен грамматиканы қосып қолдану. Мысалы: *«Жібек жолында кездескен екі саяхатшының аңгімесін құраңдар»*.

Жаңа сөздер: *керуен – караван; саудагер – купец; тауар – товар; жібек – шёлк; сапар – путешествие; айырбас – обмен; жол – путь / дорога*

Грамматикалық тапсырма: *Мен ... іздеп жүрмін. Сіз қайдан келдіңіз? Бұл тауар қанша тұрады? Сізбен сауда жасауға бола ма?*

1-саяхатшы: *Сәлеметсіз бе! Сіз қайдан келдіңіз?*

2-саяхатшы: *Сәлеметсіз бе! Мен Қытайдан келдім. Ал сіз ше?*

1-саяхатшы: *Мен Самарқандтан келдім. Керуенімде түрлі тауар бар.*

2-саяхатшы: *Қандай тауар әкелдіңіз?*

1-саяхатшы: *Менде жүн, кілем, қымыз бар. Ал сізде не бар?*

2-саяхатшы: *Мен жібек пен шай әкелдім. Айырбас жасайық па?*

1-саяхатшы: *Әрине, келісейік!*

Оқушыларды жұпқа бөліп, тапсырма беріледі; әр жұпқа жаңа сөздер мен үлгі сөйлемдер ұсынылады; алдымен дайын үлгі бойынша диалог құрады; кейін өздері жаңа сұрақтар мен жауаптар ойлап табады; соңында рөлдік қойылым ретінде сахналайды.

Мәтінді когнитивті талдаудың қажеттілігі мен орындылығы: когнитивті талдау білім берудің барлық кезеңдерінде саналы және бейсаналық түрде: үй тапсырмасын дайындау кезінде оқушылар зерттелетін материалды зерттеп, жаңа зерттелген сәттерді есте сақтауда, бұрын өткен фрагменттерді бекітуі және т.б.; тапсырмаларды талдау және дәл түсіну, тапсырманың шарттарын түсіну және тиімді шешімді, негіздемені таңдау үшін мәселелерді шешуде; алдағы сынақтарға дайындық кезінде (бақылау жұмысы, емтихандар, сынақтар және т.б.) материалдарды қайталау және олқылықтарды толтыру кезінде, ғылыми

аспектілерді мұқият түсіну және ақпаратты түсіну мен меңгеруді көрсететін дәл, дұрыс және толық жауап әзірлеуде қолданылады.

Мәтіннің когнитивті талдауы ғылыми-зерттеу ортасында да қолданылады: ғылыми конференцияға немесе семинарға дайындық кезінде, курстық, дипломдық немесе ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау кезінде, зерттеуді қорғауға дайындық кезінде және т.б. Бұл жағдайда когнитивті талдау ұсынылған идеяның тиімділігін бағалауға, оны ғылым мен практикадағы нақты жағдаймен байланыстыруға мүмкіндік береді, негізгі ойларды, өз ұстанымыңызды және фактілерді бөлектеніз (оны мұқият негіздеңіз).

Ғылыми-зерттеу ортасында когнитивті талдау нәтижелерді сауатты және дұрыс түсіндіруге, сапалы ақпараттық базаны таңдауға және оны алға қойылған идеяны негіздеу немесе жоққа шығару үшін дұрыс пайдалануға мүмкіндік береді. Шын мәнінде, бұл құрал авторға алдымен тақырыпты түсінуге, содан кейін белгіленген мәселеге қатысты жаңа немесе ең тиімді шешімді ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар когнитивті талдау күнделікті өмірде сәтті қолданылады (көбінесе бейсаналық, интуитивті немесе «автоматты режимде»). Бұл парадигмада ақпаратты пайдаланушылар бір-біріне ақпаратты өздері қабылдағандай немесе қабылдағандай береді, Қажет болған жағдайда ғылыми перделер, эксперименттер және т.б. арқылы тиісті сәттерді, мәлімдемелерді немесе жеке сәттерді екі рет тексереді. Осы тұрғыдан алғанда, когнитивті талдау кез келген жағдайда ақпаратты берудің өзіндік тәсілі ретінде қызмет етеді: қарапайым әңгіме, жиналыс, жұмыс немесе тұрмыстық мәселелерге қатысты шешімдер іздеу, қақтығыстарды реттеу және т.б.

Осылайша, ақпаратты когнитивті талдау кез келген қызмет саласында, ғылымда немесе салада қолданылады, бұл барлық нюанстарды мұқият түсінуге, оларды дұрыс қабылдауға мүмкіндік береді, мәселенің мәнін зерттеп, оңтайлы немесе тиімді шешімді таңдап, оны барлық қолжетімді позициялардан мұқият негізделеді. Когнитивті талдауды жүргізу принциптері когнитивті талдау, деректерді зерттеу және түсіну ғана емес. Бұл тәсіл объективті және субъективті сипаттамалардың, сәттердің жиынтығына негізделген. Когнитивті талдауды жүзеге асырудың бірінші ережесі – ғылым принципі. Бұл жағдайда пайдаланушы тиісті мәселені немесе тақырыпты мұқият зерттеп, ғылыми фактілерді, тенденцияларды, ұстанымдарды бөліп көрсетіп, оларды өз идеясын, ұстанымын, шешімін негіздеу барысында сауатты қолдануы керек. Бұл жағдайда қарастырылып отырған әдіс мәселені шешудің қолданыстағы канондары мен қолданыстағы тәсілдерін зерттеуге, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін, қолдану мүмкіндіктерін бөліп көрсетуге және оларды қолданудың жаңа мүмкіндіктерін, қабылдау мен қолданудағы қиындықтарды, олқылықтарды (кемшіліктерді) көрсетуге мүмкіндік береді.

Когнитивті талдаудың екінші каноны – түсіну принципі. Ол мәлімделген тақырып, сұрақ бойынша барлық аспектілерді мұқият зерттегеннен кейін, пайдаланушы жаңа білім, идеялар алуға немесе қазіргі интеллектуалды немесе практикалық базаны заманауи дәлелдермен, әдістермен және т.б. толықтыруға кіріседі деп болжайды, яғни когнитивті талдау адамға тақырыпты тереңірек түсінуге, білімдегі қайшылықтар мен олқылықтарды анықтауға, жеке

тұлғаларды мұқият түсінуге, олқылықтардың орнын толтыруға, материалдарды жақсы есте сақтауға және болашақта оларды шебер пайдалануға және т.б. мүмкіндік береді.

Когнитивті талдаудың негізгі ережелері, мәтінді когнитивті талдаудың үшінші принципі – ассоциация әдісі. Осы тұрғыдан алғанда, ақпаратты өңдеуге қарастырылған тәсіл пайдаланушының қазіргі білімі мен идеяларына негізделген, бұл жаңа парадигмаларды қабылдау сапасына әсер етеді. Бұл жағдайда автор қазіргі дайындық пен өзінің қиялына байланысты зерттелген материалды оның болжамдары, салыстырулары, идеялары және т.б. негізінде оны қабылдау түрінде ұсынады. Қарастырылып отырған ережесіз когнитивті талдау әдісін толығымен жүзеге асыру мүмкін емес, өйткені бұл деректерді қабылдаудың ерекшеліктері мен дәрежесін, авторлық түсіндірудің пайдаланушының түсінігімен сәйкестігін және т. б. анықтауға мүмкіндік береді. Қарастырылып отырған канонды іске асыру келесі парадигмаларды салыстыруды немесе салыстыруды қамтиды: белгілі бір автордың ғылыми ұсыныстары мен ұсыныстары, материалдың мәні және пайдаланушы қауымдастығы, Оқырман пікірі және авторлық ұстаным (автордың пікірі) және т.б. Осы тәсілдің көмегімен сіз деректерді қабылдаудың дұрыстығын, қиындықтар мен нәзіктіктерді түсіну қабілетін, пайдаланушының қазіргі дайындық деңгейін және оның ойлауының дұрыстығын, ақпаратты сауатты және мұқият өңдеу (түсіну) қабілетін және т. б. анықтай аласыз, материалдарды жеке, ғылыми, оқу, жұмыс немесе өзге де мақсаттарда қайта қарап, қолдануға болады.

Мәтінді когнитивті талдау – бұл субъективті қабылдау, ассоциация және деректерді түсіну негізінде ақпаратты зерттеу және өңдеу тәсілі. Яғни, пайдаланушы материалды бірнеше позициядан талдап, содан кейін алға қойылған парадигмалардың мәнін, ерекшеліктері мен негізділігін көрсететін жалпы, негізделген және нақты қорытынды жасауы керек. Когнитивті талдауды мәтінді зерттеудің екі деңгейіне бөлуге болады, олардың әрқайсысы тапсырмалардың белгілі бір спектрін, материалдарды, әдістерді және т.б. зерттеу тәсілдерін қамтиды. Салыстырмалы белгілерді анықтау, когнитивті талдау, семантикалық талдау, мәтіндегі негізгі тармақтарды анықтау, лингвистикалық ерекшеліктерді айқындау, мәтіннің семантикалық ядросын шығару - талдаудың негізгі параметрлері. Стилистика, лексика, грамматика, логика аспектілерін талдау, идея, фактілер, қорытындыларға назар аудару, негіздеу, бөлектеу, талдау, салыстыру немесе салғастыру, модельдеу сияқты әдістерді және тәсілдерді қолдану, автордың ұстанымдарына когнитивті талдау жасау, мәтінді лингвистикалық жағынан бағалауға бағытталған.

Бұл бөлімде келесі парадигмаларға баса назар аударатырып, ақпаратты құру ерекшеліктерін мұқият зерделеу ұсынылады:

- синтаксистік конструкциялар және оларды оқудағы, қабылдаудағы қиындықтар;

- материалдардың лексикасы мен сөздік қорын зерттеу: қатысатын терминологияның ерекшелігі сөйлеудің белгілі бір бөліктерінің, өрнектердің

әдістері мен құралдарының басым болуы, белгілі бір стильге берілгендік және т.б.;

- лингвистикалық және ғылыми ережелерді сақтау: қарастырылған тақырып және т.б. Яғни, ресми когнитивті талдау құрылымдық және мазмұнды ерекшеліктерді, ақпараттық базаны және т.б. атап көрсетуге арналған.

Семантикалық әртүрлілік мәтіннің семантикалық өзегін және сөздердің жағдайдың дамуына әсерін, пайдаланушының дайындық деңгейін және т.б. бағалауға бағытталған. Бұл аспектіде пайдаланушыға ақпараттың логикалық негіздерін бөліп көрсету маңызды: мәні, идеясы, фактілері, авторлық ұстанымы, тұжырымдары және т.б. осы тұрғыдан алғанда, пайдаланушы мәтінге оны құру мақсатына, алға қойылған ережелер мен пікірлерге, сапаға баса назар аударады. Сонымен қатар, бұл материалдарға семантикалық батыру ең қиын болады, ол логикалық сүйемелдеуді, тақырып немесе мәселе бойынша идеялар мен білімнің болуын және т.б. Ресми және семантикалық тәсілдің үйлесімі арқасында когнитивті талдау сипатталған жағдайды мұқият және тереңірек түсінуге, мәтіннің ерекшеліктерін, оны қабылдаудың күрделілігін анықтауға және өз дайындығындағы олқылықтардың орнын толтыруға мүмкіндік береді. Қиындықтар туындады ма? Мұғалімнің көмегі қажет пе? Біз сізге көмектесуге әрқашан қуаныштымыз!

ДРК ғылыми мақалалары курстық жұмыстар, когнитивті талдау кезеңдері, когнитивті талдау жүргізу – сарапшыдан немесе пайдаланушыдан байқау мен хабардарлықты талап ететін көп сатылы процедура. Материалдарды зерттеу нәтижелері лайықты, сапалы және дұрыс болуы үшін келесі алгоритмді ұстану керек. Когнитивті талдау жүргізу тәртібі Бірінші қадам – мәтінді зерттеу және оған қатысты негізгі ойлар мен идеяларды бөліп көрсету. Бұл жағдайда пайдаланушы өзіне белгілі сөздерді, ол жеткілікті дәрежеде иеленетін ережелерді бөліп көрсетеді, сонымен қатар оларды сөздерді, ережелерді нақты және біржақты түсінбейтін жаңа сәттерден шектейді, тек ассоциациялар мен интуитивті көріністер. Екінші қадам – бастапқы дереккөзге негізделген қарастырылған жағдай шеңберіндегі негізгі ойлар мен факторларды бөліп көрсету. Бұл жағдайда пайдаланушы себеп-салдарлық байланыстарды, негізгі тенденцияларды бөліп көрсетіп, тиісті ауытқулар мен өзгерістерді тудыратын факторларды белгілеуі керек. Осы кезеңдегі мәтінді логикалық талдаудан басқа, автордың позициясын, материалдың құрылымын және қатысатын құрылымдардың ерекшеліктерін бағалауды, олардың стильге сәйкестігін және т.б. баса назар аудара отырып, материалдардың лингвистикалық сипаттамасы орынды.

Үшінші қадам – автордың идеясына және оны қабылдаудың дұрыстығына сәйкестігін анықтау мақсатында зерттелетін мәселе шеңберінде белгілі фактілер мен пайдаланушыға белгісіз параметрлерді анықтауды, жеке идеялар мен бірлестіктерді көрсетуді көздейтін жағдайды модельдеу. Жағдайды модельдеу арқылы талдаушы жаңадан зерттелген ақпараттың дәлдігі мен дұрыстығын, түсіну процесін ғана емес, сонымен қатар идеялардың нақты тенденцияларға, ғылыми фактілерге және т.б. сәйкестігін анықтайды.

Модельдеу автордың шарттары мен ұстанымын одан әрі түзете отырып, ағымдағы бірлестіктер мен білім негізінде нақты модель құруды қамтиды. Бұл жағдайда тақырыпты мұқият талдау, олқылықтарды жедел толтыру, сипатталған құбылыстарды, фактілер мен тенденцияларды дұрыс қабылдау және т.б. маңызды. Қарастырылып отырған кезең бастапқы дереккөздерді мұқият түсініп қана қоймай, сонымен қатар қолда бар құралдарды, фактілерді, мүмкіндіктерді, жағдайдың ерекшеліктерін ескере отырып, мәселені шешудің «кілтін» таңдауға және алға қойылған жолды мұқият негіздеуге мүмкіндік береді. Яғни, когнитивті талдаудың көмегімен зерттеуші қарастырылып отырған мәселе бойынша өзінің ұстанымын мұқият негіздейді, дәлелді базаны жинайды және әсер ету тәсілін, өзіндік және тиімді шешімді дамыта алады.

Осылайша, когнитивті талдау мәселені немесе тақырыпты мұқият зерттеуді, бастапқы дереккөздерге енуді, оларды қайта қарауды және «жеке» (субъективті) модель құруды талап етеді. Қарастырылып отырған тәсіл фактілерді, тенденцияларды дұрыс және дұрыс қабылдауға және ыңғайлы жағдайда олармен жұмыс істей білуге мүмкіндік береді. Когнитивті талдау бойынша ұсыныстар когнитивті талдау автордан тақырыпты кем дегенде негізгі немесе минималды меңгеруді талап етеді. Сондықтан модель құру немесе негізгі парадигмаға ену үшін тақырыпты ашатын негізгі сұрақтармен танысу қажет. Белгілі бір ресурсты оқып қана қоймай, оны түсінуге дайын болу. Ол үшін жеке сөздер мен конструкциялардың мағынасын нақтылау, фактілер мен болжамдарды анықтау, қорытындыларды бөліп көрсету және т.б. яғни когнитивті талдауды қолдану үшін бастапқы дайындық маңызды. Олар: білім мен идеялардың болуы, жағдайды талдау үшін жалпы ғылыми әдістерді меңгеру және т.б. Олқылықтардың орнын толтыру және дайындық сапасын арттыру үшін нақты фактілерді, білім мен түсініктерді (ассоциацияларды) ажыратуды ұмытпау.

Когнитивтік талдау – білім сапасын көтерудің негізгі бағыттарының бірі. Бұл әсіресе үлгерімі әртүрлі сыныптарға өте қажет.

Олқылықтарды анықтау

Диагностика жүргізу – тест, бақылау жұмысы, сұрақ-жауап арқылы қай тақырыпта қиындық барын анықтау.

Жеке әңгімелесу – оқушының өзінен қандай тақырыпты түсінбей жүргенін білу.

Үнемі бақылау – үй тапсырмасы, шағын жазбаша жұмыс, ауызша жауап.

Олқылықтардың орнын толтыру тәсілдері

Қайталау сабақтары – бұрын өткен негізгі ұғымдарды қайта қарау.

Жеке тапсырмалар – оқушының әлсіз тұсына қарай арнайы жаттығулар беру.

Кеңес беру сабақтары – қосымша уақыт бөліп, жеке немесе шағын топпен жұмыс жасау.

Қорытындылау кестелері – тақырып бойынша сызба, диаграмма, кесте арқылы қайталау.

Деңгейлік тапсырмалар – жеңілден күрделіге қарай беріледі.

Дайындық сапасын арттыру жолдары

Сабақта белсенді әдістер қолдану – ойын, дебат, тренинг, топтық жұмыс.

Үй тапсырмасын жүйелеу – көлемі емес, сапасы маңызды.

АКТ пайдалану – интерактивті жаттығулар, онлайн-тест, бейнесабак.

Өзіндік жұмысқа баулу – конспект жасау, реферат, эссе жазу.

Уақытты дұрыс жоспарлау – оқушыға оқу режимін үйрету.

Мұғалімнің рөлі

Әр оқушыны дербес қолдап отыру

Мотивация беру – оқуда жетістікке жетуге ынталандыру.

Ата-анамен байланыс – оқушыны бірлесіп қадағалау.

Нәтижені қадағалау – әр оқушының даму динамикасын бақылап отыру.

Тек тақырыпты дәл меңгеру оны мұқият түсінуге және барабар модель құруға, тиімді және негізделген шешімді тандауға мүмкіндік береді. Семантикалық және лингвистикалық талдауды параллель жүргізу немесе көрсетілген әрекеттерді шектеу дұрыс. Алдымен мәселенің мәнін зерттеп, содан кейін құрылымдық-мазмұндық аспектілерді және лингвистикалық ережелерді сақтауды бағалау. Когнитивті талдауда деректерді қабылдау маңызды, сондықтан семантикаға, логикаға, фактілерге, қорытындыларға және т. б. назар аудару керек.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптары деңгейінде үш тілде білімді меңгерген, көптілді коммуникативтік құзыреттіліктері қалыптасқан, көпмәдениетті, рухани-адамгершілік қасиеттері дамыған тұлғаны тәрбиелеу қажет. Яғни, бүгінгі мектеп түлегі – көптілді коммуникативтік және ақпараттық құзыреттілігі дамыған, көпмәдениетті, рухани-адамгершілік, ұлтаралық қатынастар мәдениетінің жоғары деңгейін меңгерген, ұлттық және жалпы қазақстандық құндылықтарды қастерлейтін, тілдерді меңгеруге тұрақты қызығушылық танытатын, отансүйгіштік және азаматтық сана-сезімдері дамыған тұлға.

Орыс тілді оқушыларға қазақ тілінде қазақ тілі мен әдебиетін функционалды-коммуникативті және когнитивті-коммуникативті технологиялар бойынша оқытудың тиімділігі көрсетілген. Көп жылдар осы технология негізінде оқушыларды қазақ тілінде тыңдап, түсіну, тақырып аясында кілтті лексиканы белсенді қолдану және диалог пен монолог түрінде ойларымен бөлісу құзыреттілігін дамытуда. Алынған нәтижелер өңірлік және республикалық ғылыми әдістемелік шараларда сынақтан өткізілген.

2. 5-11-СЫНЫПТАРДА ТІЛДІК ЕМЕС ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА КОГНИТИВТИ-КОММУНИКАТИВТИ ТӘСІЛДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Технология бойынша мектеп мұғалімдері мен ЖОО білім алушылар іске асыруда. Мысалы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ шетел филологиясы кафедрасының 4-курс студенттері (Жалмухамедова Айсауле) 2019 жылы мынадай сабақтар құрастырып, мектептерге ұсынған.

Оқу мақсаттары		
Тыңдалым	1.5 Тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну	5.1.3.1 күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердіңмағынасын түсіну
Айтылым	2.5 Тыңдау-көру материалдар негізінде ойды айту	5.2.5.1* берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру
Оқылым	3.3 Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау	5.3.3.1* шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау
Жазылым	4.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау	5.4.2.1 пайымдау мәтін құрылымын сақтай отырып, ойды дәлеледеп жазу
Тілдік дағдылар	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау	5.5.1.5 болымды, болымсыз етістіктерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану
Қазақ тілі (орыс сыныбында)		
Сынып	5	
Бөлім атауы	Әлемдегі ірі кітапханалар	
Сабақтың нөмері, тақырыбы	7. «Ғылым таппай мақтанба»	
САБАҚҚА ШОЛУ		
Досым, осы сабақтан кейін сен ақын Абайдың ғылым жолында болу өсиетін өзіңнің ойыңда сақтап жүресің		
Сенің меңгеретінің	Қарама-қарсы мағыналы сөздерді қолдана аласың;	

	дауысты дыбыстарды қолдануды жетілдіресің; етістіктің болымды – болымсыз түрлерімен қолданып үйренесің; мәнерлеп оқуды үйренесің; мәтіннің негізгі идеясын анықтайсың	
--	---	--

САБАҚТЫҢ МАЗМҰНЫ

БЕЛСЕНДІ СӨЗДІК

(тақырыпты меңгеруге көмектесетін ережелер мен жаңа сөздер немесе кестелер)
Мына жаңа сөздерді тыңдап, оқып, қолдануды үйрен

Компьютерная мультипликация



1. Дария ғылымды жақсы көреді. (ғылым - наука)
2. Ол мектепте жақсы оқиды. Дария жетістіктің еңбек арқылы келетінін біледі.



(еңбек - труд)



3. Оның басты талабы – еріншек болмау. (талап – требование; еріншек - ленивый)



4. Дария уақытын бекер өткізбейді. (бекер - зря)



5. Дария ерекше махаббатпен Абай Құнанбаевтың кітаптарын оқиды. (махаббатпен – с любовью)
6. Ол Абай Құнанбаевтың кітаптарының арқасында бар нәрсеге қанағат етуді



және өсек, өтірік айтпауды  , сонымен қатар мақтаншақ



болмауды үйренді. (қанағат – *довольствоваться* малым, өсек – *сплетни*, өтірік – *ложь*, мақтаншақ – *хвастун*).



7. Мейірімділік адам бойындағы ең жақсы қасиеттердің бірі екендігін бізге Абай атамыз айтып кеткен. (мейірімділік – *доброта*).

ТЫҢДАЛЫМ

Автоматтандыруға рұқсат етілген жаттығулар түрін қолдану қажет

Жаттығу №1

		Дыбысталатын мәтін
Тапсырма	 Абай Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңін Дария оқиды. Бос орындарды жазбаны тыңдау арқылы толықтырыңыз. _____ таппай мақтанба, Орын таппай баптанба, Құмарланып шаттанба, Ойнап босқа күлуге. Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, Адам болам десеңіз. _____, _____, _____, _____, бекер мал шашпақ – Бес дұшпаның, білсеңіз. _____, _____, терең ой, _____, рақым, ойлап қой –	Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба, Құмарланып шаттанба, Ойнап босқа күлуге. Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, Адам болам десеңіз. Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ – Бес дұшпаның, білсеңіз.

	Бес асыл іс, көнсеңіз. Ғалым болмай немене, Балалықты қисаңыз? Болмасаң да ұқсап бақ, Бір ғалымды көрсеңіз. Ондай болмақ қайда деп, Айтпа _____ сүйсеңіз, Сізге _____ кім берер, Жанбай жатып сөнсеңіз? Дүние де өзі, мал да өзі, _____ көңіл берсеңіз. Білгендердің сөзіне _____ ерсеңіз.	Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым, ойлап қой – Бес асыл іс, көнсеңіз. Ғалым болмай немене, Балалықты қисаңыз? Болмасаң да ұқсап бақ, Бір ғалымды көрсеңіз. Ондай болмақ қайда деп, Айтпа ғылым сүйсеңіз, Сізге ғылым кім берер, Жанбай жатып сөнсеңіз? Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл берсеңіз. Білгендердің сөзіне Махаббатпен ерсеңіз.
Жауаптары	Ғылым, өсек, өтірік, мақтаншақ, талап, еңбек, қанағат, ғылым, ғылым, ғылымға, махаббатпен	
Жаттығу орындауға жетекші сөздер (подсказка) егер оқушы дұрыс жауап бермесе		


ІТ мамандары үшін ақпарат	«Ғылым таппай мақтанба» өлеңі Дарияның дауысымен оқылсын және жазба ретінде сақталсын. Жауаптары дұрыс болмаған жағдайда қызыл түспен белгіленсін, егер жауаптары дұрыс болса жасыл түспен белгіленсін.
ОҚЫЛЫМ	
Автоматтандыруға рұқсат етілген жаттығулар түрін қолдану қажет	
Жаттығу №2	
Тапсырма Өлеңді оқы. Өлеңнің негізгі ойын анықта және сәйкес тақырыпшаны анықтаңыз. Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба, Құмарланып шаттанба, Ойнап босқа күлуге. Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, Адам болам десеніз. Тілеуің, өмірің алдыңда, Оған қайғы жесеңіз. Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ, Бес дұшпаның, білсеңіз. Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым, ойлап қо Бес асыл іс, көнсеңіз. Ғалым болмай немене, Балалықты қисаңыз? Болмасаң да ұқсап бақ, Бір ғалымды көрсеңіз. Ондай болмақ қайда деп, Айтпа ғылым сүйсеңіз, Сізге ғылым кім берер, Жанбай жатып сөнсеңіз? Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл берсеңіз. Білгендердің сөзіне Махаббатпен ерсеңіз. 1) Адам ғылым мен білімге ұмтылу және алға қойған мақсатына жетуі үшін бес асыл қасиеттерге ие болуы керек. 2) Адам ғылым мен білімге ұмтылу және алға қойған мақсатына жетуі үшін еріншек болуы керек. 3) Адам ғылым мен білімге ұмтылу және алға қойған мақсатына жетуі үшін жаман қасиеттерге ие болуы керек.	Дыбыстала тын мәтін Берілген өлеңді түсініп оқы. Өлеңнің негізгі ойын анықта.


Жауаптары	1. Адам ғылым мен білімге ұмтылу және алға қойған мақсатына жетуі үшін бес асыл қасиеттерге ие болуы керек.	
Жаттығу орындауға жетекші сөздер (подсказка) егер оқушы дұрыс жауап бермесе		
ІТ мамандары үшін ақпарат	Жауаптары дұрыс болмаған жағдайда қызыл түспен белгіленсін, егер жауаптары дұрыс болса жасыл түспен белгіленсін.	
ЖАЗЫЛЫМ		
Автоматтандыруға рұқсат етілген жаттығулар түрін қолдану		
Жаттығу № 3		Дыбыстала тын мәтін
Тапсырма	Төменде берілген дауысты дыбыстармен сөздерді толықтырыңыз. ы (2), а (11), ұ (1), о (3), е (5), ү (1), ә (2) - Ғыл - м т - ппай м - қтанба, - Ор - н т – пп - й бапт - нба, - Қ – марл - нып ш – тт - ба, - Ойн - п б – сқ - к – луг -. - Б - с н – рсед - н қ - шық б - л, - Б – с н – рсег - ас - қ б -л.	Төменде берілген дауысты дыбыстармен сөздерді толықтыр.
Жауаптары	- Ғылым таппай мақтанба, - Орын таппай баптанба, - Құмарланып шаттанба, - Ойнап босқа күлуге. - Бес нәрседен қашық бол,	


	6. Бес нәрсеге асық бол.	
Жаттығу орындауға жетекші сөздер (подсказка) егер оқушы дұрыс жауап бермесе		
ІТ мамандары үшін ақпарат	Жауаптары дұрыс болмаған жағдайда қызыл түспен белгіленсін, егер жауаптары дұрыс болса жасыл түспен белгіленсін.	
Жаттығу № 4		Дыбысталатын мәтін
Тапсырма	Төменде берілген сөздерді мағынасына сай тиісті ұяшыққа орналастырыңыз.	
	<i>өсек; қанағат; өтірік; мақтанишақ; талап; еріншек; еңбек; терең ой; мейірімділік; бекер мал шашпақ</i>	
	Жақсы қасиет	Жаман қасиет

Жауаптары	Жақсы қасиет	Жаман қасиет	
	Қанағат	Өсек	
	Мейірімділік	Өтірік	
	Терең ой	Мақтаншақ	
	Талап	Еріншек	
	Еңбек	Бекер мал шашпақ	
Жаттығу № 5			Дыбысталатын мәтін
Тапсырма	Төменде берілген сөздерге антонимдарын дұрыс табыңыз және сәйкестендіріңіз.		
	еріншек	қарапайым	
	өтірік	шағымдану	
	мақтаншақ	еңбекқор	
	қанағат ету	шындық	
Жауаптары	еріншек	қарапайым	
	өтірік	шағымдану	
	мақтаншақ	еңбекқор	
	қанағат ету	шындық	


Жаттығу орындауға жетекші сөздер (подсказка) егер оқушы дұрыс жауап бермесе		
ІТ мамандары үшін ақпарат	Жауаптары дұрыс болмаған жағдайда қызыл түспен белгіленсін, егер жауаптары дұрыс болса жасыл түспен белгіленсін.	
АЙТЫЛЫМ		
Автоматтандыруға рұқсат етілген жаттығулар түрін қолдану		
Жаттығу №6		Дыбысталатын мәтін
Тапсырма	Төменде берілген сөз тіркестерін пайдаланып сөйлем құраңыз. Жақша ішіндегі сөздер міндетті түрде қолданылу керек. Сөйлем кем дегенде 4-5 сөзден құралу керек, сөз тіркестері саналмайды. 1. Менің ойымша ... (мақтаншақ,еріншек) 2. Керісінше ... (талап,еңбек) 3. Қорытындылай келе айтпағым, ... (адам,өмір) 4. Өз жеке басым, .. (қолдаймын) 5. Көпшіліктің ойынша, ... (жақсы,жаман) 6. Автордың айтуы бойынша, ... (оқырман)	Төменде берілген сөз тіркестерін пайдаланып сөйлем құра
Жауаптары	1. Көрсетілген барлық сөз қолданылды ма? (жақша ішіндегімен қоса) 3балл 2. Толық 6 сөйлем құралды ма? 1 балл 3. Грамматика мен орфография ережелері сақталды ма? 3 балл	
Жаттығу орындауға жетекші сөздер (подсказка) егер оқушы		

дұрыс жауап бермесе		
IT мамандары үшін ақпарат	Әрбір сөйлем құралған кезде жақшадағы сөздер және сөз тіркестері міндетті түрде қолданылу керек. Сөйлемде кілтті сөздер болған жағдайда ғана ол дұрыс болып саналады.	
Жаттығу №7		Дыбысталатын мәтін
Тапсырма	Абай Құнанбаев өз өлеңінде қандай нәрселерге асық және қандай нәрселерден қашық болсын дейді? Дұрыс жауапты тауып, ұяшықтарды толтырыңыз. 	Өлеңнің мазмұнын еске түсіре отырып, осы тапсырманы орындаңыз. Дұрыс жауапты тауып, ұяшықтарды толтырыңыз.

Жауаптары		
Жаттығу орындауға жетекші сөздер (подсказка) егер оқушы дұрыс жауап бермесе		
ІТ мамандары үшін ақпарат	Жауаптары дұрыс болмаған жағдайда қызыл түспен белгіленсін, егер жауаптары дұрыс болса жасыл түспен белгіленсін.	
ЖҰМЫС ПАРАҒЫ		
Тапсырма №1		Дыбысталатын мәтін

Тапсырма	Сіз берілген пікірмен келіспеңіз! 1) табу - таппау 2) іздеу - іздемеу 3) еңбектену - еңбектенбеу 4) еріну - ерінбеу 5) талаптану – талаптанбау 6) мал шашу – мал шашпау 7) өсек айту - өсек айтпау 8) мақтану - мақтанбау 9) ойлану - ойланбау 10) баптану -баптанбау  Есіңе сақта! Бұл етістік жұптарын болымды және болымсыз етістіктер деп атаймыз. - Ол табыс таппайды. – Жоқ, ол табыс - Дария әрқашан жеңіл жол іздейді. – Жоқ, ол ешқашан жеңіл жол - Мақсатқа жету үшін көп еңбектену қажет. – Жоқ, мақсатқа жету үшін - Ол тапсырманы ерініп істмеді. – Жоқ, ол тапсырманы - Білім мен ғылымды үйрену үшін талаптану қажет. – Жоқ, ғылым мен білімді үйрену үшін - Бекер мал шашу – жақсы әдет. – Жоқ, жақсы әдет – - Өсек айту - дұрыс іс. – Жоқ, - дұрыс іс. - Дария әрқашан мақтанады. – Жоқ, ол ешқашан - Шешім қабылдар кезде асықпай ойлану қажет. – Жоқ, шешім қабылдар кезде - Орын таппай баптану керек. – Жоқ, орын таппай	Сіз берілген пікірмен келіспеңіз!
-----------------	--	--

Жауаптары	1. Ол табыс таппайды. – Жоқ, ол табыс табады. 2. Дария әрқашан жеңіл жол іздейді. – Жоқ, ол ешқашан жеңіл жол іздемейді. 3. Мақсатқа жету үшін көп еңбектенбеу қажет. – Жоқ, мақсатқа жету үшін көп еңбектену қажет. 4. Ол тапсырманы ерініп істемеді. – Жоқ, ол тапсырманы ерінбей істеді. 5. Білім мен ғылымды үйрену үшін талаптанбау қажет. – Жоқ, ғылым мен білімді үйрену үшін талаптану қажет. 6. Бекер мал шашу – жақсы әдет. – Жоқ, жақсы әдет – бекер мал шашпау. 7. Өсек айту - дұрыс іс. – Жоқ, өсек айтпау - дұрыс іс. 8. Дария әрқашан мақтанады. – Жоқ, ол ешқашан мақтанбайды. 9. Шешім қабылдар кезде қажет ойланбау керек. – Жоқ, шешім қабылдар кезде асықпай ойлану керек. 10. Орын таппай баптану керек. – Жоқ, орын таппай баптанбау керек.	
ІТ мамандары үшін ақпарат	Жауаптары дұрыс болмаған жағдайда қызыл түспен белгіленсін, егер жауаптары дұрыс болса жасыл түспен белгіленсін.	

Тапсырма №2		Дыбысталатын мәтін
Тапсырма	Ойыңызды пайымдауға үйреніңіз  Ғылым жолымен неге жүру керек? Біріншіден, Екіншіден,..... Үшіншіден,..... Төртіншіден,..... Бесіншіден,..... Қорытындыласам, Абай атамыздың айтқан ақылы бізге тура жол сілтейді.	Ойыңызды пайымдауға үйреніңіз!

Сабақтың ID нөмері: 5 сынып, 7 сабақ
Тақырыбы: «Ғылым таппай мақтанба»

Видеофильм сценарийі	Дыбысталатын мәтін	Жазулар (титры)	Көрнекілік және видео материалдар бойынша түсініктемелер
https://youtu.be/yt2dkM8NaEY Видеоматериалының мультнұсқасын жасау керек. Кейіпкерлер де, фонда ойнап тұратын ән де дәл сондай болу керек.	Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба, Құмарланып шаттанба Ойнап босқа күлуге, Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол. Адам болам десеңіз. Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал	Абай Құнанбайұлы «Ғылым таппай мақтанба»	

	шашпақ Бес дұшпаның білсеңіз, Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым, ойлап қой – Бес асыл іс, көнсеңіз. Ғалым болмай немене, Балалықты қисаңыз? Болмасаң да ұқсап бақ, Бір ғалымды көрсеніз. Ондай болмақ қайда деп, Айтпа ғылым сүйсеңіз. Сізге ғылыми кім берер, Жанбай жатып сөнсеңіз? Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл берсеңіз. Білгендердің сөзіне Махаббатпен ерсеңіз.		
--	--	--	--

Павлодар қаласының Мұхтар Әуезов атындағы жалпы орта білім беру мектебіндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен беретін ұстаздар Абенова Гульзия Каирбековна мен Абылова Мейрамгуль Жумағалиевна когнитивті-коммуникативтік технологияны тәжірибеде қолдануда.

Оқушылардың тыңдалым, айтылым, жазылым және оқылым дағдыларын дамыта отырып, ресми-іскерлік мәтіндердің (ресми құттықтау, тарихи мәтіндер) тілдік ерекшеліктерін анықтап, талдауға бағытталған.

Сабақтың мақсаты: оқушылар ресми-іскерлік мәтіндердің тілдік және мазмұндық ерекшелігін талдай отырып, тарихи оқиғаларды сипаттай алады, батырлық ұғымының ұлттық мәнін түсінеді, функционалды тілдік құралдарды орынды қолдану арқылы өз көзқарасын білдіреді.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен берілетін тақырыптық сабақтар циклінің үлгісі. («Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша кіріспе сабақтар циклі)

Мақсаты: бір тақырып ауқымында оқушылардың дүниетанымдық, тілдік және коммуникативтік құзыреттілігін біртұтас үдеріс арқылы қалыптастыру

1-сабақ. Батыр туса – ел ырысы.

Сабақтың мақсаты: Оқушылар ресми-іскерлік (ресми құттықтаулар) салаға қатысты мәтіндердің тілдік ерекшелігін анықтайды, талдайды.

Сабақтың жабдықтары: мәтіндер, кестелер, түсіндірме сөздік, қима қағаздар

Сабақ барысы

1) МҰҒАЛІМНІҢ КІРІСПЕ СӨЗІ. Бейнежазбадан қазақстандықтар Кеңес Одағының Батырлары туралы тарихи деректерді біледі. Елді қорғаған, елдің тыныштығын ойлаған батырлары туралы білуге болады. Бүгінгі сабағымыз ерекше, ол- Отан қорғаушыларға арналған сабақ. Ұлы Отан соғысы туралы, Әзілхан Нұршайықовтың шығармаларындағы батырлары туралы мәлімет алады,оның туындылары жас ұрпаққа қандай тәрбие беруді мақсат еткені жайлы, Бауыржан Момышұлы повесінің идеясын талдайды. «Батыр туса – ел ырысы» бөліміндегі 1-3 сабақта білетін боламыз.

2) «Батыр туса – ел ырысы» атты функционалды семантикалық кесте құрастыру (5-Кесте).

5-кесте – «Батыр туса – ел ырысы» атты функционалды семантикалық кесте

<i>Батырлық</i> - деген не? - туралы не айтасың? - дегенді қалай түсінесің?	<i>Соғыстағы қазақ халқының рөлі</i> - қандай болды? - туралы не айтасың?	<i>«Кеңес Одағының Батыры» атағын алған</i> - қазақ саны нешеу? - неше қазақты білесің?	<i>Қандай әскери бөлімдер шайқасты?</i> <i>Шайқасқан әскери бөлімдерді ата.</i>	Рейхстагқа ту тіккен кім?
Отанды қорғау	патриотизм	Ерлік иелері	310, 314 дивизия	Рақымжан Қошқарбаев
Ерліккөрсету	Ұлттықмақтан ыш	Талғат Бигельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Маншук Маметова, ӘлияМолдағұл оважәнет.б.		
ауада,далада шайқасты	Отанқорғау	жауынгерлер		

3) «Батыр туса – ел ырысы» атты функционалдық-семантикалық кесте құрастыру.

Оқушылардың шартты тілдік жаттығуларды (ШТЖ) орындауы үшін кестеде 5 баған арқылы «Батырлық дегенді қалай түсінесің?», «Соғыстағы қазақ халқының рөлі», «Кеңес Одағының Батыры атағын алған қазақтар», «Қандай әскери бөлімдер шайқасты?», «Рейхстагқа ту тіккен кім?» сөздер мен сөз тіркестері берілген.

Оқушыларға тапсырма:

1) ШТЖ: Көруге ұсынылғын бейнетаспаны көріп, сұрақтарға жауап беріп «батыр» деген сөзге «Ассоциаграмма» жазыңдар.

2) ШЖТ: Мәтінді тыңдай отырып, «Пазл» әдісі бойынша жаңа сөздерді аударыңдар (кесте арқылы, топпен жұмыс), сөйлем құрастырыңдар. Бір-біріңді бағалау критерийі бойынша бағалаңдар.

3) ШЖТ: «Stop-кадр» әдісі арқылы сол мәтінді екінші рет тыңдап, сұрақтардың жауабын тауып, мәтіннің тақырыбы, идеясын, жанрын, құрылымын, аудиториясын топпен анықтандар. Бір-біріңді бағалау критерийі бойынша бағалаңдар.

4) Жеке, жұптық жұмыс. Кестедегі сөздер мен сөз тіркестерді және ... *менің ойымша, ... менің пікірімше, ... менің қосарым бар* сөз оралымдарды пайдаланып диалог немесе полилог құрастырып айтыңдар. Бір-біріңді критерийі бойынша бағалаңдар және ауызша формативті бағалаңдар.

5) Кері байланыс арқылы «Ең, ең, ең....» әдісі бойынша ең қызықты болған, ең қиын болған, ең жаңа болған мәліметтерді пайдаланып, хат жазып, электронды поштаға салыңдар.

Үй тапсырмасы: Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздерді көмекші есімдермен тіркестір. Осы сөздермен сөйлем құра.

а) Wordvall платформасындағы «соғысының», «жылдары», «атқыштар», «дивизияларының», «ұшақты», «Рейхстагқа» деген сөздермен «алды, арты, асты, қасы, маңы, жаны, іші, сырты, басы, беті, шеті» сәйкес келетін көмекші есімдермен тіркестіріңдер.

б) Тіркескен сөздермен сөйлем құрастырыңдар.

Қолданылған технология мен әдіс-тәсілдер: функционалды-коммуникативтік тәсіл – тіл үйрету мен әдебиетті оқытуда оқушының нақты коммуникативтік жағдаятта өз ойын жеткізе білуіне басымдық беріледі.

«Додекаэдр», «Stop-кадр», «Сөздік кестесі», «Пазл», «Қошемет сөздер» әдістері – оқушы белсенділігін арттырып, танымдық қабілетін дамытатын коммуникативті тапсырмалар қолданылды.

Бейнематериалды тыңдау, диалог, монолог құрастыру, мәтінмен жұмыс, рефлексия арқылы оқушылардың логикалық, тілдік, патриоттық ойлау қабілеті дамытылады.

Нәтиже:

Сабақ барысында оқушылар:

- Мәтіннің құрылымын, жанрын, көзделген аудиториясын талдайды;
- Батырлық, отансүйгіштік, ерлік туралы түсінігін кеңейтеді;

- Диалог пен монолог құрастырып, коммуникативті тапсырмалар арқылы сөз әдебі мен сөйлеу этикетін қолданады;
- Тілдік нормаларды сақтай отырып, жазылым мен айтылым дағдыларын дамытады.

Құндылықтарға негіздеу:

Сабақта патриотизм, ұлттық сана, тарихи таным, халық қаһармандарын құрметтеу сынды құндылықтар оқыту мазмұны арқылы оқушылардың бойына сіңіріледі.

САБАҚТЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ӘР КЕЗЕҢНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Сабақ кезеңдеріне байланысты туындайтын қиындықтар

1. Сабақтың басы (ұйымдастыру, мотивация, топқа бөлу)

Кезең	Қиындықтар
«Додекаэдр» әдісі, бір-біріне тілек айту	Кейбір оқушылар ұялшақ болғандықтан, ашық сөйлеуге қиналды. Жақсы тілектер айту үшін қажетті сөз қоры жетіспегендіктен тілек толық болған жоқ.
Сабақтың мақсаты мен тақырыбын талқылау	Кейбір оқушылар сабақ мақсатын толық түсінбегені, мақсат күрделі берілді.

2. Үй тапсырмасын тексеру / «Ой түрткі» әдісі

Кезең	Қиындықтар
Абстрак тілі сұрақтарға жауап беру	Кейбір оқушылар «Технология» терминіне өз ойларын білдіруде қиналды.
Терминологиялық жұмыс	Кейбір оқушылар кәсіби және термин сөздердің мағынасын түсінбегендіктен немесе оны дұрыс қолдана алмағандықтан болды.

2. Тыңдалым алдындағы тапсырма (бейнежазба, кестемен жұмыс)

Кезең	Қиындықтар
Бейнебаянды түсіну	Кейбір оқушылар тез сөйлегенде тыңдалымнан ақпаратты толық түсінбеді. Бейтаныс сөздердің көптігі тыңдалымды қиындатты.
Кестемен жұмыс	Кейбір оқушылар берілген тірек сөздерді қолдана отырып, өз ойын білдіруде жай сөйлем берілді.

3. Сабақтың ортасы (қолдану, талдау, сөйлесім, жазылым)

Кезең	Қиындықтар
Мәтінді тыңдау (Stop-кадр әдісі)	Кейбір оқушылар ақпаратты есте сақтап, сұрақтарға толық жауаптың орнына қысқа

	жауап берді.
Диалог, полилог құрау	Кейбір оқушылардың тілдік қоры жеткіліксіз болғандықтан, өз ойын қате жеткізді.
Мәтінге тілдік талдау жасау	Кейбір оқушылар жанр, құрылым, мақсатты аудитория сияқты ұғымдарды түсінбеуі немесе оларды ажырата алмаған оқушылар болды.
Жаңа сөздермен жұмыс (пазл, сөйлем құрастыру)	Бір-екі оқушылар сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтамады, сөздердің жалғауларын жалғағанда қателер жіберді.

4. Сабақтың соңы (рефлексия, кері байланыс)

Кезең	Нәтиже
Рефлексия «Ең, ең, ең...» әдісі	Көбі өз ойын нақты әрі мазмұнды жеткізді. Сөйлеу әдебі мен тіл мәдениетін сақтай алды.

Қорытынды ұсыныстар:

- Оқушыларға тірек сөздер, үлгі сөйлемдер, визуалды қолдау көрсету;
- Қарапайым тіл мен түсіндіру арқылы мақсатты айқындау;
- Жұптық/топтық жұмыстарда әлсіз оқушыларды қолдау;
- Тыңдалым мәтіндерін бірнеше рет тыңдату, бөліп тыңдау.

ҚОРЫТЫНДЫ:

• Бұл сабақ оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған, коммуникативтік мақсатты көздейтін, тіл үйретудің жаңа тәсілдері мен ақпараттық ресурстарды тиімді қолдануға құрылған. Оқушы тек тілдік бірліктерді меңгеріп қана қоймай, оларды нақты жағдаятта дұрыс қолдануға машықтанады.

• Осы критерийлер мен дескрипторлар: оқушы жетістігін әділ бағалауға, жұмысты саралап ұйымдастыруға, функционалды-коммуникативтік технологияны нақты қолдануға мүмкіндік береді.

2–сабақ: жалғасы.

Тақырыбы: Әзілхан Нұршайықов

Сабақтың мақсаты: Оқушылар сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап береді, өз пікірін қоса шағын диалогке түседі.

Сабақтың жабдықтары: мәтіндер, кестелер, түсіндірме сөздік, қима қағаздар

Сабақ барысы

1) МҰҒАЛІМНІҢ КІРІСПЕ СӨЗІ. Әзілхан Нұршайықовтың өмірбаяны мен батырлар туралы мәтінді тыңдайды, әр топ берілген семантикалық кесте негізінде сұрақтарға жауабын табады. Жазушы Әзілхан Нұршайықов және Ұлы Отан соғысы батырлары Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбаев, Бақытораз Бейсекбаев т.б қаһармандардың ерліктері туралы толық ақпарат алады. Оқушылар семантикалық кестелерді қолдана отырып, алдымен жұпта, топта диалогқа түседі. Сөйлеушілердің рөлдері

ауысып отырады. Сабақтың соңында Әзілхан Нұршайықовтың атынан монологқа түседі.

2) «Әзілхан Нұршайықов» атты функционалды семантикалық кесте құрастыру(6-Кесте).

6-кесте – «Әзілхан Нұршайықов» атты функционалды семантикалық кесте

Биыл Ұлы Жеңіске неше жыл болды?	Кімдердің батырлығы мәңгі есімізде қалмақ?	Қанша қазақ жауынгері «Кеңес Одағының Батыры» атағын алды?
80 жыл	Батыр	майдан
соғыс	туындылар	
	патриоттық	есте сақталады

7-кесте – «Бауыржан Момышұлы» атты функционалды семантикалық кесте

Өзің білетін Кеңес Одағының батырларын ата?	Бауыржан Момышұлы – кім?	Талғат Бигельдинов «Кеңес Одағының Батыры» атағын неше мәрте алды?
Бауыржын Момышұлы	қаламгер	Екі мәрте
Рақымжан Қошқарбаев.	батыр	ұшқыш
Бақтыораз Бейсекбаев		
Ту тіккен	қаһарман	ерлік
ұшақ		

8-кесте – Батырлар туралы не білеміз

Әлия Молдағұлова қайда тәрбиеленді?	«Кеңес Одағының Батыры» атағын алған ең жас қазақ жауынгерін ата?	Қандай жазушылар соғысқа қатысқан?
Балалар үйінде	Жәнібек Елеусізов	Әзілхан Нұршайықов
атқыш		Бауыржан Момышұлы

Оқушылардың шартты тілдік жаттығуларды (ШТЖ) орындауы үшін кестеде 5-баған арқылы «Ұлы Жеңіске неше жыл толғаны туралы», «Қазақ батырлары мен жауынгері Кеңес Одағының Батыры атағын алған саны және оладың ерлігі мәңгі есте қалатыны жайлы», «Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигельдинов «Кеңес Одағының Батыры неше мәрте алғаны», «Бірнеше Кеңес Одағының батырларының ерліктері туралы мәлімет алады», «Әлия Молдағұлова, ең жас қазақ Кеңес Одағының Батыры Жәнібек Елеусізов,

Әзілхан Нұршайықов, Бауыржан Момышұлы батырларының атағы туралы» сөз тіркестері пайдаланған.

Оқушыларға тапсырма:

1) «Сандықша» әдісімен жасыл, қызыл түстер арқылы оқушыларды топқа бөлініңдер.

2) «Менің есімім» әдісі арқылы психологиялық ахуал туғызу. Әркім кезекпен өз атын атап, есімінің бас әрпінен басталатын сөз айтыңдар.

3) ШТЖ: «Ой қозғау» әдісі бойынша көруге ұсынылғын бейнетаспаны көріп, сұрақтарға жауап беріңдер.

4) ШЖТ: «Сәйкестендір» әдісі бойынша жаңа сөздерді аударыңдар, мағынасын анықтаңдар (кесте арқылы, топпен жұмыс), сөйлем құрастырыңдар. Бір-біріңді бағалау критерийі бойынша бағалаңдар.

5) ШЖТ: Мәтінді тыңдай отырып, «Оқиға тізбегі» әдісі арқылы сөйлемді жетпеген сөзбен толықтырыңдар, сол мәтінді екінші рет тыңдап, сұрақтардың жауабын табыңдар. Бір-біріңді бағалау критерийі бойынша бағалаңдар.

6) Жеке жұмыс. Етістіктің мақсатты, болжалды, ауыспалы келер шақ жұрнақтарын дұрыс жалғап, жекеше және көпше түрінде жіктеңдер. Өздеріңді бағалау критерийі бойынша бағалаңдар.

7) Жеке, жұптық жұмыс. Кестедегі сөздер мен сөз тіркестерді және ... *менің ойымша, ... сонымен қатар, ... мені таңқалдырғаны, ... мақтанып айтар едім, ... мен үшін мақтан тұтарлық үлгі* сөз оралымдарды пайдаланып диалог немесе полилог құрастырып айтыңдар. Бір-біріңді критерийі бойынша бағалаңдар және ауызша формативті бағалаңдар.

8) ШЖТ: Әзілхан Нұршайықов өз атынан монолог айтыңдар.

9) Кері байланыс арқылы «Не білдіңіз? Не үйрендіңіз?» әдісі бойынша «Шығу билеті» атты қағазды толтырыңдар.

Үй тапсырмасы: Оқулықтың 142 беттегі *суреттерге сәйкес сөйлемдерді ретімен тауып жаз.*

Сабақтың сипаттамасы: «Әзілхан Нұршайықов»

Бұл сабақ қазақ халқының батырлық тарихын, Отанға деген сүйіспеншілігін, патриоттық сезімін танытатын көрнекті тұлғалар өмірі арқылы оқушылардың тілдік және тұлғалық дамуын көздейді. Сабақтың басты өзегі – батырларымыздың ерлігі, Әзілхан Нұршайықовтың шығармалары және тарихи деректерге сүйене отырып, оқушыларды ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу.

Оқушылар: ресми-іскерлік стильге сай мәтіндерді талдайды; батырлық, отансүйгіштік ұғымдарын түсінеді; тарихи кейіпкерлер туралы мәліметтерді игеріп, функционалдық тілдік кестелер арқылы ой бөліседі; диалог, монолог құрастырып, өз пікірін жеткізеді; грамматикалық тұлғаларды дұрыс қолданып, жазылым мен айтылым дағдыларын дамытады.

Сабақтың кезеңдеріне арналған сипаттама, қиындықтар мен шешімдер

Сабақтың басы:

Қиындықтар	Шешімдер:
Оқушылардың кейбірі	Психологиялық ахуалды көтеру үшін әртүрлі

психологиялық ахуалдан жайсыз болуы мүмкін.	қызықты ойындар мен жаттығуларды енгізу. Мысалы, «Менің есімім» ойынында шығармашылық сөздер қосып, көңілді атмосфера тудыру.
Топқа бөлуде оқушылар өздерінің деңгейлеріне сәйкес дұрыс топтарда болмауы мүмкін.	Топтарға бөлу кезінде әртүрлі деңгейдегі оқушыларды араластырып, олардың бір-біріне көмек көрсетуіне мүмкіндік жасау.

Сабақтың ортасы:

Қиындықтар	Шешімдер
Оқушылар кейбір сөздердің мағынасын толық түсінбеуі мүмкін. Синонимдермен жұмыс кезінде шатасу орын алуы мүмкін.	Сөздердің мағынасын түсінбеген оқушыларға қосымша түсіндірмелер мен мысалдар келтіру. Сәйкестендіру тапсырмасын топтық жұмыспен бірге орындап, пікір алмасу арқылы түсінік қалыптастыру.

Жұптық жұмыс және келер шақты қолдану

Қиындықтар	Шешімдер
Қалау рай мен келер шақтың қолданылуында қателіктер болуы мүмкін. Оқушылардың кейбірі жаңа грамматикалық ережелерді бірден түсінбеуі мүмкін.	Грамматикалық ережелерді жүйелі түрде түсіндіріп, бірнеше мысалдар арқылы оларды анықтап, жаттығу жасау. Тапсырмаларды диалог түрінде орындап, оқушылардың бір-біріне сұрақ қойып, жауап беру дағдыларын дамыту.

Тыңдалым және айтылым жұмыстары

Қиындықтар	Шешімдер
Кейбір оқушылар бейнемазмұнды толық түсінбеуі немесе назар аудармауы мүмкін. Оқушылар мәтіннен маңызды мәліметтерді ала алмай қалуы мүмкін.	Мәтіннің негізгі ойларын анықтап, оны оқушылармен бірге бірнеше рет тыңдау. «Оқиға тізбегі» әдісі арқылы оқушыларға тыңдаған материалды жүйелеуге көмектесу.

Сабақтың соңы:

Қиындықтар:	Шешімдер
Оқушылар жазылым тапсырмасын	Жазылым тапсырмалары кезінде

орындау барысында қателер жіберуі мүмкін. Рефлексия кезеңінде оқушылар өз ойларын жеткізуде қиындықтарға тап болуы мүмкін.	оқушыларға көмек көрсету үшін қосымша мысалдар мен нақты ережелер ұсыну. Рефлексия тапсырмасында жеке және топтық кері байланыс беріп, әр оқушының пікірін тыңдау арқылы сабақтың соңында ой бөлісу.
---	---

Қорытынды. Бұл сабақта негізгі қиындықтар оқушылардың жаңа сөздерді дұрыс түсінуі, грамматикалық ережелерді қолдану және тыңдалым мәтінін дұрыс түсіну бойынша туындайды. Оқушыларды белсенді қатыстыру, тапсырмаларды кезең-кезеңімен орындау және үздіксіз кері байланыс беру арқылы бұл қиындықтар шешімін табады.

Арнайы курс негізінде көптілді білім беру жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылығын екі тілде өзақ әдебиетін когнитивті-коммуникативті технологиямен оқыту Павлодар қаласының Әуезов атындағы ЖББМ қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі Абенова Гульзия Каирбековнаның тәжірибесін республика деңгейінде мектептерге таратуға ұсынамыз.

Тәжірибенің теориялық базасы. Функционалдық сауаттылық білім мазмұны жаңартылған мектептің өзекті мәселесі болып табылады және мектеп оқушыларының өзгермелі жағдайда әлеуметтік икемділігі мен әрекетін жүзеге асыру қабілетінде пайда болатын оқушылардың сапалық кешенін дамытуды көздейді Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламада анық көрсетілген. [1]

Көптілді білім – көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толеранттылығын және планетарлық ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Қазақ тілін тереңдетіп оқыту, сонымен қатар көптілділікті меңгертуді жолға қою – бүгінгі таңда орта білім жүйесіндегі педагогикалық үдерісінің негізгі бағыттарының бірі.

Қазір көптілді білім беру – мектептегі оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілде оқыту, жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін ең басты қажеттілік. Көптілді білім беру – көптілді тұлғаны қалыптастырудың негізі. Қазіргі кезде қоғамдық қатынас жағдайында тұлғаның қалыптасу деңгейі көбінесе адамның өзін-өзі жүзеге асыра алуына, бәсекеге қабілеттілігіне және әлеуметтік ұтқырлығына тікелей байланысты. Қазіргі таңда мектеп «Әлемді біртұтас қалыпта қабылдау әдісі ретінде оқу пәндерін кіріктіру негізінде көптілді тұлғаны қалыптастыру» жобасы бойынша жұмыс атқарады.

Жобаның ғылыми негізі – пед.ғ.д К.Н.Булатбаеваның технологиясы. Ол келесі сауалдарға көңіл бөлуді талап етеді:

- Функционалдық және коммуникативтік ұстанымдар қалай жүзеге асырылады?

- Сабақтың әр түрінде оқыту нәтижесі қалай байқалады?

- Басқа тілдің әдебіне оқытудың мазмұны қандай?

- Басқа тілдің табиғи қолданушылары (халық өкілдері) мен үйренушілер психологиясындағы айырмашылық есептеле ме?

- Оқушының психологиялық көңіл-күйі қандай? Оқыту уәждеумен қалай байланысты?

- Мұғалімнің қорытындысы (пікірі, ескертуі, ұсынысы)

- Басқа тілді оқытуда функционалдық-коммуникативтік әдістің ғылыми негізі неде?

Тәжірибелік бағыты мен тақырыптық циклы бар сабақтар:

- топтап шоғырландыру ұстанымын (оқу материалдары ғылыми негізінде алынған тілдік топтардан тұрады);

- басқа тіл мазмұнының экстралингвистикалық және лингвистикалық компоненттерінің байланысын;

- тілдік мәліметтерді беруде жүйелілік, функционалдық және коммуникативтік ұстанымдарды жүзеге асыруды қамтиды.

Сабақтың түрлерін кіріктіру жағдайында жоспарланған дағдылар не сатылай, не бірден қалыптастырылады. Сабақтың кіріктірілген түрлері төмендегідей:

- 1) айтылымның лексикалық-грамматикалық дағдыларын қалыптастыру және жетілдіру сабақтары;

- 2) айтылымның грамматикалық- стилистикалық дағдыларын қалыптастыру және жетілдіру сабақтары;

- 3) айтылымның лексикалық-стилистикалық дағдыларын қалыптастыру және жүзеге асыру сабақтары;

- 4) диалогтік сөйлесім дағдыларын қалыптастыру және жүзеге асыру сабақтары;

- 5) диалогтік, полилогтік, монологтік тілді дамыту;

- 6) интонациялық, емлелік және тыныс белгілік сауаттылықты қалыптастыру сабақтары.

Оқу уақытын реттеу кезінде коммуникативті дағдыларды қалыптастыру және жетілдіру сабағын сабақтан тыс іс-шаралар ретінде өткізуге болады. 10-12 сабақ жылына оқыту нәтижелерін қадағалауға бөлінеді.

Жобаның негізінде академик К.Н.Булатбаева «Научно-методические основы формирования полиязычной личности в школе и ВУЗе» көптілді тұлғаны қалыптастыруда бірнеше жолын ұсынады. Соның бірі- тілдік емес пәндерді екі немесе одан көп тілде жүргізу. Біздің мектепте «Түркітану» арнайы курс бағдарламасы жасалып, қазақ тілінде сөйлеу қабілеттерін, дағдыларын жетілдіруге үлесін қосуда.

Бұл тәжірибенің жаңашылдығы «Түркітану» арнайы курс сабақтарында п.ғ.д., Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері К.Н. Булатбаеваның когнитивті-коммуникативтік технологиясын

қолдану барысында өз пікірін қазақ тілінде анық және логикалық сауатты баяндай алатын, кез келген ортаға тез бейімделе алатын, көптілді және көп мәдениетті құзыреттілікті игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптасады.

Бұл тәжірибені тілдік емес пәндерді бірнеше тілде оқытатын мұғалімдерге ұсынуға болады. «Түркітану» курсының сабақтарын дайындау барысында когнитивті-коммуникативтік технологиясын пайдалана отырып, материалдарды жүйелеу, қосымша ақпаратты іздеу, екі тілде функционалдық-семантикалық кестелерді құрастыру, қазақ тілінде оқу материалын меңгеруде көптілді сынып оқушыларының табыстылығын қадағалау бойынша мониторинг жүргізу үшін қосымша уақытты, көп дайындықты талап етеді.

Сипатталған технология бойынша оқытудың маңызды шарттарының бірі – әр оқушыға үлестірме материал дайындау, қажетті кестелерді экранда көрсету үшін қажетті кабинеттің техникалық жабдықталуын (компьютер, экран, интербелсенді тақта, ксерокс) қажет етеді.

Мектепті дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасында практика үшін үштілді білім берудің өзекті моделін құруды көздейтін педагогикалық ұжым қызметінің инновациялық бағыты нақты айқындалды.

Функционалдық-сауатты тұлғаны қалыптастыру үшін негізгі қамтамасыз ететін барынша қолайлы ортаны қалыптастыру-әртүрлі пәндік салалар бойынша үштілді білім беруге кезең-кезеңімен көшудің шарты.

2005 жылдан бастап мектепте гимназия және көптілділік сыныптарын, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін көрсетуге және дамытуға ықпал ететін пәндік-тілдік кіріктірілген оқуы бар сыныптарды қалыптастырамыз.

Оқу жоспарының вариативті бөлігінің курстарында білім беруді дамыту бағдарламаларын әзірлеу, соның ішінде мемлекеттік тілде оқушыларға арнайы курстардың бағдарламаларын таңдауға мүмкіндік береді. Осындай курстардың бірі - «Түркітану», оның мазмұны «Қазақстан тарихы» бойынша білімдерін кеңейтіп, қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын дамытады.

Мұндай өзгерістер эксперимент режимінде қазақ тілін пайдалана отырып, 7-9 көптілді сыныптарда «Түркітану» курсын және «Қазақстан тарихы» пәнін өткізу үшін маңызды шарт болды.

Бірнеше жыл бойы мектеп педагогтері МЖМБС орындалуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ оқушылардың өз пікірін мемлекеттік тілде анық білдіру қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік беретін тиімді әдіс-тәсілдерді таңдай білді.

М.Әуезов атындағы мектептің көп жылдық жұмыс тәжірибесі бойынша когнитивті-коммуникативтік технологияны тілдік емес оқу пәндері сабақтарында қолданудың тиімділігін көрсетіп отыр.

Когнитивті-коммуникативтік технологияның авторы оқу процесін ұйымдастырудың келесі әдіс-тәсілдерін ұсынады:

- ✓ лексикалық минимумның негізінде зерттелетін тақырып бойынша қазақ тіліндегі сөздік қорды кеңейту;

- ✓ шағын тақырыпша бойынша негізгі сөйлеу ниетін рәсімдеу үшін қажетті ең аз белсенді типтік конструкциялар негізінде зерттелетін тақырып шеңберінде қазақ тілінің грамматикалық құрылысын байыту;

✓ зерттеу тақырыбымен байланысты қазақ халқының этномәдени дәстүрлерін меңгерту;

✓ оқытылатын тақырып аясында қазақ тілінде диалогтық қарым-қатынас жасай білуді дамыту;

✓ зерттелетін тақырып аясында монологтық сөйлеуді дамыту.

Эксперимент режимінде жұмыс істей отырып, көптілді сыныптарда «Түркітану» курсы қазақ тілінде жүргізіледі. Зерттеу тақырыпқа сәйкес өздігінен білім алу тақырыбын өзгертуге тура келді:

- когнитивті-коммуникативтік технология бойынша сабақты ұйымдастырудың негізгі талаптарын меңгеріп алу үшін, технология авторы ұйымдастырған дәрістер мен семинарларға қатысып отырды;

- осы технологияны қолдану бойынша жұмыс тәжірибесі бар тарих пәнінің мұғалімдері: Ж.Ж.Касенова және З. Д. Айтчановамен тығыз байланыста жұмыс жасалды;

- тарих пәні мұғалімімен бірлесіп, интернет жобасы «Сабақтар қоржыны» сайтына көптілді сыныптарына арналған сабақ жоспарлары 2015 жылы жарияланды;

- 7-8 сыныптарға арналған сабақтар сериясын әзірлеп, қала және облыс мұғалімдеріне арналған семинарларда ашық сабақтар өткізілді;

- өз жұмысымның жүйесін қалалық және облыстық тамыз конференциясының секциялық отырысында таныстырып, әріптестерінің оң пікірлеріне ие болды;

- С.Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар облысының ИЦРОВ базасында ұйымдастырылған семинарларда, конференцияларда, дөңгелек үстел отырыстарында бірнеше рет технология бойынша оқыту нәтижелерімен бөлісісті;

- 7-9 сыныптарға арналған авторлық бағдарлама әзірледі;

- 7 сыныпқа арналған «Түркітану» әдістемелік құрал «Үздік авторлық бағдарлама» қалалық сайысында I орынға 2017 жылы иеленді);

- 8 сыныпқа арналған «Түркітану» әдістемелік құрал «Білім берудегі үштілділік бойынша үздік әдістемелік құралдары-2018» қалалық сайысында I орынға 2018 жылы ие болды);

- «Екі тілде мектеп пәндерін когнитивті–коммуникативтік оқыту» оқу-әдістемелік құралы («Қазақстан тарихы» және «Қазақ әдебиеті» пәндері негізінде);

- 2019 жылы Bilimland.kz білім беру платформасына сабақ үлгілерін жасады;

- Республикалық бейне сабақтар конкурсының өңірлік (облыстық) кезеңінде I орынға 2020 жылы ие болды);

- «Педагогикалық бастамалар» облыстық сайысқа қатысып, сертификат берілді (2018 жылы);

- ЖББМ ерекшеліктеріне оқыту: функционалдық сауаттылықты дамыту, пәнаралық интеграцияны жүзеге асыру оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту» атты облыстық онлайн-семинарында өз тәжірибесін ұсынды (2020 жылы);

- «Арнайы курс негізінде көптілді білім беру жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы - «Павлодар облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» Педагогикалық альманах №2 наурыз-сәуір, 2021 жылы (141-143б.) мақала жарияланды;

- мектеп, қала және облыс деңгейінде «Арнайы курс негізінде көптілді білім беру жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбында инновациялық педагогикалық озық тәжірибесі таратылды.

Тәжірибенің өзектілігі мен перспективасы. «Тілдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бойынша Қазақстан Республикасының әрбір азаматының мемлекеттік тілді білу және еркін қарым-қатынас жасау қажеттілігін атап өтті. Арнайы курс сабақтарында когнитивті-коммуникативті технологияны қолданған кезде, білім алушылар тек қана оқу материалдарын меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар әртүрлі сөйлеу жағдайларында, пікірталастардағы мәселелер бойынша өз пікірлерін қазақ тілінде айту үшін қажетті ақпаратты ғаламтор көздерінен іріктей алады.

Осы тақырып бойынша жұмысты жоспарлау кезінде Абенова Г.Қ. келесі міндеттерді айқындады:

- когнитивті-коммуникативті технологияның теориялық негіздерін оқып,талдау;

- оқушылардың функционалдық сауаттылығының дамуына ықпал ететін факторларды анықтау;

- «Түркітану» арнайы курстың әдістемелік жүйесін анықтау;

- «Түркітану» арнайы курсының әзірлеу және оны оқу үдерісіне енгізу.

Жұмыстың бірінші кезеңінде К.Н.Булатбаеваның технологиясымен танысып, монографиясын оқу,профессордың дәрістеріне қатысу және функционалдық сауаттылыққа байланысты мақалалар мен материалдар оқып,талдау.Сонымен қатар тақырыпқа байланысты қосымша әдебиеттерге шолу жасап, инновациялық тәжірибенің тақырыбы,мақсаты мен міндеттері,жаңашылдығы,өзектілігі, перспективасы және басты негіздері айқындалды.

Екінші кезеңде арнайы курстың бағдарламасы жасалды, мақсаты мен міндеттері анықталды.

Үшінші кезеңде 7-9 сыныптарына арналған әдістемелік оқу құралдары жасалып, оқу процессіне енгізілді.

«Түркітану» атты арнайы курстың мақсаты: сөйлеу, тіл мәдениеті машықтарын меңгерген, коммуникативтік құзыреттіліктері артқан, логикалық ойлауы өз деңгейіне сәйкес дамыған, мәдениетті сөйлеуге бейімделген, өзінің азаматтық көзқарасын білдіре алатын тұлғаны тәрбиелеу және қалыптастыру. «Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясы оқыту үдерісінде мемлекеттік тіл, туған жер, тарихымызға қатысты тақырыптарды меңгерту.

Өзектілігі: Қазақстан Республикасы білім беру жүйесін түбегейлі жаңғыртып,білім беру үрдісінде көптілділік саясаты белсенді еңгізуде. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға

арналған мемлекеттік бағдарламада анық көрсетіліп, осы бағдарламаны басшылыққа алынды.

Күтілетін нәтиже:

- тіл мәдениетін меңгерген, коммуникативтік біліктілігі артқан, логикалық ойлауы өз деңгейіне сәйкес дамыған оқушы қалыптасады;
- ұлттық мәдениетін құрметтей білетін, рухани адамгершілігі мол, отансүйгіш азаматы тәрбиеленеді;
- мемлекеттік тілді дұрыс қолдану пәнаралық байланыс (қазақ тілі, қазақ әдебиеті мен Қазақстан тарихы) арқылы жүзеге асырылады.

Білім – білік дағдылары:

- лексикалық нормаларды білу;
- жалпы халыққа бірдей жиі қолданылатын сөздерді, тарихи терминдерді, тарихи тұлғаларды тануы;
- қосымша материалдарды таңдап, талғай жалғай білуі;
- сөйлем мүшелерін орнымен қолдана алуы;
- сөз тіркесінің өзіне тән белгілерін білуі;
- сөздердің байланысу тәсілдерін білуі;
- тақырып бойынша сөз орамдарын сауатты қолдана білуі.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің және арнайы курстың рөлі зор. «Түркітану» курсы көптілділік сыныптарда түркі мәдениетімен тыныстыру мақсатына жүргізіледі, курс қазақ мәдениеті мен басқа да түркі тілдес халықтардың прототипі, қазақ және орыс тілдеріндегі монологтық және диалогтық сөйлеу тілдік қабілеттерін дамытады.

Әдістемелік тақырып бойынша педагог қажетті ғылыми еңбектерді зерттеді, сабақтар сайысына, республикалық конференцияға ,семинарларға қатысты, баяндамалар жасады, қала, республика деңгейінде ашық сабақтар көрсетті, тамыз конференциясында баяндама жасады, Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА-ның әдістемелік ұсынымдарына өз тәжірибелерін ұсынды.

Кіріктіру – бір оқу материалындағы білімнің терең меңгерілуі, қосылуы, сол немесе басқа аймақта қамтылуы. Арнайы курс сабақтарын жоспарлауда тарих пәні мұғалімі Ж.Ж. Қасеновамен тығыз байланыста жұмыс атқарылды. Әр сабаққа қажетті бейімделген мәтіндер, терминдер іріктеліп, ФСК тірек сызбалар жасалып, тезаурустар құрастырылды. Қосымша әдебиетпен көп уақыт жұмыс жасауға тура келді. Коммуникативтік мақсаттарды іске асыру барысында оқушылардың қызығушылығын ескеруге, тілдік материалдарды дұрыс таңдауға, лексикалық сөздік қорын молайтуға, оқу танымдық әрекеттерді өз беттерімен орындауға, когнитивті-коммуникативтік технологияның әдіс-тәсілдерін қолдануға баса мән беріледі.

Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту жолдарының әдістемесін тәжірибелік-эксперимент арқылы тексерудің нәтижесі. Мақсаттарға жету үшін, балалардың келесі қасиеттерді дамыту керек: мұқият тыңдау, өз ойын жинақтай білу, белсенділік, өз тілегімен тыңдау қабілетін дамыту. Бала тек оқытушыны тыңдап қана қоймауы керек, кез келген адамды тыңдай білу керек, бұл ақпарат өте қажет болуы мүмкін. Балаларды өзі білетін ақпаратты

басқаға жеткізе білуге үйрету маңызды болып табылады. Басқалар оны түсінгендей өз ойын дұрыс қалыптастырып айта білуі керек:

- жақсы ұйымдастырушы болуға, шешім қабылдай білуге, өзіне жауапкершілік алуға үйрету;

- басқа балаларды өзінің серіктесі ретінде қабылдай білуді, жолдасын тыңдай білуге үйрету;

- бір-бірін қорғай білуге, бір-бірімен дос, жолдас болуға үйрету.

Оқытушы осы қабілеттерді баланың бойында дамыту үшін оған қажетті ортаны жасай білу керек. Баланың жалпы іс-әрекетке оңай қатысуы және белсенді болуы үшін жағдай жасауы керек. Жұмысты бастар алдында бізге не қажет, жұмыс соңында қандай нәтижеге қол жеткізу қажеттігін білу өте маңызды. Оқытушы нәтижесінде балалардан нені талап ететінін білуі керек.

Мұнда қарым-қатынас жасай білуі, мейірімділігі, сенімділік білдіру деңгейі өте маңызды. Оқушы оқытушы тарапынан өзіне сенім білдірілетін, қажетті нәтижеге жете алатынын білуі керек. Тиісті нәтижеге қол жеткізгенде балалардың ойлай білуі өте маңызды.


Оқушылардың тұлғалылығын тәрбиелеу үшін, ең алдымен олардың қабілеттерін дамытудың мәні зор. Қабілеттер мәселесін қорытындылай келе, педагогикалық практика үшін мәні ерекше мына жағдайларға айрықша тоқталу жөн.

Адамдардың қабілеттер деңгейі жағынан тең дәрежеде болмауы. Қабілеттердің бірдей емес екендігін сыныпта отырған оқушылардың әрқайсысының әр пәнге және әр деңгейде қабілетті болатындығымен дәлелдеуге болады.

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін арттыруда когнитивті-коммуникативтік әдіс-тәсілдерді өз сабағымда қолданамын. Сабақта осы технологияның әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, балалардың ұсыныс пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызамын.

Педагогтің тұжырымдамасы бойынша, К.Н. Булатбаева технологиясының әдіс-тәсілдерінің көмегімен өткізген әр сабақ оқушылардың ойлауын және қиялын, ойын дамытып, олар тарихи тақырыптар бойынша қазақ халқының салт-дәстүрлерін, даталардың жүйелігін, маңыздылығын, тарихи тұлғалардың рөлі мен қосқан үлесі туралы түсініп, диалогқа түсіп, еркін әңгімелей алады.

Технология бойынша оқыту нәтижелерін төмендегі графиктерден көруге болады (1-сурет).



1-сурет Оқушылардың ізденушілік, логикалық ойлау, коммуникативті құзыреттіліктерінің эксперимент бойы дамуы

Бағалау критерийлері бойынша Абенова Г.К. мынадай жетістіктерін көрсетіп отыр (9-кесте)

9-кесте – Бағалау критерийлері бойынша алынған нәтижелер


Коммуникативтілік құзыреттіліктердің даму деңгейлері (мәтінмен жұмыс істей алу)	2018-2019 о.ж 7»А» сынып	2019-2020 о.ж 8»А» сынып	2018-2019 о.ж 8»А» сынып	2019-2020 о.ж 9»А» сынып
Мәтіннен ақпаратты таба алу дағдысы 1. Жоғары деңгей 2. Орташа деңгей 3. Төмен деңгей	30% 50% 20%	35% 55% 10%	35% 60% 5%	45% 55%
Ақпаратты бағалай алу дағдысы 1. Жоғары деңгей 2. Орташа деңгей 3. Төмен деңгей	30% 47% 23%	35% 45% 20%	39% 41% 20%	46% 36% 18%
Қатені анықтай алу және түзету дағдысы 1. Жоғары деңгей 2. Орташа деңгей 3. Төмен деңгей	45% 35% 20%	50% 35% 15%	62% 26% 12%	68% 27% 5%

Эксперимент нәтижесіне назар аударатын болсақ, оқушылардың коммуникативтік дағдыларының өсу деңгейінің тұрақты түрде жоғарлағаны байқалады.


Қорытындасақ, кіріктіріп оқытуда оқушылардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастырып, өз беттерімен ізденіс жұмыстарын жасап, сөйлеу тілдерін жетілдіріп, өздіктерінен қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Болашақ азамат өз ұлтының асыл мұрасымен сусындау арқылы туған тарихымен, мәдениетімен жете танысып, білімін кеңейтеді. Қазақ тілінің грамматикасын терең меңгерген оқушы, қоғамның кез келген саласында қиналмай жұмыс істеп, өзінің функционалдық сауаттылығын көрсете алады.

Педагогика ғылымының докторы К.Н.Булатбаеваның когнитивті-коммуникативті технологиясын қолдану барысында пәндік және тілдік құзыреттілік деңгейінің нәтижелілігін байқауға болады. Бұл технология қазіргі оқушылардың дағдыларын дамытуда дәстүрлі әдістермен қатар көптілділік мәдениетін қалыптастырудағы нәтижелі әдіс болып табылады.



2-сурет – 7 а сынып жетістіктері (2018-2019)



3-сурет – 7 а сынып жетістіктері (2019-2020)

Ал бұл зерттеулер жартыжылдық аяқталған соң өткізілетін эссе нәтижелері бойынша жасалды. Кестеде, диаграммада үш жыл аралығында пәндік және тілдік құзыреттіліктері:

7-сыныпта 74% -дан 81% -ға;

9-сыныпта жоғары болғанын көрсетеді.

I жартыжылдықта ұсынылған тақырыптар: 7 «А» -»II-ші мыңжылдықтың тұлғасы»; 8 «А» сынып-»Туады ерлер ел үшін»; 9 «А» сынып- «Мәңгілік өшпес жұлдыздар».

II жартыжылдықта:

Эссе тақырыптары: 7 «А» сынып «Мемлекет құрылуына қазақ хандарының үлесі»; 8 «А» сынып «19 ғасырдағы ағартушылардың Қазақстан тарихында алатын орны»;

9 «а» сыныбы «Н.Ә. Назарбаев – Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті»;

Жазба жұмыстарының мазмұны мен құрылымы 7-9-сынып оқушыларының дайындығына сәйкес дайындалған.

Бағалау критерийлері №10, №11, №12 кестелерде көрсетілген.

11-кесте - Пәндік құзыреттілікті бағалау кестесі (ақпараттық)

	Балл «9-10»		Балл «7-8»		Балл «4-6»		Балл «0-3»	
	ПР	УР	ПР	УР	ПР	УР	ПР	УР
1.1 мәтін көлемі	160-150 сөз	80 – нен астам сөз	140-120 сөз	70-80 сөз	110 – 100 сөз	50 – 70 сөз	100 – сөз ден кем	50 сөзден кем
1.2 микро-тақырып саны	7 –ден көп	7 –ден көп	6	6	5	5	4	4
1.3 Логикалық тұрғыдан	Жоғары деңгей		Орта деңгей– жеткілікті 1-2 қате		Орта деңгей– жеткілікті 3-4қате		Төмен деңгей– байланыс жоқ, бірізділік жоқ	

12-кесте – Тілдік құзыреттілікті бағалау кестесі (материалды тілдік формалармен жеткізу), пайызбен

	Балл «9-10»	Балл «7-8»	Балл «4-6»	Балл «0-3»
2.1 лексиканы қолдану дәрежесі	Толық дәреже	Жартылай толық дәреже	Орта дәреже	Минималды дәреже
	Жоғары деңгей– «5»	Жеткілікті деңгей–»4»	Орта деңгей– «3»	Жеткіліксіз деңгей– «2»

2.2 сөзді дұрыс рәсімдеу	100 % дұрыс	30 % -дан төмен дұрыс рәсімделмеген	30 % -дан 50 %-ға дейін дұрыс емес	50 %-ден төмен дұрыс рәсімделмеген
--------------------------	-------------	-------------------------------------	------------------------------------	------------------------------------

13-кесте - Жалпы қорытынды баға

	Баға «5»	Баға»4»	Баға»3»	Баға «2»
Барлық критерий бойынша жалпы баға	10 –нан 9-ға дейін	8-ден 7-ге дейін	6 –дан 4-ке дейін	3-тен төмен

Бұл зерттеулер жартыжылдық аяқталған соң өткізілетін эссе нәтижелері бойынша жасалды. Кестеде, диаграммада үш жыл аралығында пәндік және тілдік құзыреттіліктері. 7-сыныпта 74%-дан 81%-ға, 9-сыныпта жоғары болғанын көрсетеді.

Мемлекеттік стандартқа сай 2018-2019 оқу жылында I және II жартыжылдықта көптілді сыныптарда (7 «А», 8 «А», 9 «А» сыныптар) қазақ тілінде Қазақстан тарихынан эссе түрінде жазбаша бақылау өткізілген.

Мақсаты мен міндеттері:

-өз ассоциациясы, әсері, ой толғауына негізделген эссе жазу дағдысының қалыптасқанын тексеру;

- қазақ тілін тәжірибеде қолдану дәрежесін тексеру;

- түрлі лексикалық және грамматикалық тіл құрылымдарын қолдану біліктерін бақылау;

-қазақ тілінде тарихи терминдерді меңгеруін тексеру.

I жартыжылдыққа келесі тақырыптар ұсынылды:

7 «А» сынып- «Томирис- батырлықтың символы»;

8 «А» сынып-»Туады ерлер ел үшін...», оқу жылының I тоқсанының материалдары бойынша;

9 «А»сынып»Алаш партия- ұлт тағдыры».

II жартыжылдыққа келесі тақырыптар ұсынылды:

Эссе: 7 «А»сынып»Мемлекет құрылуына қазақ хандарының үлесі»;


8 «А» сынып19-шы ғасырдағы ағартушылардың Қазақстан тарихында алатын орны»;

9 «А»сынып «Н.Ә.Назарбаев-Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті»;


Жазба жұмыстарының мазмұны мен құрылымы 7, 9 сыныптарға сай жасалды.

14-кесте – 2018-2019 жылдың көптілді 7-9-сыныптарының жазба жұмыстарының талдауы

	I жартыжылдық	Білім сапасы	II жартыжылдық	Білім сапасы
7 «А»	14 ұпай	59%	18 ұпай	74%
8 «А»	16 ұпай	65%	19 ұпай	77%
9 «А»	18 ұпай	74%	20 ұпай	81%



4-сурет – 2018-2019/2019-2020 жж. мемлекеттік тілде жазу деңгейі (7-9 сыныптар)



5-сурет – 2020-2021ж. мемлекеттік тілде жазу деңгейі (7-9 сыныптар)

Бағалау критерийлері

15-кесте - Пәндік құзыреттілікті бағалау кестесі (ақпараттық)

	Балл «9-10»		Балл «7-8»		Балл «4-6»		Балл «0-3»
	ПР	УР	ПР	УР	ПР	УР	ПР
1.1 мәтін көлемі	160-150 сөз	80 –нен астам сөз	140-120 сөз	70-80 сөз	110 – 100 сөз	50 – 70 сөз	100 –сөз ден кем
1.2 микро-тақырып саны	7 –ден көп	7 –ден көп	6	6	5	5	4
1.3 Логикалық тұрғыдан	Жоғары деңгей		Орта деңгей– жеткілікті 1-2 қате		Орта деңгей–жеткілікті 3-4қате		Төмен деңгей– байланыс жоқ, бірізділік жоқ

16-кесте - Тілдік құзыреттілікті бағалау кестесі (материалды тілдік формалармен жеткізу)

	Балл «9-10»	Балл «7-8»	Балл «4-6»	Балл «0-3»
2.1 лексиканы қолдану дәрежесі	Толық дәреже	Жартылай толық дәреже	Орта дәреже	Миним. дәреже
	Жоғары деңгей– «9-10»	Жеткілікті деңгей–»7-8»	Орта деңгей– «4-6»	Жеткіліксіз деңгей–»0-3»
2.2 сөзді дұрыс рәсімдеу	100 % дұрыс	30 % -дан төмен дұрыс рәсімделмеген	30 % -дан 50 %-ға дейін дұрыс емес	50 %-ден төмен дұрыс рәсімделмеген


17-кесте - Жалпы қорытынды баға

	Баға «5»	Баға «4»	Баға «3»	Баға «2»
Барлық критерий бойынша жалпы баға	9 –дан 10-ға дейін	7-ден 8-ге дейін	4 –тен 6-ға дейін	3-тен төмен



7/ 8- сыныптарға арналған ҚМЖ үлгілері

Пән: Элективті курс		Бөлім: Қазақ жазба мәдениетінің даму тарихы			
Күні :		Педагогтің аты-жөні:Абенова Г.Қ.			
Сынып: 7		Қатысқан оқушылар: Қатыспаған оқушылар :			
Сабақтың тақырыбы: Енисей ескерткіші					
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары		7.1.2.1 - тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау.			
Сабақтың мақсаты :		Барлық оқушылар: тыңдаған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді, ақпараттың өзектілігін анықтайды.			
Сабақтың барысы					
Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар	
Сабақтың басы	«Психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру: «Сенім аралы» Мақсаты: жылылық, сенімділік деңгейін, еркіндікті дамыту. Жаңа сөздермен жұмыс	Оқушылар шеңбер болып отырады. Бастапқы қатысушы жанындағы көршісінің қолын ұстап, «Мен саған сенемін, себебі сен ...» сөйлемді бір сөзбен аяқтайды. Сөздермен танысады	Қолпаштау	Әдістемелік құрал	
		1 жаугершілік			нашестер
		2 дәріптеу			возноси
		3 кіріптар			зависеті

			болу			
		4	жойылып кету	исчезнуть		
Сабақтың ортасы	Тыңдалым.Оқылым. Енисей ескерткіші Енисей өзені аңғарынан құпия жазуы бар құлпытастар (ескерткіштер) табылғаны туралы алғашқы хабарды Н. К.Видзен, С. У. Ремезов, сондай-ақ Сібірде айдауда жүрген швед офицері И. Т. Страленберг пен немістің белгілі ғалымы Ц. Г. Мессершмидт, т. б. бергенін XVIII ғасырдың бас кезінде жазған мақалалары мен хаттарынан білеміз.Скандинавия халықтарының тілінде «рунь», яғни «руна» деген сөз қазақша аударғанда «сыры ашылмаған», «құпия» деген мағына береді. И. Т. Страленберг өзі тапқан құлпытастардағы бұрын-сонды тарихта белгісіз болып келген, ешкім түсінбейтін	Айтылым. Мәтінге қатысты сұрақтарға жауап береді. 1.Орхон ескерткіштері дегеніміз не? 2.Өзеннің арнасынан нелер табылған? 3.Бұл ескерткіштің жазуының мақсаты неде деп ойлайсың? 4.Ескерткішегі жазулардың мазмұны неге ұқсас? 5.Орхон ескерткіштері жазулар қай дәуірде, қай ғасырда жазылған? Өз жауабыңды тексер! Тыңдалым. Оқылым.Айтылым Ж.»ПОПС» формуласы әдісі. Мәтін мазмұнын «ПОПС» формуласына салып, 4 сөйлем жаз:	Дескриптор - мәтін мазмұнын түсінеді; - сұрақтарға дұрыс жауап береді; - өз ойын дұрыс жеткізеді. «Бас бармақ»  Дескриптор - сұрақтарды түсінеді; - диалог құрастырады. Өзара бағалау: «Өте жақсы», «Жақсы», «Талпын» Дескриптор -. Өз пікірін білдіреді			

	жат жазуды өз елінің тілінде руна жазуы деп атаған еді. (84 сөз) 2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер. 1. Құпия жазуы бар құлпытастар қайда және кімдермен табылған? 2. Скандинавия тілінен «руна» деген сөз қандай мағынаны білдіреді? 3. Құлпытастарда нені көруге болады?	1. Өз пікіріңді жаз; 2. Пікіріңді дәлелде; 3. Өмірмен байланыстыр; 4. Қорытынды жаз. 2-тапсырма. Сұрақтарды пайдаланып диалог құрастырады. 3-тапсырма. Мағынасы ұқсас сөздерді жұптастырады.	-Пікірін дәлелдеп қолданады. -Өмірмен байланыстыра алады. -Қорытынды шығарады. -Сауатты жазады. Өзара бағалау	
Сабақтың соңы	Кері байланыс  Чемодан (маған қажет),  Еттартқыш (қайта қарастыру қажет),  Қоқыс жәшігі (маған қажет емес)	Өз көңіл күйлерін бейнелеген стикерге сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстарын жазады		
Бағалау	Мұғалімнің формативті бағалауы.			

Қысқа мерзімді жоспар

Пән: Элективті курс		Бөлім: II.Қазақтың дәстүрлі шаруашылығы		
Күні :		Педагогтің аты-жөні: Абенова Г.К.		
Сынып: 8»Д»		Қатысқан оқушылар: Қатыспаған оқушылар :		
Сабақтың тақырыбы: Атбегі				
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	8.2.6.1 кесте, диаграмма, нұсқаулық шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпаратты талдау, баға беру			
Сабақтың мақсаты :	Барлық оқушылар: тыңдаған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді, ақпараттың өзектілігін анықтайды.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	«Психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру: «Сенім аралы» Мақсаты: жылылық, сенімділік деңгейін, еркіндікті дамыту. Жаңа сөздермен жұмыс	Оқушылар шеңбер болып отырады. Бастапқы қатысушы жанындағы көршісінің қолын ұстап, «Мен саған сенемін, себебі сен ...» сөйлемді бір сөзбен аяқтайды. Сөздермен танысады	Қолнаштау	
		Атбегі		
		бапкерлер		
		көзіқарақты атбегілері		
		тұқым-тегіне		
		бітім-нышандарына		
		Атты суытқанда		
		тұяғының ұшын		
		айла-шарғы		
		жылқыны жаратуға		
		сырт пішініне		
		Сабақтың ортасы		

	Атбегі Атбегі — бәйге атын баптайтын адам. Атбегілік — үлкен өнер. Мұндай бапкерлер ата-бабасынан бері жылқыны қадірлеп, қасиетін білетін кісілер арасынан шығады. Қазақтың көреген сыншылары, көзіқарақты атбегілері кез келген атқа ден қоймайды. Алдымен оның тұқым-тегіне, бітім-нышандарына назар аударып, көңілінен шықса ғана баптап, күйін табуға кіріседі. Атты суытқанда артқы екі аяғына кезек-кезек салмақ салып, тұяғының ұшын ғана тіреп тұратын қасиетін атбегілер жақсы белгіге санайды. Бұдан өзге де жақсы атқа тән белгілер жетерлік. «Жылқы малын баптау үшін әркім әртүрлі айла-шарғы ұстанған. Мәселен, еті бар атты бабына түсіру үшін 15-20 күн кеткен. Күнде 15-	Мәтінге қатысты сұрақтар құрастырып, жауап береді. Өз жауабыңды тексер! Тыңдалым. Оқылым.Айтылым Ж. «ПОПС» формуласы әдісі. Мәтін мазмұнын «ПОПС» формуласына салып, 4 сөйлем жаз: 1. Өз пікіріңді жаз; 2. Пікіріңді дәлелде; 3. Өмірмен байланыстыр; 4. Қорытынды жаз. 1-тапсырма. Мына сөздерді қатыстырып сөйлем құрастырады Алайда, мүмкін, әсіресе, бірақ, сөз жоқ II деңгей 1-тапсырма.Берілген сөйлемдерге үш түрлі сұрақ қойыңыз. <table><tr><td>1.Атбегі — бәйге атын баптайтын адам</td></tr><tr><td>2.Алдымен оның тұқым-тегіне, бітім-нышандарына назар аударып, көңілінен шықса ғана баптап,</td></tr></table>	1.Атбегі — бәйге атын баптайтын адам	2.Алдымен оның тұқым-тегіне, бітім-нышандарына назар аударып, көңілінен шықса ғана баптап,	түсінеді; - сұрақтарға дұрыс жауап береді; - өз ойын дұрыс жеткізеді. «Бас бармақ»  <i>Дескриптор</i> - сұрақтарды түсінеді; - диалог құрастырады. Өзара бағалау: «Өте жақсы», «Жақсы», «Талпын» <i>Дескриптор</i> - Өз пікірін білдіреді -Пікірін дәлелдеп қолданады. -Өмірмен байланыстыра алады. -Қорытынды шығарады. -Сауатты
1.Атбегі — бәйге атын баптайтын адам					
2.Алдымен оның тұқым-тегіне, бітім-нышандарына назар аударып, көңілінен шықса ғана баптап,					

	20 шақырым жүріп келіп, 5-6 күнде бір таңасып отыратын жылқы қалаған бабына келе алған. Алайда сәйгүліктердің күйі таңдайтын кезі болған. Бірі тоқжарау күйінде, енді бірі жеңілдеп жарағанда жақсы шабады». «Бабы келмеген жүйріктің бағы байланады» дейтін қазақ бәйгеге қосар жылқыны жаратуға ерекше мән берген. Нағыз атбегі «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шығатын жануарды алыстан таниды. Қазақтан артық аттың бабын білетін халық жоқ. Атбегілер олар жануарды сырт пішініне қарап-ақ таниды. (152 сөз)	күйін табуға кіріседі.	жазады.		
		3.Күнде 15-20 шақырым жүріп келіп, 5-6 күнде бір таңасып отыратын жылқы қалаған бабына келе алған			
		4.Атты суытқанда артқы екі аяғына кезек-кезек салмақ салып, тұяғының ұшын ғана тіреп тұратын қасиетін атбегілер жақсы белгіге санайды	Өзара бағалау		
		Мәтін негізінде осымен диалогты толықтырыңыз. Атбегілік қандай өнер? Олар бәйгеге қалай атты аңдайды? I деңгей А Атбегі мен Құсбегі өнерінің ұқсастығы мен айырмашылығы туралы өз пікірлеріңізді білдіріңіз.			
Сабақтың соңы	Өз көңіл күйлерін бейнелеген стикерге сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстарын жазады				
Бағалау	Мұғалім формативті бағалауы бойынша ауызша айтады.				

7-сыныпқа арналған «Түркітану» арнайы курсы бойынша әдістемелік оқу құралынан үлгілері
10-сабақ

Оқушы, сен осы сабақта:

- ауызша айтылғанды түсіну және сұрақтарға жауап бере білу;

- берілген сөйлемдердің дұрыс,бұрыстығын анықтау;
- берілген сұрақ бойынша өз ойыңды жеткізе білу, түсіндіре білу.

Күлтегін ескерткіші



Орхон ескерткіштері ішіндегі мазмұны мен көлемі жағынан ерекше саналатын көне түркі жазбаларының бірі-Күлтегінге арналған ескерткіш. Күлтегін, Құтлұғ (Ілтеріс қағанның кіші ұлы).Жазбада тарихи оқиға баяндалады.Онда Шығыс түркі қағаны мен оның құрамына енген көптеген түркі тайпаларының тарихы, мәдениеті және әлеуметті құрылысы жөнінде өте құнды деректер берілген. Ескерткішті тауып алған , ғылым әлеміне мәлімдеуші орыс ғалымы-Н. М. Ядринцев.1958 жылы Монғол-Чехословак біріккен ғылыми экспедиция Күлтегін ескерткішінің орнына қазба жұмыстарын жүргізді. Күлтегінге арналған ескерткіш пирамида тәрізді.Оның биіктігі-3,5 м, ені-1,24м,қалыңдығы-0,41м. Ескерткіштің жоғарғы жағы бес бұрышты.Оның қырларында айдаһардың суреттері мен қаған таңбалары бейнеленген.Оның екінші жағында ескерткіште орнатылған күні 1 тамыз 732 жыл деп жазылған.(98 сөз) <https://view.officeapps.live.com/>

Сөздік

1	баяндалу	докладывать,излагать
2	мәлімдеуші	заявитель,осведомитель
3	тәрізді	нападобие
4	қалыңдығы	толщина
5	таңба	знак
6	айдаһар	дракон,удав

III деңгей

1-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

1.Орхон ескерткіштері ішіндегі мазмұны мен көлемі жағынан ерекше саналатын көне түркі жазбаларды атаңдар.

2. Жазбада қандай оқиға баяндалады?

3. Ескерткішті алған тауып, ғылым әлеміне мәлімдеуші қандай орыс ғалымы?

2-тапсырма. Сөйлемдерге жетіспейтін сан есімдерді жаз.

1. ... жылы Монғол-Чехословак біріккен ғылыми экспедиция Күлтегін ескерткішінің орнына қазба жұмыстарын жүргізді.

2. Ескерткіштің биіктігі - ... м, ені - ... м, қалыңдығы - м.

3. Ескерткіште орнатылған күні-... тамыз ... жыл деп жазылған.

II деңгей

1-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, ақпараттың дұрыстығын тексер. Түсіндір.

Ақпарат	Дұрыс	Бұрыс
1. Күлтегін, Күтлұғ (Ілтеріс қағанның кіші ұлы).		
2. Ескерткішті тауып алған, ғылым әлеміне мәлімдеуші орыс ғалымы- Н. М. Ядринцев.		
3. Монғол-Чехославак біріккен ғылыми экспедиция Күлтегін ескерткішінің орнына қазба жұмыстарын жүргізбеген.		
4. Күлтегінге арналған ескерткіш пирамида тәрізді емес.		

2-тапсырма. Берілген сөздерді сәйкестендіріп сөйлем құрастыр.

1	Бұмын қаған	а	Елтерістен кейін таққа отырған адам
2	Елтеріс	ә	ақылшы, кеңесші
3	Білге	б	батыр
4	Күлтегін	в	хан
5	Тоңқұқ	г	түркі елін жалғастырған басшы
6	Қапаған	д	Түркі қағанатын негізін қалаған

I деңгей

1-тапсырма. Күлтегіннің бейнесін ұлттық теңгеге салудың мәні неде деп ойлайсындар. Түсінгенінді айт.

11-сабақ

Оқушы, сен осы сабақта:

- сөздерді жұптастырып, сөйлем құрастырып жазу.
- ауызша айтылғанды түсіну және сұрақтарға жауап бере білу;
- берілген сұрақ бойынша пікір айту және оны дәлелдеу дағдыларыңды жетілдіресің.

Енисей ескерткіші



Енисей өзені аңғарынан құпия жазуы бар құлпытастар (ескерткіштер) табылғаны туралы алғашқы хабарды Н. К.Видзен, С. У. Ремезов, сондай-ақ Сібірде айдауда жүрген швед офицері И. Т. Страленберг пен немістің белгілі ғалымы Ц. Г. Мессершмидт, т. б. бергенін XVIII ғасырдың бас кезінде жазған мақалалары мен хаттарынан білеміз. Скандинавия халықтарының тілінде «рунь», яғни «руна» деген сөз қазақша аударғанда «сыры ашылмаған», «құпия» деген мағына береді. И. Т. Страленберг өзі тапқан құлпытастардағы бұрын-сонды тарихта белгісіз болып келген, ешкім түсінбейтін жат жазуды өз елінің тілінде руна жазуы деп атаған еді. (84 сөз) <https://kk.wikipedia.org/>

Сөздік

1	аңғар	обрыв,овраг
2	құлпытастар	памятники
3	белгісіз	неизвестный
4	ешкім түсінбейтін жат жазу	никому неизвестная надпись
5	айдауда	в изгнании
6	сыры,құпия	секрет

III деңгей

1-тапсырма. Мәтінді оқып, негізгі ойын анықта.

II деңгей

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Құпия жазуы бар құлпытастар қайда және кімдермен табылған?
2. Скандинавия тілінен «руна» деген сөз қандай мағынаны білдіреді?
3. Құлпытастарда нені көруге болады?

2-тапсырма. Сөздерді жұптастырып 5-6 сөйлем құрастырып жаз.

	руна		жүрген
	Енисей		ашылмаған
	айдауда		өзені
	жазған		түсінбейтін
	сыры		жазуы
	ешкім		мақалалары

I деңгей

1-тапсырма. Енисей аңғарындағы ескерткіштің мән-мағынасы неде деп ойлайсындар? Пікірлеріңізді дәлелдендер.

8- сыныпқа арналған «Түркітану» арнайы курсы бойынша әдістемелік оқу құралынан үлгілері

8-сабақ
Ежелгі көшпенділер мәдениеті

«Мәдениет» деген ұғымның аясы өте кең. Адам ой-санасы мен әрекетінің нәтижесінде туындаған құндылықтарды біз мәдениет дейміз. Көшпелілердің рухани мәдениетінің өз даму ерекшеліктері бар. Ол көшпелілердің тіршілік қарекетінің, тұрмысының ерекшеліктерінен туындайды. Көшпелілер өз тұрмыс-әрекетіне лайықты мәдениет қалыптастырған. Көшпелілердің материалдық мәдениеті көшіп-қонуға ыңғайланып жасалған. Мұндай таза көшпелі мәдениет үлгілеріне біз жиналмалы, жығып-тігуі өте жеңіл киіз үйді, ер-тұрман, ат әбзелдерін, теріден, ағаштан жасалған бесігін, басқа да тұрмыстық заттарын жатқызамыз.

Көшпелілердің рухани мәдениеті тіптен бай. Мал шаруашылығы — егіншілікке карағанда бұқара халықтың барлығы қамтылмайтын, қамтығанның өзінде көшпелі қауымның бос уақыты көбірек болатын шаруашылық түрі.(90 сөз)

Сөздік

	ой-санасы	самосознание
	әрекет	действия
	тіршілік қарекеті	быт
	ер-тұрман	упряжь
	ат әбзелдері	верховая сбруя
	бесік	колыбель
	егіншілік	земледелие

III деңгей

1-тапсырма. Мәтін оқып, аудар.

II деңгей

1-тапсырма. Диалогты мәтін мазмұны бойынша толықтырып өзара сөйлесіңдер.

- Өркениетті басты көрсеткен не?
- Мәдениет.
- Шығыс пен Батысты қосатын қандай мәдениет жолын білесің?
-
- Дала өркениетінің қолтаңбасын нелерден көруге болады?
-
-

2-тапсырма. Сызбаны толтырып сөйлемдер құрастыр.



3-тапсырма. Мағынасы ұқсас сөздерді жұптастырыңыздар, сөйлем құрастыр.

1	туындаған	а	халықтың
2	даму	ә	уақыты
3	материалдық	б	жасалған
4	мал	в	шаруашылығы
5	ағаштан	г	мәдениеті
6	бос	д	ерекшеліктері
7	бұқара	е	құндылықтар

I деңгей

Ежелгі көшпенділер мәдениеті туралы қандай тұжырым жасайсың.

Келесі тәжірибе Республикалық физика-математика мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-мастер Камзина Айшолпан Аибовнаның технология бойынша әдістемелік сатыларын көрсетейік.

8-сыныпта төмендегі тақырыптарды технологиямен өткізуді жоспарлауда педагог тиімді әдістерді қолданады.

5-тақырып.

Бөлім: «Су – тіршілік көзі»

Кілтті сөздермен танысуды потенциалды сөздік қорын кілтті сөздерді түбірле сөздермен қосып беру әдісі арқылы бастауға болатынын дәлелдеген: Су- су+лы (суы бар), су+сыз (суы жоқ); су+сыз+дық (құрғақ+тық, судың жоқтығы/тапшылығы); су+дай (су сияқты/су тәрізді/ суға ұқсас). Бұл әдіс «Сөздер ұясы»деп аталады.

5.1 Сусыз өмір жоқ.

Алдымен негізгі ойлар бойынша интерактивті әдіс қолданылады. Сұрақ-жауап әдісімен талқылау жұмысы өтеді. Бір ойды әр түрлі етіп айту тәсілі тиімді болып саналады. Кестеде көріп отырғандай, оқушылар жауаптарында синонимдес конструкциялар жақсы қамтылған. Бұл әдіс оқушылардың өз ойын айтуда бірнеше тәсілмен білдіруге баулу. Сыныпта бір баланың жауабын екінші қостап отыруға, бірақ басқа сөздермен білдіру дағдылары қалыптасуға мүмкіндік жасалады.

Не туралы айтамыз?	Негізгі ойлар
«Судың маңызы»	Су – ең қымбат қазына. Су болмаса, тіршілік те жоқ. Су - тіршілік көзі . Су - ең қажет зат. Су -

	өмірдің қайнар көзі.
«Адам ағзасына пайдасы»	Су күш/қуат береді, тамақты қорытады, теріні таза етеді/денені тазалайды.
«Сусыздықтың зияны»	Сусыз адам әлсірейді, көңіл-күйі төмендейді, ауырады/ауруға шалдығады.
«Біздің міндетіміз»	Суды қорғау – әркімнің міндеті/біздің міндетіміз/менің міндетім. Күн сайын жеткілікті су ішу керек.
Су қашан/қанша ішу керек?	Күн сайын/күнделікті, жеткілікті/қажетті/көп мөлшерде

Сонан соң педагог оқушылар назарын мәтінге ауыстырады. Қандай жаңа сөздермен осы мәтінде қосымша танысып отыр ? 4 жағдаят беріп (әр абзац бойынша жұппен сөйлесуді пысықтау. Сосын жұптар бір бірден ауысып екі абзацты қамтиды. Жұптар бірі бірімен қосылып үлкен полилог форматында сөйлеседі).


Су – жер бетіндегі ең қымбат қазына. Су болмаса, жер бетінде ешқандай тіршілік болмас еді. Өйткені адам да, жануар да, өсімдік те сусыз өмір сүре алмайды.

Адам денесінің көп бөлігі судан тұрады. Күн сайын бізге таза су ішу қажет. Су біздің денемізге күш береді, тамақты қорытуға көмектеседі, терімізді таза әрі әдемі етеді.

Сусыз ағза әлсірейді, көңіл-күй төмендейді, тіпті ауруға шалдығуымыз мүмкін. Сондықтан күн сайын жеткілікті мөлшерде су ішуді ұмытпауымыз керек.

Суды қорғау – әр адамның міндеті. Өйткені таза су – өмірдің қайнар көзі.

1. Мәтіннен судың қасиетін білдіретін сөздерді анықта.



Мәтінде болмаса да, қазақ тілдегі дәстүр бойынша, суға қажетті сипаттамалар, соның ішінде эпитеттерді, теру жұмысы өткізіледі. Ол үшін қосымша тірек сөздер беріледі: таза/мөлдір /тұнық (синонимдер), көгілдір/ластанған (антонимдер), жылы/салқын/суық/ мұздай (градация тәсілімен беріліп отыр), дәмді/дәмсіз (антонимдер); тұщы/ащы (антонимдер). Педагогтердің назарына: мәтіндегі сөздерден тыс қажетті белсенді сөздер оқушыларға берілсе, олар емін-еркін сөйлей бастайды.

2. Сөз тіркестерін екі топқа орналастыр және қысқа түрде бір ойды білдір: денеге күш беру, адамның міндеті, тамақты қорыту, қымбат қазына, теріні таза ету, өмірдің қайнар көзі

Судың пайдасы:

Суды үнемдеу:

3. Сурет бойынша сөздерді қолданып 3 сөйлем құрастыр.

(су, тіршілік, денсаулық, қорғау) Бұл тапсырма сөйлеуге дайындық ретінде қолданылады.



4. Жұптық әңгіме (дәрігер мен оқушы рөлінде диалог құру).

- Күніне неше рет су ішесің?

-...

- Егер су аз ішсең, денсаулығыңа қандай әсер береді?

-....

- Су ағзаға қандай пайда береді?

-

- Газды су мен шырынның пайдасы судың пайдасынан тиімдірек деп ойлайсың ба ? Себебін түсіндір.

Мұндай диалог өміршең мазмұнында болғасын, функционалдық сауаттылықтың бір бөлігін, оқушының әлеуметтенуіне себебін тигізеді. Сонымен қатар, қазақ тілінде коммуникацияға түсуде, барлық қажетті талаптарды орындауға бейімделеді. Алдыңғы мәтіннен алынатын ақпарат оқушының өзінің ойын білдіруге көмегін тигізеді. Оқушы осы алған әмбебап ақпаратты кез келген жерде қолдана алады (үйінде отбасы мүшелерімен талқылауда, құрдас немесе кіші іні-қарындастарына кеңес беруде және әрі қарай биология сабағында мұғаліммен жоба жазуға да дайындық бола алады).

5.2 Судың маңызы.

Су – тіршілік көзі. Адам, жануар, өсімдік – бәрі де өмір сүру үшін суға мұқтаж. Су болмаса, тіршілік те болмайды.

Адам күнделікті өмірде суды ішеді, жуынады, тамақ дайындайды, киімдерін жуады. Өсімдіктер де өсу үшін су керек. Егер өсімдіктерге су құймаса, олар құрап қалады. Жануарлар да шөлдегенде су ішеді.

Су – табиғаттың бір бөлігі. Ол көлдерде, өзендерде, теңіздерде және мұхиттарда кездеседі. Сонымен қатар, су жаңбыр, қар, бұршақ түрінде де жерге түседі.

Біз суды үнемдеп пайдалануымыз керек. Су ішетін құдықтар мен өзен-көлдерді ластамау қажет. Егер суды ластасақ, онда жануарлар мен өсімдіктерге зиян келтіреміз.

Сондықтан әрбір адам судың қадірін біліп, оны таза сақтауға тырысуы керек.

«БҮТІН-БӨЛШЕК» мағынаны білдіру тәсілдерін үйрету – әмбебап дағдыны қалыптастыруға оқушыларды бейімдеу болып табылады. Өйткені қай тақырыптық өріске кірсе де, оқушылар осы мағынаны білдіруге мәжбүр болады.

1-тапсырма. Су түрлері туралы әртүрлі тәсілмен айтып бер:

Су түрлері: су, жаңбыр, қар, бұршақ, мұз әр түрлі тәсілмен беруді үйрету (жатады, құрайды, бөлінеді,түрінде болады, ...түрлері бар, ... бәрі - су)

2-тапсырма. Су қайда кездеседі?

3-тапсырма. Кілтті сөздерді мағынасына қарай топтастыр.

Берілген кілт сөздер:

су, тіршілік, адам, жануар, өсімдік, ластау, үнемдеу, табиғат, мұқтаж, қорғау

Нұсқаулық: Төмендегі мағыналық топтарға бөліп жаз.

☒ 1. Тіршілік иелері (кімдер?):

Мысалы: адам, ...

☒ 2. Табиғат құбылыстары мен ресурстары (не?):

Мысалы: су, ...

☒ 3. Адам әрекеттері мен қасиеттері (не істеу керек/немесе болмайды?):

Мысалы: үнемдеу, ...

Тапсырма 4. Артық сөзді тап және себебін түсіндір.

Әр қатардан семантикалық жағынан артық сөзді тап. Неге артық екенін түсіндір.

1. Су, өсімдік, жануар, табиғат, күрек

2. Адам, жануар, өсімдік, есік, құс

3. Ластау, үнемдеу, қорғау, қадірлеу, өсімдік

5-тапсырма. Ойын сайысы «Кім неше сөйлем мәтіннен шығарады?». Мәтін негізінде «Егер өсімдіктерге су құймаса, олар қурап қалады» тәрізді сөйлемдер құрастыр.

Егер,

6-тапсырма. Төмендегі сөздердің орнына мағынасы ұқсас (синоним) сөзді жаз: перепечатайте / плагиат будет

2. Су – тіршілік көзі. → Су – ...

3. Табиғатты қорғау керек. → ... сақтау керек.

4. Су ішетін құдықтарды ластамау керек. → ... қоқыс тастамау керек.

7-тапсырма. Шығармашылық тапсырма:

– “Су” сөзіне ассоциациялық сөздерді кестеден тап. Екі бағанды мағыналық жағынан стрелкалармен сәйкестендір Ойыңды әрі қарай дамытып айтуға тырыс.

1. Судың да сұрауы бар.	А. Менің ойымша, су – тазалық символы... Қазақ халқы айтқандай, ... Сондықтан
2. Таза болсаң, судай бол Бәрін жуып кетірген. Жақсы болсаң, жердей бол Бәрімізді өсірген.	Ә. Менің ойымша, су – таусылатын қазына.... Қазақ халқы айтқандай, ... Сондықтан
3. Су — ырыстың көзі, Еңбек — кірістің көзі.	Б. Менің ойымша, су – қозғалыс... Қазақ халқы айтқандай, ... Сондықтан
4. Жатқан тастың астына су бармайды.	В. Менің ойымша, су – ырыс ... Қазақ халқы айтқандай, ... Сондықтан

Сәйкестендіру жауабы: 1Ә, 2А, 3В, 4Б

– Өз ойыңды білдіріп, шағын мәтін құрастыр (3–4 сөйлем).

Келесі тәсіл – мәтінді ал

Сынып 8 Күні : _____



Ақшаны үнемдеп ұстайсың ба?

Алдымен осы қысқа мәтінмен жұмыс үстеу қажет. Бұл мәтінде артық сөз жоқ. Барлық сөздер тақырып аясында белсенді болып саналады.

Ақша – бұл маңызды нәрсе. Оны табу, жұмсау және, әрине, үнемдеу керек. Сен ақшаны қалай үнемдейсің? Ақшаны не үшін үнемдеу керек?

Ақша үнемдеу – оны дұрыс және тиімді жұмсау. Ақшаны жинау керек. Ақшаны/оны жоспар бойынша жұмсау/ қажеттілікке жұмсау / мақсатқа жетуге жұмсау. Мақсат әр түрлі болады: а) компьютер сатып алу, ә) саяхатқа бару, б) басқа елге барып, оқуға түсу ; в) шетел тілін қосымша оқуға; г) бір ұнаған зат сатып алу (киім, сөздік және т.с.с); д) туысыңды емдеу

Үнемдеу жолдары қандай: күнделікті шығындарды азайту; сусын немесе тәттілерді дүкеннен алмау; киноға бармай, достарыңмен киноны үйде көріду ұйымдастыру;

Шашу оңай – жинау қиын. Ақшаны үнемдеу керек. Ақшаны ақылмен/жоспармен жұмсау керек. Ақша үнемдеу - отбасыңа үлкен көмек. Ақшаны үнемдеу -жақсы әдет. (114 сөз)

Негізгі идеяларды топпен шығару жұмысы.

- Ақшаны үнемдеу – оны дұрыс және тиімді жұмсау, қажеттілікке жұмсау.

- Ақшаны үнемдеуге болады: күнделікті шығындарды азайту; жоспар құру.

- Ақшаны үнемдеу – жақсы әдет, ол қаржылық жағдайыңды жақсартады. Сонан соң толық мәтінге көшуге болады.

Ақша – бұл біздің өмірімізде маңызды рөл атқаратын нәрсе. Оны табу, жұмсау және, әрине, үнемдеу керек. Сен ақшаны қалай үнемдейсің? Бұл сұраққа жауап беру үшін, алдымен ақшаның не екенін және оны не үшін үнемдеу керектігін түсінуіміз керек.

Ақша үнемдеу дегеніміз – оны дұрыс және тиімді жұмсау. Бұл тек қана ақшаны жинау емес, сонымен қатар оны қажеттілікке, мақсатқа жетуге жұмсау. Мысалы, сен өзіңе ұнайтын затты сатып алу үшін ақша жинауың мүмкін. Немесе болашақта оқуға түсу үшін ақша үнемдеуің мүмкін.

Ақшаны үнемдеудің көптеген жолдары бар. Ең қарапайым жолы – күнделікті шығындарды азайту. Мысалы, мектепке бара жатқанда дүкеннен сусын немесе тәтті сатып алмауға болады. Оның орнына үйден өзіңмен бірге сусын алып бар. Бұл аз ғана көрінсе де, уақыт өте келе үлкен үнемге әкелуі мүмкін.

Сонымен қатар, ақшаны үнемдеу үшін жоспар құру маңызды. Өзіңнің қанша ақша табатыныңды және оны неге жұмсайтыныңды білуің керек. Осылайша, сен қайда ақшаны азайтуға болатынын көре аласың. Мысалы, егер сен киноға көп барсаң, оның орнына достарыңмен үйде кино көруге болады.

Ақшаны үнемдеудің тағы бір жолы – мақал-мәтелдерді есте сақтау. «Шашу оңай, жинау қиын» деген мақал бар. Бұл ақшаны оңай жұмсауға болады, бірақ оны жинау қиын екенін еске салады. Сондықтан әрқашан ақшаны ақылмен жұмсау керек.

Ақшаны үнемдеу – бұл тек қана өзің үшін емес, сонымен қатар отбасың үшін де маңызды. Егер сен ақшаны үнемдей білсең, онда отбасыңа көмектесе аласың. Мысалы, сен туған күніңе сыйлық сұраудың орнына, ақша жинап, отбасыңа қажетті зат сатып алуға көмектесе аласың.

Соңында, ақшаны үнемдеу – бұл жақсы әдет. Егер сен кішкентай кезіңнен бастап ақшаны үнемдей білсең, онда болашақта қаржылық жағдайың жақсы болады. Сондықтан ақшаны үнемдеуді үйрен және оны өміріңнің бір бөлігіне айналдыр (264 сөз).

Сөздік

Оқудан алынған негізгі сөздік сөздерді қарап шығыңыз.



үнемдеу етістік ақшаны немесе басқа ресурстарды сақтау және тиімді пайдалану <i>Мен болашаққа ақша үнемдеу үшін күн сайын аз шығынданамын.</i>
шығындарды зат есім белгілі бір уақыт аралығында жұмсалған ақшаның немесе ресурстардың мөлшері <i>Отбасымыздың ай сайынғы шығындарды азайту үшін біз жоспар құрдық.</i>
қажеттілікке зат есім өмір сүру немесе жұмыс істеу үшін қажет нәрсе <i>Біз ақшаны бірінші кезекте қажеттілікке жұмсауымыз керек, содан кейін ғана ойын-сауыққа.</i>
тиімді сын есім жақсы нәтиже беретін немесе мақсатқа жетуге көмектесетін <i>Суды тиімді пайдалану үшін, тістеріңді жуғанда қранды жауып қой.</i>
жоспар зат есім белгілі бір мақсатқа жету үшін жасалған қадамдардың тізімі <i>Менің болашаққа арналған жоспарым бар: университетке түсу және жақсы маман болу.</i>
қаржылық сын есім ақшаға немесе қаржыға қатысты <i>Дұрыс қаржылық шешімдер қабылдау үшін ақшаны қалай басқару керектігін үйрену маңызды.</i>
әдет зат есім

үнемі қайталанатын әрекет немесе мінез-құлық
Кітап оқу - менің ең жақсы әдеттерімнің бірі.



Негізгі сөздік тізімі

Сөз	Анықтама	Мысал сөйлем
үнемдеу	ақшаны немесе басқа ресурстарды сақтау және тиімді пайдалану	Мен болашаққа ақша үнемдеу үшін күн сайын аз шығынданамын.
шығындарды	белгілі бір уақыт аралығында жұмсалған ақшаның немесе ресурстардың мөлшері	Отбасымыздың ай сайынғы шығындарын азайту үшін біз жоспар құрдық.
қажеттілікке	өмір сүру немесе жұмыс істеу үшін қажет нәрсе	Біз ақшаны бірінші кезекте қажеттілікке жұмсауымыз керек, содан кейін ғана ойын-сауыққа.
тиімді	жақсы нәтиже беретін немесе мақсатқа жетуге көмектесетін	Ақшаны тиімді жұмсау үшін, артық заттар сатып алмаймыз .
жоспар	белгілі бір мақсатқа жету үшін жасалған қадамдардың тізімі	Менің болашаққа арналған жоспарым бар: ақша жинап, қосымша курстарға бару
қаржылық	ақшаға немесе қаржыға қатысты	Ақшаны басқаруды білсең, дұрыс қаржылық шешімдер қабылдайсың
әдет	үнемі қайталанатын әрекет немесе мінез-құлық	Ақшаны үнемдеп жұмсау - менің жақсы әдетім.



Негізгі сөздік

Әрбір термин үшін оның анықтамасын түсінетінін көрсететін сөйлемде осы сөзді қолданыңыз. Содан кейін терминге сәйкес келетін сурет жасаңыз. Суретті түсіндіруге дайын болыңыз.

Сөздік термині	Оны	Оны
----------------	-----	-----

	сөйлемде қолданыңыз:	бейнелейтін сурет:
үнемдеу <i>етістік</i> ақшаны немесе басқа ресурстарды сақтау және тиімді пайдалану		
шығындарды <i>зат есім</i> белгілі бір уақыт аралығында жұмсалған ақшаның немесе ресурстардың мөлшері		
қажеттілікке <i>зат есім</i> өмір сүру немесе жұмыс істеу үшін қажет нәрсе		
тиімді <i>сын есім</i> жақсы нәтиже беретін немесе мақсатқа жетуге көмектесетін		
Жоспар <i>зат есім</i> белгілі бір мақсатқа жету үшін жасалған қадамдардың тізімі		
қаржылық <i>сын есім</i> ақшаға немесе қаржыға қатысты		
әдет <i>зат есім</i> үнемі қайталанатын әрекет немесе мінез-құлық		



Дәлелдемелер, Дәлел, Негіздеме

Нұсқаулар: Оқығаннан кейін, мәтіннен алынған дәлелдерді пайдалана отырып, келесі қысқа жауапты сұраққа жауап беріңіз. Сұраққа жауап беруіңізге, дәлелдеме енгізуіңізге және дәлелдеме сіздің жауабыңызды қалай растайтынын түсіндіруіңізге көз жеткізу үшін C.E.R. форматын пайдаланыңыз.


Ақшаны үнемдеудің маңыздылығы неде және неліктен бұл әдетті ерте жастан бастау керек?

Дәлелдеме: Сұраққа нақты жауап беретін сөйлем жазыңыз.	
Дәлел: Жауабыңызды растау үшін мәтіннен/дереккөзден алынған дәлелдерді пайдаланыңыз. Мәтінді дәйексөз келтіргенде немесе қайта айтқанда нақты болыңыз.	
Негіздеме: Дәлелдемені өз сөзіңізбен түсіндіріңіз және оның тақырыпқа және/немесе сіздің жауабыңызға қатысты маңыздылығын немесе салдарын түсіндіріңіз.	



Суретті талдау: Байқау және таңдану

Нұсқаулар: Суретке қарап, байқаған 2-3 нәрсені (негізгі мәліметтер, басты идеялар, тақырыптар) жазыңыз, содан кейін таң қалған 2-3 нәрсені (суреттен туындаған сұрақтар, суретке қарағанда қызықтыратын нәрселер) жазыңыз.



Сіз не байқадыңыз?	Сіз неге таң қалдыңыз?



Топтық талқылау
Сұраққа жауап беріңіз:

Нұсқаулар: Оқулықты және өз біліміңіз бен тәжірибеңізді пайдалана отырып, келесі сұраққа жауап беріңіз. Мүмкіндігінше толық жауап беріңіз.

Егер сізде ақшаны үнемдеу тәжірибеңіз болса, оны қалай жасадыңыз және бұл сізге қандай пайда әкелді? Ақшаны үнемдеудің қандай жаңа әдістерін ойлап табуға болады?

Ой жүгіртіп, талқылаңыз:

Нұсқаулар: Нұсқау берілгенде, жауаптарыңызды тобыңызбен бөлісесіз. Төмендегі қораптарға олардың жауаптарын жазып алыңыз. Олардың есімдерін көрсетілген жерге жазуды ұмытпаңыз.

№1 оқушы:	№2 оқушы:
№3 оқушы:	№4 оқушы:

Сынып : _____ Күні : _____



Базарға барамын

Базарға бару – көптеген адамдар үшін күнделікті немесе апталық іс-шара. Бұл жерде адамдар азық-түлік, киім-кешек және басқа да қажетті заттарды сатып алады. Базар – қаланың немесе ауылдың жүрегі, онда адамдар кездесіп, әңгімелесіп, сауда жасайды.

Базарға бару үшін алдымен не сатып алатыныңызды жоспарлау керек. Тізім жасап, қанша ақша жұмсайтыныңызды анықтаңыз. Бұл сізге қажетсіз

заттарды сатып алудан сақтайды және бюджетіңізді сақтауға көмектеседі. Мысалы, сіз базардан бір жарым килограмм алма, төрттен бір бөлік ірімшік және жарты килограмм ет сатып алуды жоспарлай аласыз.

Базарға жеткенде, әртүрлі дүкендер мен сатушыларды көресіз. Әрбір сатушы өз тауарын ұсынады, сондықтан бағаларды салыстырып, ең жақсы ұсынысты табу маңызды. Саудаласудан қорықпаңыз! Көптеген сатушылар бағаны аздап төмендетуге дайын.

Азық-түлік сатып алғанда, өнімнің жаңа екеніне көз жеткізіңіз. Жемістер мен көкөністердің піскенін және бұзылмағанын тексеріңіз. Ет пен балықты сатып алғанда, олардың балғын және дұрыс сақталғанына көз жеткізіңіз.

Киім-кешек сатып алғанда, өлшеміңізге сәйкес келетінін және сапасы жақсы екенін тексеріңіз. Матаның түрін және тігісін тексеріңіз. Егер сізге бір нәрсе ұнамаса, сатушыдан басқа түрін сұраңыз.

Базарда ақша төлеу кезінде абай болыңыз. Ақшаңызды санап, сатушыға дұрыс соманы беріңіз. Қайтарымды алғанда, оның дұрыс екеніне көз жеткізіңіз. Егер сізде өзгертуге қатысты сұрақтар туындаса, сатушыдан түсіндіруді сұраңыз.

Базардан қайтарда, сатып алған заттарыңызды қауіпсіз түрде тасымалдаңыз. Ауыр заттарды көтеру үшін арбаны немесе сөмкені пайдаланыңыз. Егер сіз көлікпен барсаңыз, заттарыңызды көліктің жүксалғышына салыңыз. Үйге жеткенде, заттарыңызды дұрыс сақтаңыз, мысалы, азық-түлікті тоңазытқышқа салыңыз.

Базарға бару – бұл тек сауда жасау ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік іс-шара. Сіз достарыңызбен және отбасыңызбен кездесіп, жаңа адамдармен таныса аласыз. Базар – жергілікті мәдениеттің бір бөлігі, сондықтан оған бару арқылы сіз қалаңыздың немесе ауылыңыздың өміріне қатысасыз.

Қысқаша мазмұны

- Базарға бару - көптеген адамдар үшін маңызды сауда орны.
- Базарда азық-түлік, киім-кешек және басқа да қажетті заттарды сатып алуға болады.
- Базарға бару арқылы жергілікті мәдениетке қатысып, жаңа адамдармен танысуға болады.



Негізгі сөздік

Әрбір термин үшін оның анықтамасын түсінетінін көрсететін сөйлемде осы сөзді қолданыңыз. Содан кейін терминге сәйкес келетін сурет жасаңыз. Суретті түсіндіруге дайын болыңыз.

Сөздік термині	Оны сөйлемде қолданыңыз:	Оны бейнелейтін сурет:
----------------	--------------------------	------------------------

базар <i>зат есім</i> азық-түлік, киім-кешек және басқа да заттар сатылатын орын		
бюджетіңізді <i>зат есім</i> белгілі бір уақыт кезеңіне арналған жоспарланған кірістер мен шығыстардың сомасы		
саудаласудан <i>етістік</i> тауардың бағасын төмендетуге тырысу		
өнімнің <i>зат есім</i> ауыл шаруашылығында өсірілген тағам		
мәдениеттің <i>зат есім</i> белгілі бір қоғамның әдет- ғұрыптары, өнері және әлеуметтік институттары		



Жауап беріп, түсіндіріңіз

Нұсқаулар: Әр сұраққа жауап беріңіз және мәтіннен нақты дәлелдерді пайдалана отырып, неліктен осы жауапты таңдағаныңызды түсіндіріңіз.

Сұрақ:	
Базарға барудың алдында не істеу керек?	
Жауап:	Түсіндіру:
А. Барлық ақшаңызды жұмсау керек Б. Не сатып алатыныңызды жоспарлау керек С. Сатушылармен ұрсысу керек Д. Ешкіммен сөйлеспеу керек	


Сұрақ:	
Базарда азық-түлік сатып алғанда неге көңіл бөлу керек?	
Жауап:	Түсіндіру:
А. Бағаның қымбаттығына Б. Сатушының көңіл-күйіне С. Өнімнің жаңа екеніне Д. Дүкеннің көлеміне	

Сұрақ:	
Базардан қайтарда не істеу керек?	
Жауап:	Түсіндіру:
А. Заттарды жолда жеу керек Б. Барлық заттарды тастап кету керек С. Заттарды басқа адамдарға беру керек Д. Заттарыңызды қауіпсіз түрде тасымалдаңыз	

Аты : _____ Күні : _____

 **Суретті көпіршікті карта**

Нұсқаулар: Көпіршікті картаның ортасында сізге бастауға көмектесетін оқуды көрсететін сурет бар. Суретті оқумен байланыстыратын түсініктермен, идеялармен, сұрақтармен және мәліметтермен байланыстырушы көпіршіктерді толтырыңыз. Мысалы: "Бұл сурет оқумен байланысты, себебі..."




Айт, Мағынасы, Маңызы


Мәтінді оқып белгілегеннен кейін, сізге ерекше әсер еткен цитаталарды жазыңыз. Олардың мағынасын өз сөзіңізбен түсіндіріңіз. Содан кейін олардың неліктен маңызды, неліктен қажет немесе маңызды екенін түсіндіріңіз.



Айт: Мәтіннен цитата жазыңыз.



Мағынасы: Цитатаны өз сөзіңізбен жазыңыз.



Маңызы: Бұл неліктен маңызды? Неліктен қажет?



Топтық талқылау

Сұраққа жауап беріңіз:

Нұсқаулар: Оқулықты және өз біліміңіз бен тәжірибеңізді пайдалана отырып, келесі сұраққа жауап беріңіз. Мүмкіндігінше толық жауап беріңіз.

Базарға барғанда қандай қызықты оқиғаларға тап болдыңыз және ол сіздің базар туралы түсінігіңізді қалай өзгертті?

Ой жүгіртіп, талқылаңыз:

Нұсқаулар: Нұсқау берілгенде, жауаптарыңызды тобыңызбен бөлісесіз. Төмендегі қораптарға олардың жауаптарын жазып алыңыз. Олардың есімдерін көрсетілген жерге жазуды ұмытпаңыз.

№1 оқушы:	№2 оқушы:

№3 оқушы:

№4 оқушы:



Базарға барамын

Базар – бұл көптеген адамдар баратын орын. Онда түрлі заттар сатылады: азық-түлік, киім, ойыншықтар және т.б. Базарға бару қызықты оқиға болуы мүмкін, әсіресе достарыңмен немесе отбасыңмен барсаң.

Базарға барарда не сатып алғың келетінін білу маңызды. Тізім жасап алсаң, керекті заттарды ғана алып, артық ақша жұмсамайсың. Мысалы, егер сен тек жеміс-жидек алғың келсе, тізімге алма, шабдалы, жүзім деп жазып қой.

Базарда сатушылар әрқашан саудаласуға дайын. Егер бір заттың бағасы тым қымбат болып көрінсе, сатушыдан бағаны түсіруін сұрауға болады. Кейде олар келіседі, кейде келіспейді, бірақ сұрап көруге болады.

Базарда жүргенде абай болу керек. Айналаңа қарап, басқа адамдарға соқтығып қалмауға тырыс. Әсіресе, көп адам болса, ұрлықтан сақтану үшін заттарыңды жақсылап қарау керек.

Базарда тек заттар ғана емес, көңілді атмосфера да бар. Адамдардың күлкісі, сатушылардың айқайы, түрлі түсті заттар – бәрі бірге базарды ерекше орынға айналдырады. Достарыңмен бірге базарда серуендеп, қызықты заттарды көруге болады.

Базардан керекті заттарды сатып алғаннан кейін, үйге қайтуға болады. Сатып алған заттарды дұрыс сақтап, тез бұзылатын азық-түліктерді тоңазытқышқа салу керек. Содан кейін базардан алған әсерлеріңмен бөлісуге болады.

Қазақ тілін үйрену үшін базарға бару жақсы тәжірибе болуы мүмкін. Сатушылармен қазақша сөйлесіп, бағаларды сұрап, жаңа сөздер үйренуге болады. Мысалы, «Мен базарға барамын» деген сөзді қолдануға болады. Бұл тілдік дағдыларды жақсартуға көмектеседі.

Қысқаша мазмұны

- Базар - бұл көп адамдар баратын, әртүрлі заттар сатылатын қызықты орын.

- Базарда саудаласуға, абай болуға және қазақ тілін үйренуге болады.
- Базардан керекті заттарды сатып алып, алған әсеріңмен бөлісуге болады.



Сөздік

Оқудан алынған негізгі сөздік сөздерді қарап шығыңыз.

базар noun көптеген сатушылар мен сатып алушылар кездесетін орын, онда әртүрлі тауарлар сатылады <i>Мен әжеммен бірге базарға жеміс-жидек алуға бардым.</i>
азық-түлік noun тамақ өнімдері, жеуге жарамды заттар <i>Біз базардан бір аптаға жететін азық-түлік сатып алдық.</i>
сатушылар noun тауарларды сататын адамдар <i>Базарда көптеген сатушылар өз тауарларын ұсынады.</i>
саудаласуға verb бағаны төмендету үшін келіссөз жүргізу <i>Базарда саудаласуға болады, егер бағасы қымбат болса.</i>
бағасы noun заттың ақшалай құны <i>Бұл кітаптың бағасы тым қымбат екен.</i>
ұрлықтан noun біреудің затын рұқсатсыз алу <i>Базарда ұрлықтан сақтану үшін заттарыңды қарап жүр.</i>
атмосфера noun белгілі бір орындағы жалпы көңіл-күй немесе сезім <i>Базарда көңілді атмосфера бар, адамдардың күлкісі естіледі.</i>



Негізгі сөздік

Әрбір термин үшін оның анықтамасын түсінетінізді көрсететін сөйлемде осы сөзді қолданыңыз. Содан кейін терминге сәйкес келетін сурет жасаңыз. Суретті түсіндіруге дайын болыңыз.

Сөздік термині	Оны сөйлемде қолданыңыз:	Оны бейнелейтін сурет:
базар <i>noun</i> көптеген сатушылар мен сатып алушылар кездесетін орын, онда әртүрлі тауарлар сатылады		
азық-түлік <i>noun</i> тамақ өнімдері, жеуге жарамды заттар		
сатушылар <i>noun</i> тауарларды сататын адамдар		
саудаласуға <i>verb</i> бағаны төмендету үшін келіссөз жүргізу		
бағасы <i>noun</i> заттың ақшалай құны		



Топтық талқылау

Сұраққа жауап беріңіз:

Нұсқаулар: Оқулықты және өз біліміңіз бен тәжірибеңізді пайдалана отырып, келесі сұраққа жауап беріңіз. Мүмкіндігінше толық жауап беріңіз.

Базарға барғанда қандай қызықты оқиғаларға тап болдыңыз және бұл сіздің сауда жасау тәжірибеңізге қалай әсер етті?

Ой жүгіртіп, талқылаңыз:

Нұсқаулар: Нұсқау берілгенде, жауаптарыңызды тобыңызбен бөлісесіз. Төмендегі қораптарға олардың жауаптарын жазып алыңыз. Олардың есімдерін көрсетілген жерге жазуды ұмытпаңыз.

№1 оқушы:	№2 оқушы:
№3 оқушы:	№4 оқушы:



Мәтіннен мәтінге, мәтіннен өзіме, мәтіннен әлемге

Нұсқаулар: Оқығаннан кейін мәтін мен басқа әңгімелер, сіздің жеке тәжірибеңіз және айналаңыздағы әлем арасында байланыс орнатыңыз.

Оқу қорытындысы
Базар - бұл көп адамдар баратын, әртүрлі заттар сатылатын қызықты орын. Базарда саудаласуға, абай болуға және қазақ тілін үйренуге болады. Базардан керекті заттарды сатып алып, алған әсеріңмен бөлісуге болады.



Сөздің 8 бөлігі

1-қадам: Түсіну үшін мәтінді бір рет оқып шығыңыз (мәтін экранға шығарылады)

Сынып: _____ Күні: _____

2-қадам: Жауабыңызды қайта жазу үшін серіктесіңізден алған кері байланысты пайдаланыңыз!

5-сыныптағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша коммуникативтік деңгейге жеткізу жолдарының бірі – бағалау жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру, формативті бағалау кезінде оқу стратегиясына жеткізуді көздеу

№	Тақырыптар	Оқу мақсаттары	Сағат саны
1.	Қазақ отбасының дәстүрлері	5.1.1.1 тақырыпты тірек сөздер арқылы болжау: 5.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу.	1
2.	Атам төрде отырады	5.2.2.1 қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану.	1
3.	Атам төрде отырады	5.4.5.1 жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді	1

		орынды қолдану	
4.	Табалдырықты баспа!	5.3.1.1 мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау;	1
5.	Табалдырықты баспа!	5.3.3.1 фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау	1
6.	«Тоқта, ботам! Атаң келеді артыңда..»	5.4.5.1 жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;	1
7.	«Тоқта, ботам! Атаң келеді артыңда..»	5.4.4.1 мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау.	1
8.	Атам бата береді	5.5.1.1 мәтін құрауда жалғау түрлерін дұрыс жалғау	1
9.	Әкеліңіз, көмектесейін!	5.5.1.1 Мәтіндерден жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу, жалғау түрлерін дұрыс жалғау.	1
10.	Әкеліңіз, көмектесейін!	5.5.1.1 мәтін құрауда жалғау түрлерін дұрыс жалғау	1
	№1БЖБ	5.1.2.1 Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау 5.2.5.1 Берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу	
11.	Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	5.4.4.1 мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау	1
12.	Менің мектебім	5.1.5.1 тірек сөздер, жетекші сұрақтар арқылы негізгі тақырыпты анықтау; 5.3.5.1 Қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу.	1
13.	Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті екінші қабатта	5.3.2.1 хабарлама мазмұнын түсіну, стильдік ерекшелігін анықтау	1
14.	Сүйікті жазушы	5.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау.	1
15.	Сүйікті жазушы	5.4.1.1 ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолдана отырып, хабарлама жазу	1
16.	Қожа – әдепті бала	5.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу	1
17.	Қожа – әдепті бала	5.2.5.1 берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу	1
18.	Жанар – ақылды	5.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын	1

	кыз	түсіну және нақты ақпаратты анықтау	
19.	Қожа мектепте.	5.4.2.1 эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу	1
20.	Қожа мектепте. №2БЖБ	5.4.1.1 ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолдана отырып, хабарлама жазу 5.5.1.1 мәтіндерден жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу	1
21.	Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	5.2.5.1 берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу	1
22.	«Қызыл кітап»	5.1.4.1 фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби мәтіндердің мазмұнын түсіну; 5.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру	1
23.	Қызғалдақты сақтайық!	5.2.6.1 тірек сөздерді дұрыс қолданып иллюстрацияларды сипаттау	1
24.	Қасқыр мен тиін	5.1.4.1 фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби мәтіндердің мазмұнын түсіну	1
25.	Қасқыр мен тиін	5.4.3.1 жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазу	1
26.	«Қазақстан барысы» (мультфильм негізінде)	5.3.3.1 фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау	1
27.	«Қазақстан барысы» (мультфильм негізінде)	5.5.1.2 лексикалық мағынасы жағынан заттың түрін, түсін сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану	1
28.	Түлкі мен қырғауыл	5.2.5.1 берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу	1
29.	Тауды мекендейтін аң-құс	5.4.3.1 жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазу	1
30.	Тоқсандық жиынтық бағалау	Бөлім бойынша қарастырылған оқу мақсаттарына негізделген	1
31.	Тауды мекендейтін аң-құс	5.4.4.1 мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау	1
32.	Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	5.2.5.1 берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу	1

№1 ФБ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАСЫ

Бөлім	Мазмұны
Оқу пәні	Қазақ тілі мен әдебиеті

Сынып / тоқсан	5 сынып
Сабақ тақырыбы	Қазақ отбасының дәстүрлері
Бағалау түрі	
Оқу мақсаты (ОМ)	5.1.1.1 тақырыпты тірек сөздер арқылы болжау: 5.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу.
Құндылықтар	Қазақ халқының отбасы мәдениеті қазақтың отбасылық дәстүрлеріне негізделеді. Әрбір отбасы өз дәстүрін ұстанып, атадан балаға мұра етіп қалдырып отырады. Сабақ мақсатын түсінуі, кері байланыс, рефлексия, алған білімінің практикалық мәнін түсінуде көрініс табады.
Құзыреттіліктер/дағдылар	
Ойлау дағдыларының деңгейі /Блум бойынша/	Білім /Түсіну/Қолдану
Функционалдық / контекстік тапсырма сипаттамасы	Мәтін: Менің бала күнімде атам мен әжемнің үйінде үлкен тойлар мен отбасылық мерекелер жиі өткізіліп тұратын. Әжем мен атам өз дәстүрлерін сақтауды басты мақсат еткен адамдар болатын. Әжемнің айтатын сөздері менің есімде мәңгілікке қалып қойды. Әсіресе, қонақ күту, үлкендерге құрмет көрсету, үйдегі кішіге қамқор болу секілді қағидаларды ұстану олардың күнделікті өмірінің бөлігі еді. Мысалы, Қонақ күту — бұл біздің отбасымызда ерекше маңызға ие дәстүр болатын. Әрине, қазақтың қай отбасы болмасын қонақжайлылықты бірінші орынға қояды. Бірақ менің әжем бұл дәстүрді ерекше құрметтейтін. Әрбір қонақ келгенде әжем оның алдына арнайы дастархан жайып, барлық тамақтарын ең алдымен қонақтарға ұсынатын. Біз қонақтардың қолына су құйып, қонақтардың батасын алатынбыз. Қариялар бізге “Өркенің өссін!”, “Бақытты бол!” деп бата, тілектерін айтатын. Қонақ кетерде әжем міндетті түрде дұға айтып шығарып салатын. Әжемнің балалары мен немерелеріне берген тәрбиесі де өте ерекше болды. Ол кішкентай кезімізде бізге жиі: <i>«Үлкендерге сәлем бермесең, өзің де сәлемді іздеп таба алмайсың. Өзің кішкентай болғанда үлкендерді сыйлап, құрметтегеніңше, олар саған қолдау көрсетеді,»</i> , — деп айтып отырушы еді. Әжемнің осы сөздері менің бойыма қатты сіңіп қалған еді. Әсіресе, үлкендермен сөйлескенде, өзімді өте әдепті ұстауға тырысатынымын бұл үлкендерге

	құрметтің бойыма әбден сіңіп қалғаны ғой. Осылайша, менің отбасымда дәстүрлер тек той-томалақта ғана емес, күнделікті өмірде де орын алды. Бұл дәстүрлер бір-бірімізге деген құрметті, сүйіспеншілікті, адалдықты ұрпақтан ұрпаққа жеткізген маңызды құрал болып табылады. Қазір менің өз отбасым бар, және менің міндетім – осы ұлағатты дәстүрлерді өз балаларыма үйрету. Өйткені әрбір отбасында өз дәстүрлерін сақтау – ұлттың рухани байлығын, мәдениетін сақтау болып табылады. Тапсырмалар: 1.Мәтінді 2 рет тыңдаңыз. Ондағы салт-дәстүрлерді анықтап, тірек сызбаға жазыңыз. 2.Мәтінге ат қойыңыз. 3. қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді пайдаланып, қазақтың салт-дәстүрлері туралы ойыңызды 5-6 сөйлеммен білдіріңіз.
Бағалау критерийлері	<i>Білім алушы</i> • Тірек сөздер негізінде мәтіннің тақырыбын болжайды; • қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала біледі.
Дескрипторлар	<i>Білім алушы</i>

	- мәтіннен отбасына қатысты салт-дәстүрлерді анықтайды, тірек сызбаға жазады-2 балл - анықталған сөздер негізінде мәтіннің тақырыбын болжайды-1 балл - қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді алады-1балл -алған мәліметтерді пайдаланып, тақырып бойынша өз ойын 5-6 сөйлеммен жазады-6 балл.
--	---

№2 ФБ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАСЫ

Бөлім	Мазмұны
Оқу пәні	Қазақ тілі мен әдебиеті
Сынып / тоқсан	5 сынып
Сабақ тақырыбы	Атам төрде отырады
Бағалау түрі	
Оқу мақсаты (ОМ)	5.2.2.1 қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану.
Құндылықтар	Қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану құндылықтары Қазақ халқының амандасу мәдениеті мен ұлттық этикеті ғасырлар бойы қалыптасып, бүгінгі күнге дейін сақталып келеді. Бұл құндылықтар — тек бір-бірімен амандасу тәсілі ғана емес, ол қоғамның моральдық негіздерін, мәдениетінің тереңдігін, адамгершілік қасиеттерін көрсететін маңызды бағдарлар. Қазақтың амандасу мәнері мен ұлттық этикеті әр адамның жүрегінде құрмет пен ізеттіліктің, ұлттық болмыстың белгілерін сақтап, оларды күнделікті өмірде қолдануға негіз болады.
Құзыреттіліктер/дағдылар	
Ойлау дағдыларының деңгейі /Блум бойынша/	Қолдану
Функционалдық / контекстік тапсырма сипаттамасы	Тапсырма Мәтінді оқып, сурет бойынша ауызша мәтін құрыңыз. Мәтінде қазақша амандасу түрлері және ұсынылған сөздер мен сөз тіркестерін қажетінше пайдаланыңыз. <i>Ұсынылатын сөздер мен сөз тіркестері:</i> «Жақсыңыз қалай?» Бұл — ең жиі қолданылатын және құрмет көрсетуге арналған тіркес. Әсіресе, үлкендерге

	немесе ресми жағдайда амандасқанда сұралады. 2. «Қалайсыз?» Жалпы хал-жағдайды сұрау үшін қолданылады. Бұл өте қарапайым және сыпайы сұрақ. 3. «Аман-есен жүрсіз бе?» Бұл сұрақ адамның денсаулығын, амандығын сұраған кезде айтылады. Әсіресе, ұзақ уақыт көрмеген адамдар арасында қолданылуы мүмкін. 4. «Денсаулығыңыз қалай?» Адамның денсаулығын нақты сұрау үшін қолданылады. Бұл сұрақ адамның физикалық жағдайына қамқорлық білдіретін көрініс. 5. «Жақсы болар ма екен?» Әдетте, кейбір қиындықтарды бастан өткерген немесе науқас болған адамға қатысты айтылатын сөз. 6. «Сізде бәрі жақсы ма?» Бұл сұрақ адамның жалпы жағдайын және өмірінің тыныш екенін сұрайды. 7. «Көңіл-күйіңіз қалай?» Бұл сұрақ адамның ішкі жағдайын, эмоциясын білгісі келгенде қолданылады. 8. «Барлығы жақсы ма?» Әдетте көпшілікке немесе қонаққа қойылатын қарапайым сұрақ. 9. «Қалай жүріп жатыр?» Адамның өміріндегі жағдайды сұрау үшін жиі қолданылады, әсіресе жаңа бастамалар немесе қиын кезеңдерде. 10. «Алдын ала тілеген ойыңыз қалай?» Бұл тіркес әдетте адамның қазіргі жағдайын сұрауға арналған. Бұл өте сыпайы түрде айтылған сөз. шырағым, қарағым, көп жаса, жасың ұзақ болсын, мал-жан аман ба? т.б. Қазақ халқының амандасу мәнері мен ұлттық этикеті — үлкен мағынаға ие, рухани құндылықтарды сақтайтын маңызды факторлардың бірі. «Ассалаумағалейкүм!» — қазақтың ең кең тараған амандасу формасы. Бұл сөз арқылы адам бір-біріне амандық, тыныштық тілеп, құрмет көрсетеді. Кішілер үлкендерге «Құдай аман болсын!» деп амандасып, олардың қадірін, өмірлік тәжірибесін бағалайды. Қазақтар арасында «Қайырлы таң!» немесе «Қайырлы кеш!»
--	---

	деп амандасу да кеңінен қолданылады. Әсіресе, таңертеңгілік сәлемдесу көңілді көтеріп, жақсы бастаманы білдіреді. Қонақ келгенде, үй иесі оны «Қош келдіңіз!» деп жылы қарсы алады. Бұл қазақ халқының қонақжайлығы мен сыйластығын көрсетеді. Төрге шығару, қонаққа ерекше құрмет көрсету — ұлттық этикеттің негізгі бөлігі. Қазақша амандасу — бұл тек сөз емес, адамның әдептілігі мен тәрбиесі. <i>(Өмірмен байланысқан жағдаят сипаттамасы, PISA-бағытталған бір тапсырма (контекстке негізделген))</i>  https://yandex.kz/images/search?from=tabbar  https://yandex.kz/images/s  https://yandex.kz/images/search?from=tabb
Бағалау критерийлері	<i>Білім алушы</i> • Ауызша мәтін құрауда қазақша амандасу мәнерін, ұлттық этикет формаларын қажеттілігіне қарай орынды қолданады
Дескрипторлар	<i>Білім алушы</i> - суреттерге таңдау жасайды; - сурет бойынша ауызша сұхбат құрастырады; - сұхбатта қазақша амандасу түрлерін қолданады; - сөздер мен сөз тіркестерін суретке қатыстырып қолданады.

Қазақ тілі мен әдебиет

Бөлім	Мазмұны
Оқу пәні	Қазақ тілі мен әдебиеті
Сынып / тоқсан	5 сынып
Сабақ тақырыбы	Табалдырықты баспа!
Бағалау түрі	
Оқу мақсаты (ОМ)	5.3.1.1 мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау; 5.3.3.1 фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау.
Құндылықтар	
Құзыреттіліктер/дағдылар	
Ойлау дағдыларының деңгейі /Блум бойынша/	Түсіну\Қолдану
Функционалдық / контекстік тапсырма сипаттамасы	Мәтін: Бала кезімде үйге көрші Райхан апа келіп, табалдырықты баса тұрып анамнан жылдам ожау беруін өтінді. Анам тез арада ас бөлмеден ожауды әперіп жіберген болатын. Бір сәтте әжемнің қатқыл дауысы шықты. Құлақ түре тыңдай бастадым. Сонда әжем: – Үйге кім келсе де алдымен табалдырықты аттауын сұра. Табалдырықта тұрып жөн сұрасқан дұрыс емес. Алдымен ол өзіңе деген құрметің. Ал, сол кісіні күтіп алып, есік алдына дейін шығарып салуың, сол кісіге деген құрметің! Сенің бұл әрекетің балаларға дұрыс үлгі бола қоймас. Бұлар саған қарап бой түзеп, үлгі алады. Біздер қарапайым, ауызбіршілігі бар ауылдан шыққан жандармыз. Бүгінде қалалық болып, үйіне қонақ аттамайтын кісілер де жетіп жатыр. Міне, қарағым, осының барлығын есіңе сақта! Үйге адам келсе, табалдырықтан аттатып барып шаруасын тыңдағаның жөн, – деді. https://tolqyn.kz/zanalyk/ruhaniyt/41853-tabaldyry.html Тапсырмалар: 1. Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтаңыз. Сызба бойынша мәтіндегі аса маңызды және аса маңызды емес, бірақ есте сақтайтын негізгі ақпараттарды жазыңыз.

	 2. Мәтіннің тақырыбын анықтаңыз. 3. Мәтіннен түсінгеніңді 2-3 сөйлеммен жазыңыз.
Бағалау критерийлері	<i>Білім алушы</i> • Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтайды; • Сызба бойынша мәтіндегі аса маңызды және аса маңызды емес, бірақ есте сақтайтын негізгі ақпараттарды анықтап жазады; • Мәтіннің тақырыбын анықтайды; • Мәтіннен түсінгенін 4-5 сөйлеммен жазады.
Дескрипторлар	<i>Білім алушы</i> – Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтайды-1 балл; – Сызба бойынша мәтіндегі аса маңызды және аса маңызды емес, бірақ есте сақтайтын негізгі ақпараттарды анықтап жазады-3 балл; – Мәтіннің тақырыбын анықтайды-1 балл; – Мәтіннен түсінгенін 4-5 сөйлеммен жазады-5 балл.

Бөлім	Мазмұны
Оқу пәні	Қазақ тілі мен әдебиеті
Сынып / тоқсан	5 сынып
Сабақ тақырыбы	«Тоқта, ботам! Атаң келеді артыңда..»
Бағалау түрі	
Оқу мақсаты (ОМ)	5.4.5.1 жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану; 5.4.4.1 мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша

	постер жасау.
Құндылықтар	
Құзыреттіліктер /дағдылар	
Ойлау дағдыларының деңгейі /Блум бойынша/	Түсіну\Қолдану
Функционалдық / контекстік тапсырма сипаттамасы	1.Мәтін: Бір күні ауылдың бір баласы, Ержан, атасы мен әжесіне қонаққа барды. Үйге кірген кезде атасы мен әжесі оны жылы жүзбен қарсы алды. Ержан дереу қолын жайып, сәлем беріп, олардың қолынан сүйіп, орындықтарын ұсынып, үлкендерді құрметпен қарсы алды. Атасы Ержанға қарап: – Балам, үлкендерді сыйлау – біздің халықтың басты дәстүрі. Сенің осы кішіпейілдігің мені қуантады. Үлкендерден ақыл-кеңес алып, олардың айтқанын тыңдасаң, өмірде дұрыс жол табасың, – деді. Ержан атасының сөзін тыңдап, оны өмірлік қағида ретінде қабылдады. Сол күннен бастап ол тек үлкендерді құрметтеп қана қоймай, олардың айтқанын мұқият тыңдап, әрбір ақылына құлақ асатын болды. Ержанның осы ісі ауылдың басқа балаларына да үлгі болды. Олар да үлкендерге құрмет көрсетіп, сол арқылы білім мен тәрбиені нығайта түсті. Ұлтымыздың дәстүріне адал болу – әрбір адамның міндеті. 2.Мәтін: Абай деген бала бір ауылда тұрды. Ол үлкендерге ешқашан сәлем бермейтін, олардың айтқандарына құлақ аспайтын. Әсіресе, ауылдың қарттарын мазақтап, әзілдеп жүретін. Бір күні Абай үлкендерден бір нәрсе сұрайын деп, атасының үйіне барды. Бірақ есікті ашқан кезде, атасы оған: – Балақай, сәлемді қалай бересің? Қайырлы күн, мені құрметтейсің бе? – деп сұрады. Абай ештеңе демей, басын бұрып кетіп қалды. Атасы бұл жағдайды байқап, оған ақыл айтып, былай деді: – Балам, үлкендерге құрмет көрсетпеу – дұрыс емес. Сендер бізден көп нәрсе үйренесіңдер. Біз сендерге ақыл айтар кезде, бұл тек жақсы ниетпен жасалады. Егер үлкендерді сыйламасаң, өмірде ешқашан бақытты болмайсың. Абай атасының сөзін естіген соң ойланып қалды. Ол үлкендерді құрметтеу керек екенін түсінді. Көп ұзамай Абай

	өзінің қателігін түсініп, атасынан, әжесінен, мұғалімдерінен кешірім сұрады. Содан кейін үлкендерді сыйлап, әрқашан сыпайы болуға тырысты. Бұл оқиға Абайға үлкендерге деген құрметтің маңыздылығын түсіндірді. Ал ауылдастары оның өзгергенін көріп, қуанып, оны жақсы көре бастады. Тапсырмалар: 1. Мәтіндерге тақырып қойыңыз. 1.Мәтін:_____ _____ 2.Мәтін:_____ _____ 2. Екі мәтіннің ерекшелігін салыстырып, диалог құрыңыз. Жазба жұмысын жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазыңыз; Диалогта сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолданыңыз. _____ _____ _____ _____ _____ _____ _____ _____ _____ _____ Берілген тірек сөздерді қолдана отырып, «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» тақырыбына постер жасаңыз. 1-топ Құрметтеу, қарсы алу, төрге отырғызу, төр, амандасу, үлкендерді сыйлау. 2-топ Қарт әже, ізет көрсетпеу, орын бермеу, жолын кесу, жауапсыздық, ағаш сындыру, ақыл-кеңес.
Бағалау критерийлері	<i>Білім алушы</i> жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп,

	үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазады; - сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолданады; - Тақырыпқа қатысты мәліметтерді жинақтайды, жинақталған ақпараттар негізінде постер дайындайды.
Дескрипторлар	<i>Білім алушы</i> - Екі мәтіннің тақырыбын анықтайды-2 балл; - Диалог құрастырады-2 балл; - жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазады-1 балл; - сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолданады-1 балл; - тақырыпқа қатысты мәліметтерді жинақтайды-1 балл; - берілген тірек сөздердің көмегімен топта постер әзірлейді-1 балл; -постерге ат қояды-1 балл; - постерді сынып алдында қорғайды-1балл.

Оқу мақсаты	5.4.4.1 Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Тақырыпқа қатысты мәліметтерді жинақтайды Жинақталған ақпараттар негізінде постер дайындайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Тапсырма	Берілген тірек сөздерді қолдана отырып, мектеп тақырыбында постер жасаңыз. 1-топ Мектеп, ғимарат, қабат, дәліз, кабинет, асхана. 2-топ Кітапхана, кітап қоры, үйірме, спорттық секция, сыныптан тыс жұмыстар Дескриптор <i>Білім алушы</i> - берілген тірек сөздердің көмегімен топта постер әзірлейді; - постерге ат қояды; - постерді сынып алдында қорғайды.

Бөлім	Мазмұны
Оқу пәні	Қазақ тілі мен әдебиеті
Сынып / тоқсан	5 сынып
Сабақ тақырыбы	Атам бата береді Әкеліңіз, көмектесейін!
Бағалау түрі	
Оқу мақсаты (ОМ)	5.5.1.1 мәтін құрауда жалғау түрлерін дұрыс жалғау
Құндылықтар	
Құзыреттіліктер/дағдылар	
Ойлау дағдыларының деңгейі /Блум бойынша/	Түсіну\Қолдану\ Талдау
Функционалдық / контекстік тапсырма сипаттамасы	1.Мәтін: Бата беру – қазақтың маңызды салт-дәстүрі Бата беру – қазақ халқында ерекше мәні бар дәстүр. Бата — үлкендердің жастарға, яки бір іс бастар алдында беретін игі тілегі мен ақылы. Бұл дәстүр ғасырлар бойы сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілген. Әсіресе, жастар үйленгенде, жаңа кәсіп бастағанда немесе сапарға шыққанда, үлкендер бата беріп, жолы ашық болуын тілейді. Бата беруші адам көбінесе жасы үлкен, ақылды, ауылға сыйлы тұлға болады. Батада жақсы сөздер, тілек пен дұға араласады. Ол адамды жан дүниесіне тыныштық, бейбітшілік пен ырыс әкелетін сөздермен қуантады. Мысалы, жастарға бата бергенде: • «Алла жарылқасын, жолың ашық болсын!» • «Жақсы тілек, береке-бірлік болсын!» • «Артыңнан ерген ұрпақтарың да баталы болсын!», – деп тілейді. Бата беру – бір жағынан адамға күш пен рухани қолдау беретін қуатты сөздер. Үлкендерден бата алу – адамның өміріндегі маңызды, қасиетті сәттердің бірі болып саналады. Тапсырмалар: 1. Бата қандай дәстүр?_____ Батаны _____ кімдер береді?_____ Батаны _____ қандай дәстүрге байланысты беріледі?_____

	2. «Бата беру – қазақтың маңызды салт-дәстүрі» тақырыбына талдау жасап, өз ойыңызды шағын мәтін арқылы білдіріңіз. 3. Мәтін құрауда жалғау түрлерін дұрыс жалғаңыз.
Бағалау критерийлері	<i>Білім алушы</i> - Мәтінді оқып, талдау жасайды, өз ойын шағын мәтін арқылы білдіреді; - Мәтін құрауда жалғау түрлерін дұрыс жалғайды.
Дескрипторлар	<i>Білім алушы</i> – мәтінді оқып, талдау жасайды-2 балл; – мәтін бойынша өз ойын шағын мәтін арқылы білдіреді-3 балл; – мәтін құрауда жалғау түрлерін дұрыс жалғайды-2-балл. – Мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді-3 балл.

Оқу мақсаты

5.5.1.1 Мәтіндерден жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу, жалғау түрлерін дұрыс жалғау

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Сөздерге жалғауларды дұрыс жалғайды
- Жалқы және жалпы есімдерді ажыратады

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Тапсырма

Мәтінді оқып, көп нүктенің орнына қажетті септік жалғауларын жалғаңыз. Мәтіннен жалқы және жалпы есімдерді ажыратыңыз. Төменде берілген кестеге жазыңыз.

Балаға ат қою

Қазақта бала туғаннан кейін ел ішіндегі аса құрметті қария..... немесе бала..... атасына, әжесі.... немересінің атын қойғызады. Ат қоюдың өзінен бүкіл бір халықтың ұлттық ерекшелігі, ой-арманы, түсінігі ап-айқын көрініп тұрады. Мысалы, ерте заман... балаларға көз тию... немесе жын-шайтан... сақтасын деген оймен Итбай, Күшікбай, Жаманбай деген оғаш есім қоятын болған.

Адамға ат қоюдың себептері алуан түрлі тілек-мақсаттар...байланысты да болып келеді. Бала бай, дәулетті болсын деген мақсатпен Байбол, Дәулет, Алтынбек, Алтынбай; күшті де батыл болсын деп Арыстан, Батырбек, Қаһарман, Ербатыр; сұлу да көрікті болсын деп Айсұлу, Әсем, Ботагөз, Ажар; ақылды да тапқыр болсын деп Ақылбек, Ақылбай, Есбол сияқты есімдер... таңдап қойған.

Көптеген есімдер халық.... әдет-ғұрпына, күн, жыл аттарына да байланысты болып келген. Мысалы, Наурызбай, Жұмабай, Бейсенбай; балалары қайтыс бола берген отбасылар жаңа туған сәби... Тоқтар, Тұрсын, Тоқтасын деген есімдер қойған.

Жалқы есім	Жалпы есім
1.	1.
2.	2.
3.	3.
4.	4.
5.	5.

Дескриптор

Білім алушы

- көп нүктелердің орнына септік жалғауларын жалғайды;
- мәтіннен 5 жалқы есім, 5 жалпы есімді анықтап, кестеге орналастырады.

Бөлім	Мазмұны
Оқу пәні	Қазақ тілі мен әдебиеті
Сынып / тоқсан	5 сынып
Сабак тақырыбы	Әкеліңіз, көмектесейін!
Бағалау түрі	
Оқу мақсаты (ОМ)	5.5.1.1 Мәтіндерден жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу, жалғау түрлерін дұрыс жалғау.
Құндылықтар	
Құзыреттіліктер/да	

Ғдылар	
Ойлау дағдыларының деңгейі /Блум бойынша/	Қолдану\ Талдау\Жинақтау
